Крупные базы данных, такие как BEI, AEI и ERIC, предлагают различные варианты сохранения и передачи результатов поиска в эти коммерческие программы, что может быть весьма полезным. Убедитесь, что можете отслеживать результаты поиска и вести собственный учет выполненных поисков и найденной литературы. Критерии поиска и комбинации терминов, использованные для каждой отдельной базы данных, необходимо документировать, поскольку впоследствии они могут понадобиться. Кроме того, это также будет полезным, если вы пожелаете повторить поиск, выполненный в одной базе данных, в другой базе. Соответственно, при составлении своих результатов вы сможете продемонстрировать систематичность и тщательность своего поиска.

Также храните и подшивайте копии соответствующих книг и, прежде всего, выясните рекомендованный стиль оформления ссылок и используйте его с самого начала.

Хранение поверх чтения

Вы, вероятно, найдете множество источников, что будет немаловажно, и возникнет желание отложить их в сторону, чтобы прочесть позднее. Однако чтение всего найденного материала может оказаться трудной и непосильной задачей, поэтому я рекомендовала бы вам сортировать все ссылки по мере их нахождения.

Постарайтесь выработать эффективные методы чтения – под этим я подразумеваю эффективное использование своего ценного времени, не тратя его на чтение не относящихся к делу статей. Кроме того, постарайтесь разработать эффективные методы чтения, то есть когда вы впоследствии выделите время на чтение выбранных статей, вы сможете понять, что вы читаете.

Эффективное чтение

Чтение реферата

Прежде всего, необходимо внимательно прочесть реферат. Если реферат составлен правильно, то это позволит вам понять, стоит ли прочесть всю статью. Чтение рефератов и отсортировка ненужных работ сократит число статей из того объема материала, который необходимо прочесть или сохранить в своей библиографической базе данных.

Однако иногда реферат не слишком информативен, так что в этом случае попробуйте вместо этого прочесть введение, основные выводы или заключение. Эти разделы предоставят вам достаточно информации, чтобы решить, стоит ли читать всю статью. Бокс 2.2 содержит упрощенное описание основной структуры большинства статей о практических исследованиях.

Бокс 2.2 Структура статьи в научном журнале

Хотя точная структура рецензируемых статей в научных журналах определяется автором и конкретным журналом, большинство статей, сообщающих практические результаты, придерживаются следующей структуры:

Введение/исходная информация: описание контекста исследования, обзор соответствующей литературы и других исследований в данной области, и обозначение некоторой не изученной ранее области.
Цель: основные цели/задачи исследования, рассматриваемые в статье, описание того, что было исследовано. Это может быть сделано в форме постановки задачи с некоторым заявлением, но это не всегда так.
Описание программы: краткое описание программы или проводимого эксперимента (если применимо).
Выборка: описание выборки, включая количество участников, географическое расположение/ тип обстановки, возраст и уровень образования и другую демографическую информацию по исследованию (напр., пол, способности/ достижения, этническая принадлежность, конкретные образовательные потребности).
Проект и методы: проект и методы исследования, включая даты сбора

данных, метод выборки, методы сбора и анализа данных.
Результаты: основные результаты относительно целей и задач исследования.
Анализ: толкование и оценка ваших результатов, проблем, возникших в ходе проведения исследования, значение полученных результатов.
Заключение: основные выводы из исследования, возможное применение и необходимость дальнейшего исследования.

Выбор статей для тщательного исследования

Не пытайтесь читать статью в академическом научном журнале так, как вы бы читали газету или роман. Если просто начать сначала и читать до конца, то это будет бесполезно и может даже создать у вас неверное представление о том, что эти идеи слишком сложны для вас. Большинство академических статей невозможно охватить за одно прочтение, и может потребоваться поработать с ними несколько раз, но по-разному.

Чтобы быстро получить представление, ознакомьтесь с главой или статьей, чтобы понять структуру для дальнейшего конспектирования реферата, заголовков, подзаголовков, таблиц, схем и иллюстраций. Затем прочтите первые предложения параграфов, чтобы понять, о чем в них идет речь, и определить, является ли материал полезным или интересным, чтобы можно было решить, относятся ли к делу лишь несколько разделов, или нужно прочесть статью полностью.

Эффективное чтение

Быстрое чтение хорошо для просмотра и ознакомительного чтения, но вряд ли подойдет для вдумчивого и аналитического чтения. Чем больше вы читаете, тем быстрее это будет получаться по мере ознакомления с лексикой автора, академическим языком и чтения о теориях и идеях.

Тем не менее, даже если вы последовали совету, данному в предыдущем разделе, скорее всего, вам по-прежнему предстоит прочесть множество статей, поэтому рекомендуется разработать систематическую стратегию их чтения.

1. Сортировка статей по категориям – отсортируйте статьи в стопки по каждому направлению вашего исследования или подвопросу. Или же можно ранжировать их по степени важности, или даже ранжировать каждую стопку.
2. Конспектирование – составьте таблицу, прежде чем начинать читать статьи, чтобы делать конспект по ходу чтения. На рисунке 2.3 показан пример такого шаблона, который был использован Аткинсоном в литературном обзоре, указанном ранее в данной главе. Стоит потратить время до начала создания таблицы для использования по ходу чтения, чтобы можно было затем вернуться назад в записях. Фиксируйте необходимые цитаты или выдержки по ходу чтения, если вы хотите использовать их позднее. Ваш литературный обзор должен быть выражением ваших собственных мыслей, а не сборником заимствованных идей. Поэтому рекомендуется заранее выделить время для усвоения своих источников и их интеграции в ваше собственное представление.

Ваши конспекты или карточки будут содержать лишь идеи, относящиеся к вашей теме, и в большей степени подытоживать, а не цитировать автора. Найдите собственные слова для примечаний на клейких листках для заметок. Никогда не пишите в самой книге.

Заголовок:
Дата: Автор(ы):

ОБЗОР ИСТОЧНИКА
Цели/задачи литературы
Тип сотрудничества, напр., число школ и пр.
Описание сотрудничества и его хода/процессов
Цели/задачи/предполагаемые результаты (причина сотрудничества)
Условия/факторы, способствующие сотрудничеству
Условия/факторы, облегчающие сотрудничество (в процессе)
Рекомендации/ основные факторы для наилучшей практики
Условия/ факторы, препятствующие сотрудничеству
Трудности/ опасения
Роль LA/правительства/другой организации, содействующей сотрудничеству
Свидетельства выгоды от сотрудничества

ОПИСАНИЕ ИСТОЧНИКА
Сектор
Страна/область
Участники
Метод(ы)
Время и продолжительность сбора данных
Тип источника/ документа
Ключевые ссылки

КОММЕНТАРИИ ОБОЗРЕВАТЕЛЯ
Является ли приведенный анализ оптимальным и верным?
Подтверждены ли выводы автора доказательствами?
Затронуты ли какие-либо оговорки/тенденции, о которых необходимо знать?
Осуществлено ли подтверждение или триангуляция источников?
Релевантность обзора (высокая, средняя или низкая)
Дата обзора

Рисунок 2.3 Шаблон литературного обзора

Источник: Atkinson, M., Springate, I., Johnson, F. and Halsey, K. (2007) Inter-school Collaboration: A Literature Review. Slough: NFER.

Аналитическое чтение

Во время чтения статей и книг используйте методы активного чтения. Воспользуйтесь рекомендациями по конспектированию, приведенными в таблице 2.3, и добавьте свои ссылки в вашу программу Zotero. Это окажется весьма полезным, когда вы приступите к написанию своей работы, или если вам придется вернуться к литературе после перерыва в работе над проектом. В процессе чтения каждой статьи задавайте следующие вопросы.

Таблица 2.3 Организация конспектов

Цитата	RQ	Основные результаты	Проект и методы	Выборка	Выдержки или цитаты	Комментарии	Оценка 1–5
Напр., автор, дата, заголовок, журнал, том, выпуск, страницы	Относительно предмета вашего исследования	Относительно предмета вашего исследования	Какой тип исследования? Как оно было проведено?	Кто участвовал? В каком количестве?	Номера страниц	Любые примечания	1 = очень важно 5 = интересно, но не важно

Цель работы

Зачем автор написал статью?
Соотносится ли это с ваше областью интереса? Если нет, не включайте ее в свой обзор.
Какова проблема или вопрос, как четко он определен?
Четко ли обозначена важность работы?
Можно ли было применить более эффективный подход к проблеме с другой точки зрения?

Структура работы

Исследуйте структуру работы. Как автор структурировал доводы?

- Обозначить основные заявления, сделанные автором при выдвижении своих доводов.
- Разобрать ход рассуждения, чтобы просмотреть его логическую структуру; см.

Бокс 2.3, где использован анализ рассуждения Фишером.

Бокс 2.3

Извлечения из раздела «Анализ» в работе: Pedder, D. (2006) 'Are small classes better? Understanding relationships between class size, classroom processes and pupils' learning', Oxford Review of Education, 32 (2): 213–234.

Текст аннотирован – выводы подчеркнуты, (причины заключены в скобки), а индикаторы следствия выделены курсивом.

Исследование, проведенное в средней школе (Pedder, 2001), не выявило никаких доказательств, простых односторонних взаимосвязей между размером класса и оптимальными условиями для всех видов преподавания и учебы. Это основной вывод. (Разные учителя сообщили об увеличении возможностей для стимулирования учебы и в больших, и в малых классах; они также выявили ограничения как в малых, так и в больших классах). Таким образом, политикам следует учитывать возможность того, что преимущества для обучения учеников возникают как в больших, так и в малых классах, и потому необходимо разработать рамки, в которых школы смогут использовать более гибкие подходы, размещая учеников в учебные группы разного размера для разных целей преподавания и обучения.

Оспаривание сделанных автором заявлений

Займите скептическую позицию относительно заявлений авторов, проверив, убедительно ли доказательство их утверждений.

- Достаточно ли у автора оснований для обобщений, сделанных в исследовании?
- Насколько разумны основные компоненты проекта исследования (напр., размер выборки, эксперимент и результат)?
- Насколько точны и достоверны измерения?
- Является ли анализ данных точным и относится ли к предмету исследования?
- Основаны ли выводы на данных и их анализе?

Проверка на предвзятость

Поразмышляйте, в какой степени и каким образом любые ценности, определяющие работу авторов, могут повлиять на их утверждения. Проводите различие между своим уважением к авторам как к людям и скептическим отношением к их работе. Оставайтесь непредвзятыми, сохраняя условную готовность быть убежденными.

- Оценил ли автор литературу относительно проблемы или вопроса?
- Включил ли автор литературу, с позицией которой он или она не согласен?

Проверка на релевантность

Убедитесь, что всё написанное авторами относится к предмету их работы и приведенным ими доводам.

- В материале, предназначенном для широкого круга читателей, апеллирует ли автор к эмоциям, односторонним примерам или прибегает ли к насыщенным риторикам, формулировкам и тону?
- Есть ли объективное основание для подобных выводов, или автор лишь «доказывает» то, в чем он или она уже убежден?

Написание литературного обзора

После окончания поиска и синтеза идей окончательный результат процесса примет форму письменного обзора литературы. Цель обзора – информировать ваших читателей о ситуации в конкретной области. Это также покажет вас как заслуживающего доверия, хорошо информированного и способного исследователя. Кроме того, правильно составленный обзор также поможет создать контекст для вашего собственного подхода, доказательства релевантности и значимости вашего предмета исследования и обоснования целесообразности вашего подхода.

Хороший обзор литературы – это не просто краткое изложение всего, что вы прочли, но хорошо обоснованный и целенаправленный аргумент в поддержку вашей темы исследования. Поэтому вам необходимо аналитически подойти к основным идеям, а затем синтезировать их в виде связного раздела вашего эссе

или диссертации. Другими словами, вам нужно не только знать, какие исследования проводились в этой области, но и продемонстрировать, что вы понимаете связь между всеми идеями. Например: политические журналисты не просто записывают все, что говорится в парламенте, но анализируют, как одно утверждение связано с другим; они помнят, что было сказано в прошлом месяце, и отмечают, согласуется ли это с ним; они ищут личную заинтересованность у тех, кто выносит суждения.

Когда вы синтезируете идеи, вы сводите их вместе, связывая друг с другом для получения чего-то нового. Так что для составления хорошего обзора необходимо, чтобы вы:

- прочли несколько хороших обзоров
- написали критические аннотации
- разработали структуру
- писали целенаправленно
- использовали литературу для подкрепления своих доводов
- анализировали и писали в процессе исследования
- получали отзывы
- были готовы переписать обзор.

Данкин (1996) выявил девять ошибок, допускаемых во время синтеза идей в литературном обзоре, которых следует избегать.

Первые две – это то, что Данкин описывает как первичные ошибки поиска и использования самой литературы. Во-первых, не включение всей важной работы в конкретную область исследования сделает его менее значимым. Это объясняется тем, что вы недостаточно изучили материал или, возможно, задали неверные параметры поиска. Вторая ошибка происходит, если вы считаете, что все источники обладают одинаковым уровнем качества или степенью важности. Например, это может произойти, если вы попытаетесь использовать ссылку из неофициального отчета, чтобы делать утверждение, оспаривающее экспериментальные свидетельства, представленные в международной рецензированной статье.

Данкин классифицирует ошибки с третьей по седьмую как следствие неаналитического использования литературы. Ошибка три возникает, если вы представляете недостоверную информацию о выборке, методах, процедурах расчета и контекстах исследования, описанных в используемых вами источниках. Четвертая ошибка возникает вследствие двойного подсчета работ изначального автора; например, если вы приводите разные отчеты из одного проекта в качестве дополнительного подтверждения одного вывода. Пятая ошибка возникает, если автор исходного отчета не полностью представил свои выводы в заключении. Смешанная ошибка возникает, когда вы принимаете эти заявления без критики и продолжаете неверное представление данных, начатое изначальным автором. Шестая ошибка заключается в утверждении, что исследования дали определенные результаты или привели к заключению, хотя на самом деле это не так. Ошибка семь – это вопрос этики, связанный с подавлением противоположных выводов. Изначальные отчеты иногда содержат результаты, противоречащие обобщениям, которые вы поддерживаете.

Последние две ошибки возникают при включении первичных и вторичных ошибок в сделанные вами обобщения. Это ошибка восемь – логически вытекающие ошибки, когда обобщения делаются на основе ложных утверждений, сделанных ранее в обзоре, и, наконец, девятая ошибка – когда вы не приводите все доказательства, относящиеся к обобщению. Эти последние ошибки возникают в процессе формулирования окончательного заключения и являются результатом отсутствия аналитического подхода на предыдущих этапах процесса. Поэтому важно очень внимательно читать источники и активно работать со своим руководителем с начального этапа исследовательского проекта.

Таблица 2.4 Распространенные ошибки при составлении литературного обзора

Первичные ошибки
Это ошибки, сделанные автором при написании обзора
1 Не включение основополагающей работы или неправильное определение масштаба обзора
2 Отсутствие дифференциации; не все процитированные исследования имеют одинаковое качество или достоверность
Вторичные ошибки
Это ошибки, допускаемые автором при отсутствии аналитического подхода к литературе
3 Представление недостоверной информации о выборке, методах, процедурах расчета и контекстах исследования
4 Двойной подсчет работ изначального автора
5 Не распознаны ложные выводы изначального автора
6 Безосновательные объяснения, изначальный автор делает заявления, не подкрепленные данными
7 Подавление противоречащих выводов
Третичные ошибки
Эти ошибки возникают, когда первичные и вторичные ошибки включаются в обобщения, сделанные в заключительном обзоре автора
8 Логически связанные ошибки. Ложные обобщения вследствие недостаточной критичности на ранних этапах
9 Приведены не все доказательства, относящиеся к обобщению

Таким образом, цель обзора – критически проанализировать сегмент опубликованного массива знаний посредством сжатого изложения, классификации и сравнения прежних исследований, обзоров литературы и теоретических статей.

Основные идеи

Проведение собственного исследования в контексте другой литературы по тому же или схожему предмету делает вашу работу более достоверной. Это расширяет ваше знание о других исследованиях в данной области и дает исходную информацию и данные, подтверждающие результаты ваших поисков. Это также позволяет убедиться, что вы не дублируете исследования, которые были проведены кем-то еще. Поиск литературы также может оспорить ваши утверждения – вы можете обнаружить, что литература противоречит общепринятым точкам зрения или утверждает противоположное тому, что вы надеетесь найти. Иногда исследователи принимают решение пересмотреть свой изначальный метод исследования, чтобы принять во внимание новую информацию, найденную в процессе поиска литературы.

Вопросы для рефлексии

1 Выдает ли ваш поиск литературы одни те же имена, и находите ли вы одни и те же источники в нескольких базах данных? Это означает, что вы достаточно изучили материал или использовали слишком узкие критерии поиска? Спросите совета у своего руководителя.
2 Принимаете ли вы такой же критический подход при чтении статей, что и Джереми Паксман?
3 Соблюдали ли вы систематический порядок при сохранении ссылок в системе организации литературы?
4 Избежали ли вы ошибок, обозначенных Данкином, при составлении своего обзора?

Дополнительная литература

Harlen, W. and Schlapp, U. (1998) Literature reviews, Scottish Council for Research in Education. dspace.gla.ac.uk/bitstream/1905/214/1/107.pdf (retrieved January 2012).
Hart, C. (1998) Doing a Literature Review. London: Sage.
Jesson, J., Matheson, L. and Lacey, F. (2012) Doing your Literature Review: Traditional and Systematic Techniques. London: Sage.
Ridley, D. (2012) The Literature. Review. A Step-by-Step Guide for Students (2nd edn) London: Sage.

ТАРАУ 2

ӘДЕБИЕТКЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ МЕН ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУДЫ ЖАЗУ

Элейн Уилсон

Тарауға шолу

Әдебиеттерге шолу үш критерийге сәйкес келуі тиіс: біріншіден, ұқсас зерттеулердің нәтижелерін ұсынуы; екіншіден, өз зерттеуіңізді әдебиеттегі негізгі диалогпен байланыстыру; және, үшіншіден, басқа зерттеулер мен зерттеу нәтижелерін салыстыру үшін талаптарды белгілеу. Ол үшін мыналар қажет: сәйкес келетін іздеу критерийлерін анықтау; тиісті әдебиетті табу; әдебиетті оқып, тиістісін тексеру; сіз таңдаған әдебиетті құру; және, ең соңында, әдебиеттік шолу жасау. Мен әдебиеттерді талдау мақсаты мен әдебиеттік шолуды жазудан бастаймын.

Әдебиеттерге шолу жасаудың мақсаты қандай?

Әдебиеттермен жұмыс жасау зерттеу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бүкіл зерттеу үдерісі барысында әдебиеттер түрлі себептер бойынша пайдаланылады, атап айтқанда:

- қызығушылық саласын тарылту
- міндеттерді анықтау
- негіздеме келтіру
- сіздің зерттеуіңізге арналған теориялық ақпарат
- тиісті жобаны түзу немесе әдебиеттердің ресми шолуын түзу


Зерттеу үдерісінің әрбір кезеңінде жарияланған зерттеулерге сыни көзбен қарау маңызды. Егер мұны мұқият жүргізетін болсаңыз, онда бұл үдеріс жаңа ойларды түзіп, сіздің ғылыми жұмысыңызды жоспарлаудың ажырамас бөлігі болып қала беретін зерттеу нысанын бағыттауға көмек береді. Басқаша айтқанда, шолуды түзудің нақты үдерісі жақсы зерттеу жүргізу үшін маңызды бастапқы кезең болып табылады және осы үдерістің түзілген әдебиеттік шолу түріндегі үлгісі зерттеу саласы бойынша сіздің мұқият таңдағаныңызды көрсетеді.

Сондықтан әдебиеттерге шолуды үш себеп бойынша жүргізу қажет. Біріншіден, бұл үдеріс сіз зерттеу жүргізіп отырған салада осы уақытқа дейін қандай жайттың белгілі болғандығын білуге, осы саланың негізгі ойлары мен осы саладағы негізгі зерттеушілерді анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл пәндік саладағы негізгі ойшылдармен тынысып қана қоймастан, олардың жұмыстарының маңыздылығын түсінуді білдіреді. Кімнің нені жасап жатқанын және оны қайда жасап жатқанын біле отырып, іздеу барысында табылған әдебиеттің тиістілігін бағалай аласыз. Белгілі бір білім мен терминмен танысу ретіне қарай ойлардың қайдан шығып, олардың қалай өрбігені анық болады.

Екіншіден, қолдағы бар әдебиетті іздеу барысында сіз сонымен бірге қарастырылып отырған сала мен басқа да пәндік салалар арасындағы өзара байланысты түсінесіз. Белгілі бір тақырып бойынша көбірек біле отырып, сіз зерттеу үшін басқа да жаңа салаларды белгілей аласыз, бұл өз кезегінде осы тақырып бойынша сіздің біліміңізді арттырады.

Үшіншіден, жұмыспен танысу және дәл сол саладағы зерттеушілердің әдістерімен танысу ретіне қарай сіз сонымен бірге әрбір зерттеушінің қалайша өз тақырыбын зерттегенін түсінуді бастайсыз. Сәйкесінше, басқалардың ойлары мен жұмысы да өз жұмысыңыздың ара жігін анықтауға сізге көмек береді, оның ішінде мүмкін әдістемелер, ақпарат жинау әдістері, негізгі концепциялар мен академиялық диссертация түріндегі зерттеу жұмысын құрылымдауды қоса алғанда.

Пән бойынша әдебиеттерге талдау жасау сізге жаңа академиялық тәжірибе алуға мүмкіндік береді, алайда егер барлығы дұрыс жасалған болса ғана бұл жүзеге асады.



2.1 сурет. Әдебиетті талдау мақсаттары

Әдебиетке шолу кезеңдері

Әдебиеттерді талдау үдерісін төрт кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – мұқият іздеу мен таңдай отырып қамту арқылы негізгі дереккөздерді іздеу.

Екіншіден, барлық табылған дереккөздерді сақтау мен каталогтау үшін басқару жүйесін енгізу бағаланбайтын мәнге ие болады, сондықтан сізде көп мөлшердегі материал жинақталады, сонымен бірге бұл сізге соңғы эссе немесе диссертацияңыз үшін әдебиеттер тізімін түзуге көмек береді.

Үшіншіден, көптеген табылған дереккөздердің қайсысының сіздің зерттеуіңізбен тікелей байланысты екенін шешіп алып, оларды тиімді түрде оқып шығып, қандай жұмыстарды пайдаланатыныңызды және неліктен пайдаланатыңызды шешіп алу талап етіледі.

Ең соңында, жеткілікті әдебиетті оқи келе, өз зерттеу бағытыңызды таңдайсыз, зерттеу мәнін құрылымдап, өз негіздемеңізді келтіріп, өз әдісіңізді жасайсыз.

Әдебиетті табу

Бұл тарау идеялар дереккөздерін іздеуге және пайдалы болып қалуы мүмкін әдебиеттер түрін сипаттауға арналған, сонымен бірге бұл тарау электронды мәліметтер базасынан ақпаратты қалай іздеуді де көрсетеді.

Әдебиеттерді іздеу

Әлеуметті пайдалы әдебиетті іздеудің бірнеше тәсілдері бар, мәселен қолмен іздеу немесе курстық оқулықтармен ұсынылған немесе сіздің зерттеу салаңыздағы жеке кәсіби байланыстарыңыздың барысында ұсынылған дереккөздерді пайдалану арқылы іздеуге болады. Егер сіз жоғарырақ дәреже алу үшін оқып жүрген болсаңыз, онда сіздің жетекшіңіз, жұмысты бастау үшін сіздің салаңыз бойынша «классикалық» материалға жөн сілтейтін болады. Өзіңіздің әріптестеріңіз немесе басқа да жақын байланыстарыңыз туралы ұмытпаңыз. Сіз таңдап алған саладағы мамандармен байланыс материалды іздеудің тағы да бір ұсынылған әдісі болып табылады, өйткені олар жарияланымға дайындалып жатқан жұмысты табуға көмек береді. Бұл жеке бетпе-бет кездесу барысында, сонымен қатар электронды пошта бойынша да жасауға болады. Дәл сол салада жұмыс істейтін басқа адамдармен байланыстар сіздің басқа тәсілдермен іздемеген әдебиетіңізді табуға көмек беруі мүмкін. Осылайша, ақпарат 2.1. кестеде келтірілген түрлі дереккөздерден шығуы мүмкін.

2.1 кесте. Ақпарат дереккөздері

Өзара байланыс топтары	Жарияланымдар	БАҚ	Адамдар
Чаттар	Кітаптар	ТД	Әріптестер
Блогтар мен викилер	Мақалалар	Радио	Кітапханашылар
Электронды пошта тізімдері	Журналдар	Бейне	Мамандар/ тәлімгерлер
	Ғылыми журналдар	DVD	Достар
	Есептер	Подкасттар	
	Бейнелер		

Онлайн кітапханаларды пайдалану

Педагогика бойынша ең маңызды мәліметтер базасы 2.2. кестеде келтірілген.

2.2 кесте. Электронды дереккөздердің мәліметтер базасы

Мәліметтер базасы	Ақпарат
British Education Index Education-line	The British Education Index – бұл Ұлыбританияда жарияланған білім беру саласындағы журналдар бойынша мамандандырылған мәліметтер базасы Education-line – бұл толық мәтінді журналдағы мақалаларды, конференция баяндамаларын, жұмыс баяндамалары мен педагогикалық зерттеулерді нығайтатын электронды әдебиет, саясат пен тәжірибе туралы ақпараттарды қамтитын мәліметтер базасы.
Scopus	Scopus – бұл сарапшылардың бағамы бар 16500 журналдардың индекстерін қамтитын халықаралық мәліметтер базасы, оған қоса кітаптар сериясы мен ғылым, техника, медицина, әлеуметтану, өнер мен гуманитарлық ғылымдар саласындағы конференциялардың баяндамаларын қамтитын халықаралық мәліметтер базасы.
Web of Knowledge	WOK – өнер, гуманитарлық ғылымдар мен әлеуметтануға арналған 1130 әлемдік журналдарға сілтемелер мен заманауи және ретроспективті библиографиялық ақпаратқа рұқсат береді.
PsycINFO	PsycINFO – бұл 1800 жылдардан бастап қазіргі кезге дейінгі психология бойынша әдебиеттерден үзінділердің мәліметтер базасы.
ERIC	Education Resources Information Center (ERIC) – бұл білім беруге арналған американдық ағылшын тіліндегі мәліметтер базасы. ERIC 650-ден астам журналдарды, кітаптарды, ғылыми талдау, конференция баяндамаларын, техникалық есептер мен бағдарламалық құжаттарды индекстейді.

Сонымен қатар толық мәтінді мәліметтер базасын, онлайн жарияланымдарды және кіру үшін ешқандай пароль немесе төлем жасаудың қажеті жоқ педагогикалық журналдарды қамти алғанда, еркін кіруге болатын ресурстар бар.

- Education-line
- Directory of Open Access Journals (DOAJ)
- TLRP (Teaching and Learning Research Programme)
- EEP (Educational Evidence Portal)
- Intute
- Screenonline
- Ontheweb
- CEE: Centre for the Economics of Education
- Digital Education Resource Archive (DERA)

Әдебиет түрлері

Диссертация немесе дипломдық жұмысты жазу үшін әдебиеттерге шолу жасау көбіне академиялық әдебиетке негізделген болуы тиіс. Бұл үкіметтік құжаттар, жұмыс есептері, конференция баяндамалары мен аз тираждағы жарияланымдар сияқты дереккөздердің пайдасыз екендігін білдірмейді. Оларды жиі сұр әдебиет деп атап жатады. Алайда өз ойларыңыз бен жазбаша шолу жасау кезінде академиялық емес дереккөздердің рөлі туралы нақты пікір болуы тиіс. Мәселен, газет мақаласы немесе мақалалар сериясы нақты әрі аса қажетті ақпаратты қамтиды ма немесе қоғамның пікірін хабарлайды ма? Олар бірдей дереккөздердегі типке сәйкес келетіндей етіп, академиялық журналдардағы мақалаларды және әдебиеттер сериясын пайдалануға болмайды. «Академиялық» бұл жағдайда ғылыми журналда жарияланған сарапшылармен бағаланған жұмысты білдіреді. Одан бөлек, өз тақырыбыңыз бойынша әдебиеттерді жүйелі түрде іздеу барысында дәлелдемелер санының мейлінше көп мөлшерін тапқаныңызға сенімді болу қажет. Сіздің іздеуіңіз зерттеу үшін ашық болуы тиіс, сондықтан ол көшіріліп, жаңартылып отырады.

Онлайн мәліметтер базасынан ақпаратты қалай іздеуге болады?

Әдетте British Education Index-ті қолданған кезде сізге ақпарат іздеу соншалықты қиын емес болады, өйткені BEI – бұл педагогика бойынша мамандандырылған мәліметтер базасы болып табылады. Пәнаралық мәліметтер базасын пайдаланған кезде, атап айтқанда, International Bibliography of the Social Sciences іздеу стратегиясына назар аудару қажеттілігі үшін аса мұқияттылық қажет.

British Education Index мәліметтер базасы кемінде 100 0000 позицияға ие, ал ERIC – шамамен 800 000, өйткені егер сіз BEI-ден мәліметтер іздейтін болсаңыз, сіз тым көп нәтижені алу қаупінсіз мейлінше жігерлі бола аласыз.

Одан бөлек, егер Dialog DataStar арқылы British Education Index кіретін болсаңыз, онда сіз тезаурусты қарай аласыз, дегенмен бұл сіздің ақпарат іздеу барысыңызда барлық терминдерді таңдау бойынша біршама қиын әдісті білдіретін болғанымен, ал Cambridge Scientific Abstracts, ERIC мәліметтер базасының интерфейсі, Sociological Abstracts, Linguistics and Language Behaviour Abstracts, және т.б. тезаурусты

мейлінше нақты ұсынады және осылайша, өз іздеуіне қамту үшін барлық қажетті терминдерді оңай таңдауға мүмкіндік береді.


Әдеттегідей, мәліметтер базасы қаншалықты көп болса, онда ол соншалықты көп публикацияларды қамтиды және егер сізде болса тезаурус немесе пәндік көрсеткіштер жинағын пайдалану маңызды.

Мәліметтер базасында іздеу

Электронды мәліметтер базасында тиімді іздеу үшін жүйелердің қалай жұмыс істейтінін түсіну қажет және барлық артықшылықтарды пайдалану үшін іздеуді жоспарлаған дұрыс. British Education Index (BEI) базасы екі негізгі логикалық операторды пайдаланатын логикаға негізделген. Мәселен, 2.2 суретте Atkinson et al. тобы өзінің жариялаған әдебиеттік шолуында жүргізген алдын-ала іздеу кезеңдері келтірілген.

Atkinson, M., Springate, I., Johnson, F. and Halsey, K. (2007) Inter-school Collaboration: A Literature Review. Slough: NFER.

Есептің 6 қосымшасында авторлар келесі дереккөздерден ақпаратты іздегенін хабарлайды:
• NFER Library библиографиялық мәліметтер базасы
• Ұлыбританияның мәліметтер базасындағы ағымдағы педагогикалық зерттеулер (CERUK)
• AEI (Australian Education Index)
• BEI (British Education Index)
• CBCA Fulltext Education (Canadian Business and Current Affairs)
• ERIC (Education Resources Information Center).



2.2 сурет. Логика мен іздеу тарихы

Олар BEI-ден ақпаратты іздеген кезде олар бірқатар терминдерді пайдаланған болатын, 3.2 суретте НЕМЕСЕ/ЖӘНЕ операторларының арасындағы айырмашылықты көрсету үшін іздеудің ең алғашқы кезеңдері көрсетілген. Іздеу барысында «білім беру саласындағы ықпалдастық» жазуы бар шеңбер осы сөздерді қамтитын барлық жазбаларды білдіреді. Бұл іздеудің нәтижесінде аталған сөздер 1351 рет қайталанып отыр. Басқа «бірлестік бағдарламалары» және «мектеп» сөздері бар шеңберлер «бірлестік бағдарламалар» мен «мектеп» сөздерін қамтитын барлық жазбаларды білдіреді. Бұл жағдайда мәліметтер базасында 373 және 43786 сөз бар. НЕМЕСЕ операторы синонимдік терминдерді іздеу үшін қолданылады және сіздің іздеу салаңызды кеңейтеді. НЕМЕСЕ операторы бір терминді, басқасын немесе екеуін бірдей, қамтитын барлық ерекше жазбаларды алу үшін нәтижелерді салғастырады. НЕМЕСЕ операторымен іздеуге терминдер немесе концепцияларды қаншалықты көп біріктіретін болсақ, соншалық көп жазбаны аламыз. Осы зерттеу барысында «1 НЕМЕСЕ 2» іздеу үшін 1594 жазба табылған.

Авторлар барлық іздеу параметрлері болатын жазбаларды алғысы келді және барлық осы үш іздеу параметрін қамтитын барлық жазбаларды білдіретін үш шеңбердің қиылысу аймағын көрсетеді. Ол үшін олар әрбір терминді біріктіру арқылы табылатын жазбалардың санын шектейтін ЖӘНЕ операторын пайдаланды. ЖӘНЕ операторының көмегімен іздеуге қаншалықты терминдер немесе концепциялар енгізілген болса, соншалық аз нәтижені аламыз.

Іздеу параметрлерін енгізу

Өз дереккөздерін белгілей келе, уақыт шектері, географиялық қамту, жас ерекшелік тобы, әдебиеттер түрлері мен жарияланым күні сияқты іздеу параметрлерін анықтап алу қажет.

Сіздің зерттеу жұмысыңыздың уақыттық шектеулері қандай?

Әдетте сіздің дереккөздеріңіз жаңа болуы тиіс және егер сіздің дереккөздеріңіздің көпшілігі 10-15 жылдан астам болса, онда түсіндіру қажет. Сіз, әрине, ескі ойлар мен теорияларды таңдауыңыз мүмкін және бұл жағдайда неліктен екенін түсіндіруге дайын болыңыз. Зерттеушілер әдетте мейлінше ескі дереккөздерді пайдаланады, егер бұл дереккөздер «классикалық» жұмыстар болса немесе олар салыстыру үшін бағдар беруші болған жағдайда. Мәселен, сіз маңызды заңды қабылдағаннан кейін жарияланған әдебиетке шолу жасағыңыз келеді.

Сіздің зерттеу жұмысыңыздың географиялық қамтуы қандай?

Ең алдымен, сіз Ұлыбританияда орындалған жұмысқа назарыңызды аударасыз, алайда ағылшын тілінде орындалған зерттеу жұмысына шолу жасаудағы шектеу біржақты дереккөз болып есептеледі, сондықтан бұл сіздің іздеу стратегияңызда нақты көрсетілген болуы тиіс.

Сіз сынақтан өткізгелі отырған топтың жас ерекшелігі немесе білім деңгейі қандай?

Егер сіздің зерттеуіңіз бір білім деңгейімен шектелетін болса, онда бұл сізге іздеу нәтижелерін қысқартуға көмек береді.

Қандай түрдегі әдебиеттер сіздің назарыңызды қамтитын болады?

Іздеу барысын тек жарияланған жұмыстармен ғана шектеп немесе сонымен бірге жарияланбаған диссертацияларды, газет мақалаларын, мақалаларды және ағымдағы зерттеулерді пайдаланатыныңызға қатысты шешім қабылдаңыз. Шолуға түрлі әдебиет түрлерін қамту түрлі пікірлерді бейнелеуге мүмкіндік береді, алайда оларды шектеу сіздің іздеу ауқымыңызды тарылтып, оны мейлінше шоғырландырады.

2.1 тапсырма. Өзіндік іздеу стратегиясын түзу

Іздеуді бастамас бұрын, ең үздік кілт сөздер мен іздеу параметрлері туралы ойлану үшін біраз уақыт жұмсау қажет. Ол үшін келесі сұрақтарға жауап беріп алайық:

1. Сіздің зерттеу жұмысыңыздың нысаны қандай? Зерттеу нысанының барлық түрлі бөлшектерін белгілеп алып, оны құрамдас бөлшектерге бөліңіз.
2. Іздеу барысында кілт сөздер ретінде пайдалануға болатын осы түрлі бөлшектерді сипаттайтын кілт сөздер мен тіркестердің тізімін жасаңыз.
3. Осы концепциялардың әрқайсысын сипаттайтын ұқсас сөздер бар ма?
4. Сіздің іздеуіңізді шектеуге мүмкіндік беретін мейлінше нақты кілт сөздер бар ма?
5. Іздеуді жүзеге асыру үшін осы кілт сөздерді біріктіруге болады ма? Мәселен, «Жыныс ПЕН Ғылым» екі бірдей сөзді қамтитын нәтижелерді береді. «Жыныс НЕМЕСЕ Ғылым» немесе «жыныс» немесе «ғылым» деген сөздерді қамтитын нәтижелерді береді. Іздеу жүйелерінен ЖӘНЕ және НЕМЕСЕ операторын бас әріптермен теріңіз.
6. Қажетті ақпаратты табу үшін түрлі кілт сөздерді пайдаланып көріңіз.

Жарияланған мета-талдаушы әдебиеттерге шолу

1993 жылдан бастап саясат пен тәжірибе саласындағы дәлелдемелік орталығының ақпараттық-үйлестіру орталығы (EPPI-Centre), білім беру институты, Лондон университеті, мектептегі білім беру салаларының қатарында жүйелі шолуларды үйлестіреді. Ұлыбританияның университеттік факультеттеріндегі инспекциялық топтар нақты ғылым тақырыптарына қатысты әдебиеттерге ауқымды іздеу жүргізеді

және таңдалған зерттеулер негізінде шынайы мәлімдемелерді анықтаудың нақты әдістерін пайдаланады. Бұл желілік қойма сонымен бірге тезаурусқа және іздеу мүмкіндігі бар мәліметтер базасына ие. 2.1 қорапша оқу дағдыларына арналған желілік мәліметтер базасынан EPPI шолуы туралы қысқаша есепті қамтиды.

2.1 қорапша. EPPI R (есеп) пен T (техникалық есеп) шолу

Higgins, S., Baumfield, V. and Hall, E. (2007) 'Learning skills and the development of learning capabilities', in *Research Evidence in Education Library. London:* EPPI-Centre, Social Science Research Unit, Institute of Education, University of London.

Біз нені білгіміз келеді?

Оқушылардың бойында қажетті дағдыларды оқыту үшін қандай оқыту әдістері оқушылардың оқу көрсеткіштерін жетілдіруді көрсетеді?

Кім білгісі келеді және неліктен білгісі келеді?

Осы шолудың негізгі мақсаты ағымдағы саяси бастамаларды қолдау болды: атап айтқанда, оқушылардың белсенді қатысуы және өзінің жеке табысын бақылауда алу мүмкіндігі мен есепке алу дағдыларына шоғырланған қабілетті дамыту кезінде оқыту мен оқу стратегияларын анықтау есебінен жекешеленген оқуды дамытуды қолдау. Екінші міндет қандай оқыту әдістерінің белгілі бір контекстте іске асатынын ғана емес, сонымен қатар неліктен түрлі тәсілдер табысты болып табылатынын оқушыларға түсінуге көмек беретін ақпаратты зерттеуден алуға негізделеді. Бұл оқушыларға өзіндік жағдай үшін мейлінше тиімді нұсқаны саналы түрде таңдауды жасауға көмек бере алады.

Біз нені таптық?

Мазмұнға бағытталған оқу дағдыларына апаратын тәсілдер арасында қарбаластық бар – белгілі бір дағдыларды меңгеру түрінде және үдеріске – оқуға деген тәсілдерді жалпы түсінудегі дағдыларды орналастыру түрінде. Жалпы алғанда мазмұнды білуге бағытталған бағалау жағдайында көрсеткіштерді жетілдірудің мейлінше тиімді тәсілі тікелей оқыту болып табылады. Ұзақ мерзімді перспективада немесе концептуалды түсінікке бағытталған бағалау жағдайында мейлінше тиімді метатанымдық немесе стратегиялық тәсілдер болады.

Әсіресе егер тәсілдер метатанымдық деңгейге бағытталған болса, тиімді ретінде есепке алу әдістері мен стратегияларды түсінуді дамытатын тәсілдер болып табылады. Шолумен белгіленген осы әдістердің ерекшелігі:

• пәндік мәнмәтіндегі белгілі бір және жан-жақты стратегияларға бағытталған құрылымдалған міндеттер
• қызмет ету мақсатына қатысты оқушы мен мұғалімнің арасындағы мейлінше тиімді алмастыруды сабақтарда қамтамасыз ету қабілеті
• оқу стратегияларын қолдануды тұжырымдауға әсер ететін кішкене топтық өзара әрекеттер
• құрдастарымен және мұғаліммен оқу мақсаттарын өзара түсінуді тексеру үшін оқу тапсырмаларына кіріктірілген механизмдер
• оқушыда тапсырманың мазмұнымен тікелей байланысты диагностикалық ақпаратты алу үшін көбірек мүмкіндіктер пайда болады.

Біз осы тәсілдердің тиімділігінің қажетті талаптарын белгілей аламыз:

• Мұғалім пәнді жақсы түсінуі, оқуға деген түрлі тәсілдерді жақсы түсінуі және түрлі оқушылардың қажеттіліктеріне құлақ салуы тиіс.
• Мұғалімдерде оқушыны бағыттау үшін және одан оқу туралы ақпарат алуға мүмкіндіктерді кеңейту үшін практикалық саймандар мен стратегиялар жинағы болуы тиіс.
• Мұғалімдер мен оқушылар оқуға бағытталған болуы тиіс, ол белгілі бір оқытушылық және оқу қызметінің тағайындалымы мен мақсаты туралы диалог пен келіссөздерге кірісу дайындығымен белгіленеді.
• Оқу талпыныс жасау есебінен, қабілеттерден емес және тиісті стратегияларды оқушының таңдауының есебінен нәтижеге қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

Осы нәтижелерге қалай қол жеткіздік?

Электронды мәліметтер базасы мен толық мәтінді жинақтарда біз 1379 рет сілтемені таптық. Жалпы алғанда 146 есеп алынып, оның 80-і шолуға қамту үшін сұрыпталып алынды. Терең шолу жасау 10 зерттеуден алынған топшаға түзілді.

Әдебиетті ұйымдастыру

Табылған әдебиетті сақтау

Сілтемелерді сақтау ұйымдастыру мен талпыныcты талап етеді. Сіздің зерттеу жұмысыңыздың жобасының басынан бастап сізге табылған дереккөздерді қадағалап, каталогтауға көмек беретін жүйені түзу ұсынылады. Әдебиетті сақтау мен кейіннен табу үдерістің барлық кезеңдерінде жүзеге асады. Сіз пайдаланатын жүйе сіздің жеке таңдауыңызға байланысты болады. Бұрын зерттеушілер қолмен жазылған картотекаларды пайдаланған, алайда кейіннен библиографиялық бағдарламалар қол жетімді болды. Сатып алуға болатын кеңінен қолданылатын коммерциялық бағдарламалар бар. EndNote® бағдарламасы университет факультеттерінде кеңінен қолданылып, сізге сілтемелерді ұйымдастыруға, сақтауға және табуға және ғылыми әдебиеттен алуға мүмкіндік беретін күшті мәліметтер базасы болып табылады. Ол сізге мақала немесе диссертация жазған кезде уақытты үнемдеуге көмек береді, сонымен бірге EndNote форматынан тікелей Word құжатына сілтемелерді енгізуге және барлық сілтемелерді жазып алу қажеттілігінсіз әдебиеттер тізімін түзуге мүмкіндік береді. Оны сонымен қатар желілік библиографиялық мәліметтер базасынан немесе кітапханалық каталогтардан тікелей сілтемелерге қол жеткізу, іздеу мен тиеу үшін пайдалануға болады.

Ақысыз Zotero желілік бағдарламасы сонымен бірге библиографиялық ақпаратты, ескертулер мен қосымша ретінде ұсынылып отырған электронды құжаттарды немесе экрандағы суреттерді сақтауға арналған және сілтемелер мен үзінділер сияқты мақалаларға арналған ақпаратты қамти алғанда, танымал академиялық мәліметтер базасымен ықпалдасады.

BEI, AEI және ERIC сияқты ірі мәліметтер базасы өте пайдалы болуы мүмкін осы коммерциялық бағдарламаларға іздеу нәтижелерін сақтау мен табыстаудың түрлі нұсқаларын ұсынады. Іздеу нәтижелерін қадағалап, орындалған іздеу мен табылған әдебиетті есепке ала алатыныңызға көз жеткізіңіз. Әрбір жекелеген мәліметтер базасы үшін пайдаланылған іздеу критерийлері мен терминдер жинақтамаларын құжаттандыруға болады, өйткені кейіннен олар қажет болуы мүмкін. Одан бөлек, егер сіз бір мәліметтер базасында орындалған іздеу үдерісін басқа базада орындағыңыз келсе, бұл пайдалы болады. Сәйкесінше, өз нәтижелеріңізді түзу кезінде сіз өз іздеу үдерісіңіздің жүйелілігі мен мұқияттылығын көрсете аласыз.

Сонымен қатар тиісті кітаптардың көшірмелерін сақтап, тігіп отырыңыз және, ең алдымен, сілтемелерді рәсімдеудің ұсынылған мәнерін анықтап алып, оны басынан бастап пайдаланыңыз.

Оқудан тыс сақтау

Сіз маңызды болып табылатын көптеген деректерді табасыз және кейіннен қайта оқып шығу үшін оларды шетке ысырып қою ниеті пайда болады. Алайда бүкіл өткен материалды оқу қиын әрі қол жетпейтін тапсырма болуы мүмкін, сондықтан мен сілтемелерді оларды табу реті бойынша сұрыптап қоюды ұсынар едім.

Тиімді оқу әдістерін жасауға тырысыңыз – бұл дегеніміз мақалаларға қатысты емес жайттарды оқу үшін уақыт өткізбестен өзінің құнды уақытын тиімді пайдалануды білдіреді. Одан бөлек, тиімді оқыту әдістерін жасауға тырысыңыз, яғни сіз кейіннен таңдалған мақалаларды оқу үшін уақыт бөлген кезіңізде, сіз өзіңіздің не оқып жатқаныңызды түсіне аласыз.

Тиімді оқу

Аңдатпаны оқу

Ең алдымен, аңдатпаны мұқият оқып шығу қажет. Егер реферат дұрыс құрастырылған болса, онда бұл жағдай сізге бүкіл мақаланы оқып шығуға тұрарлық екендігін түсінуге мүмкіндік береді. Аңдатпаларды оқу мен қажет емес жұмыстарды сұрыптау оқылуы немесе сақталуы қажет материалды өзіңіздің библиографиялық мәліметтер базаңыздағы мақалалар санын қысқартуға мүмкіндік береді.

Алайда аңдатпа тым ақпаратты болады, сондықтан бұл жағдайда кіріспені, негізгі тұжырымдар немесе қорытындыны оқып шығуға тырысыңыз. Бұл тараулар бүкіл мақаланы оқып шығудың қажеттігін шешу үшін жеткілікті ақпарат береді. 2.2 қорапша тәжірибелі зерттеулер туралы көптеген мақалалардың негізгі құрылымының қарапайым сипаттамасын қамтиды.

2.2 қорапша. Ғылыми журналдағы мақалалар құрылымы

Ғылыми журналдардағы рецензияланатын мақалалардың дәл құрылымы автормен және белгілі бір журналмен анықталғанымен, тәжірибелік нәтижелерді хабарлайтын көптеген мақалалар келесі құрылымды ұстанады:

1 Кіріспе/бастапқы ақпарат: зерттеу жұмысының контекстін сипаттау, осы саладағы тиісті әдебиеттер мен басқа да зерттеулерге шолу жасау және бұрын зерттелмеген кейбір саланы белгілеу.
2 Мақсаты: мақалада қарастырылатын негізгі зерттеу мақсаттары/міндеттері, ненің зерттелгеніне сипаттама жасау. Бұл кейбір мәлімдемеге ие тапсырманы қою түрінде болуы мүмкін, алайда үнемі мұндай емес.
3 Бағдарламаның сипаттамасы: бағдарламаның немесе жүргізілетін эксперименттің қысқаша сипаттамасы (егер болса).
4 Таңдау: таңдау сипаттамасы, оның ішінде қатысушылар саны, географиялық орналасуы/жағдайдың түрі, жасы мен білім беру деңгейін және басқа да зерттеу бойынша демографиялық білім (мәселен., жынысы, қабілеттері/жетістіктері, этникалық тиесілігі, белгілі бір білім беру талаптары).
5 Жоба және әдістер: зерттеу жобасы мен әдістері, оның ішінде мәліметтерді жинау күндері, таңдау әдісі, мәліметтерді жинау мен талдау әдісі.
6 Нәтижелер: зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне қатысты негізгі нәтижелер.

7 Талдау: зерттеу жүргізу барысында туындаған нәтижелерді түсіндіру мен бағалау, алған нәтиженің мәні.
8 Қорытынды: зерттеудің негізгі қорытындылары, мүмкін қолдану мен әрі қарай зерттеу жүргізу қажеттігі.

Мұқият зерттеу үшін мақалаларды таңдау

Газетті немесе романды оқығандай етіп академиялық ғылыми журналдағы мақаланы оқуға тырыспаңыз. Егер жай ғана басынан бастап, содан кейін соңына дейін оқысаңыз, мұның пайдасы болмайды және бұл ойлардың сіз үшін тым күрделі екендігі туралы бұрыс пікір қалыптасуы мүмкін. Академиялық мақалалардың көпшілігін бір оқығаннан қамту мүмкін емес және онымен әр түрлі тәсіл арқылы бірнеше рет жұмыс жасау талап етілуі мүмкін.

Тез арада мақала жөнінде пікір алу үшін, аңдатпаның, тақырыпшалардың, кестелер, сызбалар мен суреттерді әрі қарай конспектілеу үшін құрылымын түсінуге тараумен немесе мақаламен танысып шығыңыз. Содан кейін қандай жағдайдың сөз болып жатқаны туралы түсіну үшін параграфтың бірінші сөйлемдерін оқып шығыңыз да, бірнеше тараулардың ғана қажеттігін немесе мақаланы түгелдей оқып шығу қажеттігін шешу үшін материалдың пайдалы немесе қызықты екендігін анықтап алған дұрыс.

Тиімді оқу

Тез оқу - шолу жасап танысып шығу мақсатында оқу үшін жақсы, алайда бұл оқу түрі ойланып, талдау жасап оқуға сәйкес келмейді. Көбірек оқыған сайын, бұл автордың сөздік қорымен, академиялық тілімен және теориялар мен ойлар туралы оқумен танысу реті бойынша жүзеге асатын болады.
Дегенмен, егер сіз алдыңғы тарауда келтірілген белгілі бір кеңеске сүйенетін болсаңыз да, сізге бұрынғыша көптеген мақалаларды оқып шығуға тура келеді, сондықтан оларды оқудың жүйелі стратегиясын құру ұсынылады.

1. Мақалаларды санаттары бойынша сұрыптау – сіздің зерттеу бағытыңыз немесе сұрағыңыз бойынша мақалаларды сұрыптап алу болып табылады. Немесе оларды маңыздылық реті бойынша немесе әрбір топты жеке белгілеп шығуға болады.
2. Конспектілеу – оқу барысында конспект жасау үшін мақалаларды оқуды бастамас бұрын кесте түзіп алыңыз. 2.3 суретте осы тараудың басында Аткинсон ұсынған әдебиеттік шолуда қолданылған осындай үлгі көрсетіліп өткен. Жазбаларға кейіннен қайта оралуға мүмкіндік болу үшін оқу барысында пайдалану үшін кестені түзу басталғанға дейін уақыт жұмсауға болады. Әрі қарай қолдануды жоспарлап отырсаңыз, қажетті сілтемелер немесе үзінділерді жазып отырыңыз. Сіздің әдебиеттік шолуыңыз бөгде біреулердің ойларының жинағы емес, өз ойларыңыздың көрінісі болуы тиіс. Сондықтан өз дереккөздеріңізді меңгеру үшін және оларды өзіңіздің ойыңызға біріктіру үшін алдын-ала уақыт бөліп алған дұрыс.

Сіздің конспектілеріңіз немесе карточкаларыңыз сіздің тақырыбыңызға ғана қатысты ойларды қамтиды және көп жағдайда авторға сілтеме жасамастан көбінесе қорытынды жасауы тиіс. Ескертулерге арналған қағаздарға өз ойларыңызды жазып қойыңыздар. Кітапқа еш уақытта жазбаңыз.

Тақырып:
Күні: Автор(лар):

ДЕРЕККӨЗГЕ ШОЛУ
Әдебиеттің мақсаты/міндеттері
Ынтымақтастық түрі, мәсел., мектептер саны және т.б.
Ынтымақтастық пен оның барысын/үдерістерін сипаттау
Мақсаттар/міндеттер/күтілетін нәтижелер (ынтымақтастық себебі)
Ынтымақтастыққа әсер ететін талаптар/факторлар
Ынтымақтастықты жеңілдететін талаптар/факторлар (үдерісте)
Үздік тәжірибе үшін ұсынымдар/негізгі факторлар
Ынтымақтастыққа кедергі жасайтын талаптар/факторлар
Қиындықтар/ қорқыныштар
LA/үкімет/ынтымақтастыққа әсер ететін басқа ұйымның рөлі
Ынтымақтастықтан түсетін пайданың дәлелдемелері

ДЕРЕККӨЗ СИПАТТАМАСЫ
Бөлімі
Елі/облысы
Қатысушылар
Әдіс(тер)
Мәліметтер жинау уақыты мен ұзақтылығы
Дереккөз/құжат түрі
Негізгі сілтемелер

ШОЛУШЫНЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕРІ
Келтірілген талдау оңтайлы әрі дұрыс болды ма?
Автордың қорытындылары дәлелдермен расталған ба?
Қандай да бір білуіміз қажет беталыстар жайында айтылған ба?
Дереккөздер расталып үш жақты жүзеге асқан ба?
Шолудың сәйкестігі (жоғары, орта немесе төмен)
Шолу күні

2.3 сурет. Әдебиетке шолу қалпы

Дереккөз: Atkinson, M., Springate, I., Johnson, F. and Halsey, K. (2007) Inter-school Collaboration: A Literature Review. Slough: NFER.

Аналитикалық оқу

Мақалалар мен кітаптарды оқу барысында белсенді оқу әдістерін пайдаланыңыз. 2.3. кестеде келтірілген конспектілеу бойынша ұсынымдарды пайдаланыңыз және Zotero бағдарламасына өз сілтемелеріңізді қосыңыз. Сіз жұмысыңызды жазуға кіріскен кезде немесе егер сізге қандай да бір үзілістен соң жобамен жұмыс жасауға қайта оралу үшін бұл пайдалы болуы керек. Әрбір мақаланы оқу барысында келесі сұрақтарды қойыңыз.

2.3 кесте. Конспектілеуді ұйымдастыру

Сілтеме	RQ	Негізгі нәтижелер	Жоба мен әдістер	Таңдау	Үзінділер немесе сілтемелер	Түсініктемелер	Баға 1–5
Мәсел., автор, күні, тақырыбы, журналы, томы, шығарылымы, беттер	Сіздің зерттеу нысаныңызға қатысты	Сіздің зерттеу нысаныңызға қатысты	Зерттеудің қай түрі? Ол қалай жүргізілді?	Кім қатысты? Саны қанша?	Беттердің нөмірлері	Кез келген ескертулер	1 = өте маңызды 5 = қызықты, бірақ маңызды емес

Жұмыстың мақсаты

Автор мақаланы неге жазды?
Бұл сіздің зерттеу салаңызбен байланысты ма? Егер байланысты болмаса, әдебиеттерді шолуға қоспаңыз.
Мәселе немесе сұрақ қаншалықты нақты анықталған?
Жұмыстың маңыздылығы нақты белгіленген бе?
Басқа көзқараспен мәселеге қатысты мейлінше тиімді әдісті пайдалануға бола ма?

Жұмыстың құрылымы

Жұмыстың құрылымын зерттеңіз. Автор тұжырымдарды қалай құрылымдаған?

- Өз қорытындыларын ұсынуда автор жасаған негізгі мәлімдемелерді белгілеу.
- Логикалық құрылымға шолу жасау үшін талқылау барысын анықтап алу; 2.3 қорапшадан Фишердің талқылауды қалай пайдаланғанын қараңыз.

2.3 қорапша

Pedder, D. (2006) 'Are small classes better? Understanding relationships between class size, classroom processes and pupils' learning', Oxford Review of Education, 32 (2): 213–234 жұмысындағы «Талдау» тарауынан үзінді:

Мәтінге аңдатпа жасалынған – қорытындылар ерекшеленген (себептері жақшаларда берілген), салдар көрсеткіштері курсивпен белгіленген.

Орта мектепте жүргізілген зерттеу (Pedder, 2001) сынып мөлшері мен барлық оқыту мен оқу түрлері үшін оңтайлы талаптарының арасындағы қарапайым бір жақты өзара байланыстардың ешқандай дәлелдемесін келтірмеді. Бұл негізгі тұжырым. (Түрлі мұғалімдер үлкен және кіші сыныптардағы оқуды оңтайландыруға арналған мүмкіндіктерді арттыру туралы хабарлады; олар сонымен бірге кіші және үлкен сыныптардағы шектеулерді анықтады). Осылайша, саясаткерлерге оқушылардың оқуы үшін артықшылықтар үлкен және кіші сыныптарда қатар туындайтын мүмкіндігін есепке алу қажет, сондықтан мектептер оқушыларды түрлі оқыту мен оқу мақсаттары үшін түрлі мөлшердегі оқу топтарына орналастыра отырып мейлінше икемді тәсілдерді пайдалана алатын шектерді түзуі тиіс.

Автор жасаған мәлімдемелерді даулау

Дәлелдемелердің сенімді екендіктерін тексеру арқылы авторлардың мәлімдемесіне қатысты сыни ойда болыңыз.

- Зерттеуде жасалған жалпыламалар үшін автордың негіздемесі жеткілікті ме?
- Зерттеу жобасының құрамдас бөліктері қаншалықты орынды (мәсел., таңдау өлшемі, тәжірибе және нәтиже)?
Дневники могут служить хорошим источником данных. Ваши собственные данные исследования могут быть полезным источником данных, или вы можете попросить участников вашего исследования вести собственные дневники для их последующего анализа. Как и в случае интервью, инструкции по ведению дневников могут быть полностью открытыми или полуструктурированными за счет широких категорий вещей для рассмотрения, включая регулярные ответы на весьма конкретные вопросы. поэтому если дневники будут заполняться участником, то крайне важно дать писателю четкие и однозначные инструкции о том, как, когда и зачем они должны вносить данные. Процесс составления дневника может также дать составителю больше возможностей, поскольку поощряет его к рассуждению и делает ценными его идеи. Дневники также позволяют составителю выражать свое мнение и

рассуждать о действиях, которые иначе было бы сложно выявить исследователю.

В журналы исследования входят личные наблюдения, впечатления, чувства и анализы, а также самостоятельные рассуждения и исследования, касающиеся их показателей командного обучения, командных встреч и пр. Дневники полезны для регистрации намерений учителя в отношении урока, которые можно сравнивать среди группы учителей.

Дневники не обязательно должны быть в письменной форме. Для некоторых студентов это стало бы непреодолимым барьером, а также весьма затратным по времени процессом. Альтернативой могут стать визуальные дневники, либо в виде серии фотографий, либо видеозаписи. Хотя запись видео с помощью переносной камеры сопряжена с наибольшими расходами, его преимущество в том, что она может также включать аудиозапись мыслей и рассуждений. Автор Noyes (2004) обошел необходимость покупки записывающего устройства, организовав вместо этого комнату для видео дневников в стиле «большого брата». Неподвижные изображения, полученные цифровыми (на мобильный телефон или цифровую фотокамеру) или традиционными камерами (одноразового действия), требуют проведения интервью или фокус групп для обсуждения их значения.

Однако подход Нойеса не создает этической дилеммы использования изображений учеников в аудиторном исследовании.

Визуальное картирование

Построение концептуальных и ассоциативных карт и сопутствующие методики в настоящее время используются в образовательном и деловом контекстах для выявления связей между идеями людей. В контексте школы — это можно использовать для улучшения планирования работы, навыков конспектирования, организации размышления и развития идей, а также при подготовке и для подкрепления оценок. Многие из этих методов используют компьютерные программы как для структурирования сбора данных, так и для манипулирования анализируемыми данными. Ссылки на эти программы см. на сайте SAGE (www.sagepub.co.uk/wilson).

Эти методы можно также использовать для исследования, а не для обучения. Как и в случае дневников, эти методы открывают доступ к представлениям участников исследования. Кроме того, они также показывают понимание концепций самим респондентами.

Другие методы картирования или визуального представления включают составление от руки так называемых «логических схем». Эти методы, несмотря на менее простой процесс анализа, позволяют исследователю открыть респондентам масштаб исследования. Открытый инструмент картирования социальных взаимосвязей, разработанный фирмой Fox, был использован для сбора данных по проекту, исследующему поток знаний, связанных с разработкой оценки для учебных практик. Это позволило учителям отобразить личные и профессиональные

отношения, связанные с их школой, которые могут служить каналами для обмена опытом и/или получения новой информации и рекомендаций. Сетевая схема может использоваться для определения характера и ценности взаимоотношений учителей и, возможно, даже может считаться «картой» их возможностей обучения. Перед выполнением этой задачи не было никакой возможности оценить эти сети. Этот инструмент также можно эффективно использовать для отображения взаимосвязей между детьми для рассмотрения диапазона их ресурсов для обучения и/или понимания своей общественной среды. Альтернативный метод картирования социальных взаимосвязей, разработанный на основании социологического исследования, с помощью которого можно изучать взаимосвязи известного масштаба, называется анализом социальных сетей. Этот инструмент также стоит использовать, если он поможет понять структуру сети – например, как индивидуумы связаны между собой, и кто являются ключевыми индивидуумами в сети, учитывая их персональные сети. Вопросы задаются систематически обо всех участниках сети, о том, как другие связаны с ними, а также об их взаимоотношениях с указанными другими. На данный момент имеется бесплатная программа для работы с такими данными – например, http://www.graphic.org/concept.html

Для дополнения использования вышеуказанных визуальных средств относительно дневников установлено, что сделанные от руки визуальные представления также являются полезным способом получения представления о восприятии пространства.

Таким образом, существует множество методов, которые учителя могут использовать для поиска ответа на четко поставленный вопрос. См. таблицу 5.5

Таблица 5.5 Повседневные инструменты для исследования

Карты классной комнаты

- Критически осмотрите схему и оформление класса. Чья работа весит на стене? Каково расположение парт?
- Отследите поток движения – собственного, ребенка, группы.
- Отследите вербальный поток – разговоры между учителями и учениками и разговоры между учениками.

Рисунки и фотографии

- Быстрый набросок, визуальные конспекты.

  Наброски и снимки вкладывать в тот же блокнот, который используется для записи единичных случаев и временной выборки.
- Работа ученика, выборка работ отдельного ученика, небольшой группы или всего класса, собранная со временем.

Записи о единичных случаях

- Всегда указывать дату
- Регулярно отмечать время
- Фокусироваться на деталях
- Записывать фактические цитаты
- Не использовать цензуру

Интервью и разговоры

- Всегда указывать дату, время, место и имя опрашиваемого лица (лиц)
- Заранее продумайте цель вашего собеседования или интервью. Что вы хотите узнать?
- Заранее решите вопрос с аудиозаписью и проверьте свою аппаратуру
- Не задавайте вопросов, ответом на которые будет да/нет.
- Будьте хорошим слушателем.

Опросы

- Хороши для больших групп или всего класса, когда нужны данные для сравнения
- Важно, какой тип вопросов вы задаете
- Важна продолжительность опроса

Социограммы

Социограмма – это инструмент анализа, призванный помочь вам изобразить социальные взаимосвязи в своем классе. Они особенно полезны, если вы пытаетесь вычислить, как изменить интерактивную динамику класса. Для получения данных для социограммы вам необходимо задать каждому ребенку в своем классе одни и те же три вопроса, например (1) Если бы я формировала группы чтения из четырех учеников, то кого бы вы хотели включить в свою группу? (2) Если бы я пригласила четырех учеников пообедать со мной, то кого бы вы хотели включить в свою группу? (3) Если бы вы были новым учеником в классе, то каких трех учеников вы бы предложили мне выбрать, чтобы они помогли вам освоиться? Вопросы можно задавать устно, но ответы учеников необходимо записывать, чтобы иметь данные для картирования их ответов.

Временная выборка наблюдений

См. рисунок 5.4

Учительские журналы исследования

Каждый учитель-исследователь должен вести журнал исследования. В него можно вносить все, что угодно – 10 минут в день на описание своих действий по предмету исследования, ваши примечания по единичным случаям, ваши размышления по поводу этих примечаний, ваши примечания по базовому чтению по вашей теме. С другой стороны, это может быть просто место для записи ваших мыслей об исследовании. В любом случае постарайтесь сделать его удобным местом для записей, и чтобы он стал для вас ценным. Не оставляйте его в классе. В нем вы излагаете мысли на бумаге. Вам следует хранить его в особом месте, куда вы приходите для выполнения очень важной для вас работы.

Основные идеи

Вы можете использовать различные методы сбора информации для ответа на свой главный вопрос. Эти методы обычно определяются на этапе разработки проекта исследования. Каждый метод имеет преимущества и недостатки. Вам как исследователю необходимо их знать и сделать все возможное, чтобы уменьшить ограничения, накладываемые определенным методом.

Вопросы для рефлексии

- Продумали ли вы этические аспекты использования методов сбора информации, предложенных в вашем проекте исследования?
- Прежде чем начинать сбор данных, учли ли вы, как вы минимизируете ограничения предложенных вами методов сбора данных?

Дополнительная литература

Deci, R. and Ryan, R. (2012) 'Self determination theory'. Available at: http://www.self determinationtheory.org/ (accessed April 2012).
Drever, E. (1995) Using Semi-structured interviews in small-scale research: a teacher's guide. Edinburgh: SCRE.
Fox, A., McCormick, R., Procter, R. and Carmichael, R. (2007) 'The design and use of a mapping tool as a baseline means of identifying an organisation's active networks', International Journal of Research and Method in Education, 30(2): 127–147.
Hay, D. and Kinchin, I. (2008) 'Using concept mapping to measure learning quality'. Education and Training, 50(2): 167–182.
Kinchin, I, Streatfield, D. and Hay, D. (2010) 'Using concept mapping to enhance the research interview', International Journal of Qualitative Methods, 9(1): 52–68.
Munn, P. and Drever, E. (1997) Using Questionnaires in Small-scale Research: a teacher's guide. Edinburgh: SCRE.
Prosser, J. (2006) 'Real Life Methods Working Papers: Researching with visual images', ESRC National Centre for Research Methods NCRM Working Paper Series 6/06. Available at: http://www.ncrm.ac.uk/ (accessed April 2012).
Prosser, J. and Loxley, A. (2008) Introducing Visual Methods. National Centre for Research Methods NCRM Review Papers NCRM/010. Available at: http://www.ncrm.ac.uk/ accessed April 2012
Simpson, M. and Tuson, J. (1997) Using Observation in Small-scale Research: A Beginner's Guide. Edinburgh: SCRE.
Wragg, E. (1994) An Introduction to Classroom Observation. Abingdon: Routledge.

ТАРАУ 5

АҚПАРАТ ЖИНАУ

Тарауға шолу жасау

Бұл тарау зерттеу жобасының идеяларына негізделіп, сізге мәліметтерді жинауға көмек беру үшін әрбір ақпаратты жинау әдісінің артықшылықтары мен шектеулеріне қатысты ұсынымдар береді.

Ақпаратты жинау әдістерін таңдау

Өз зерттеу салаңызды, жауап тапқыңыз келетін сұрақтарды, өзіңіз қолданғыңыз келетін жалпы стратегияны анықтап алып, сізге келесі кезеңді анықтау керек, яғни қойылған сұрақтарға жауап табу үшін қандай мәліметтерді жинау қажеттігін анықтап алу қажет.

Мектептер мен сыныптар туралы ақпаратты алудың үш мүмкін әдісі бар. Біріншіден, қандай жайттың орын алып жатқанын айқындап алу үшін оқушылар мен мұғалімдерді жұмыс барысында бақылау қажет. Екіншіден, оқушылар немесе мұғалімдерден, олардың пікірінше, қандай жағдай орын алып жатқанын сұрасаңыз болады, және үшіншіден, сіз зерттеп отырған нәрсенің шын мәнісінде орын алып жатқанына көз жеткізу үшін басқа мәліметтердің іздерін іздеу қажет.

Зерттеу жүргізу үшін тек бір ғана тәсілді пайдалануды талап ететін ереже жоқ. Сыныптағы зерттеу кезінде бірнеше әдісті қолдану сізге артықшылық береді, дегенмен сіздің зерттеу жұмысыңызды жүргізу үшін қажетті уақытты арттырады. Шын мәнісінде, тек бір ғана дереккөзді пайдалана отырып, сіз маңызды идеяларды жіберіп қоюыңыз мүмкін, немесе, одан да нашары, сіздің жүргізіп жатқан зерттеу жұмысыңыз сіздің сыныптағы мәселеге «дұрыс» жауапты анықтады деген жалған ойға келуіңіз мүмкін. Бірнеше мәліметтердің дереккөздерін пайдалану сіздің жағдайды түсінуіңізді тереңдету реті бойынша басқа да перспективаларды есепке алуға көмек береді.

Жағдаяттарды жазу – зерттеуші күнделігін пайдалану

Зерттеу күнделігін жүргізу жоба аясында алынған ақпаратқа бақылау жүргізуді тиімді сақтау тәсілі болып табылады. Сіздің күнделігіңіздің мазмұнын сонымен бірге ақпарат көзі ретінде де пайдалануға болады, дегенмен ол сіз жинақтаған ақпараттан, бақылаулардан, жазбалар мен басқа да мәліметтерден ерекшеленеді. Күнделікте сіз туралы және сіздің жасап жатқан жұмысыңыз жайлы ақпарат бар, және зерттеу жұмысының үдерісін дәлдікпен белгілейді. Ол зерттеу әдіснамасы беретін мәліметтерді толықтырады.

Кейбіреулер дайын үлгідегі мейлінше құрылымдалған форматты пайдаланады. Алайда, сіз өз күнделігіңізді негізгі бағыттаушы ретінде алуыңыз міндетті емес. Әрі қарайғы түсініктемелер немесе толықтырулар үшін – бос жолақтарда, беттердің артқы жағына немесе жазбалар арасындағы бос жерлерді қалдырып отырған дұрыс.

Стиль, тұжырымдамалар келтіру мен дұрыс жазуға қатысты ешқандай қатаң ереже жоқ. Күнделігіңізді өзіңізге қолайлы үлгіде түзіңіз де, өзіңіз жасап жатқан нәрсеге ол көмек беруі тиіс екендігін есте сақтаңыз. 5.1 тапсырманы орындай келіп, өз күнделігіңізді жүргізу туралы ойланыңыз.

5.1 тапсырма. Зерттеу күнделігін жүргізу

Сіздің күнделігіңізге не жазылады?

1. Жобаны жүргізудің әрбір күні қандай жағдай орын алып жатқаны туралы қысқаша сипаттама.
2. Әріптестермен, зерттеушілермен, мұғалімдермен және қатысушылармен әңгімелер, талқылаулар, жоспарлар және т.б. конспектілерін жасау.
3. Әрі қарай зерттеу немесе үйрену үшін мәселелер мен тақырыптар.
4. Болжамдар мен ойлар.
5. Диаграммалар, сызбалар мен ойлар сызбалары.
6. Бақылаулар.
7. Көргені туралы ойлану.
8. Күнделікті оқыған кейінгі ойлар.
9. Келешек іс-әрекеттер немесе зерттеу жұмысының жоспарлары.

Мәліметтерді жинау үдерісін жоспарлау

Жинау қажет әдістер мен мәліметтерді анықтап алып, жұмысқа кіріспес бұрын әрбір кезеңді мұқият жоспарлап алған дұрыс. Мәселен, 5.1 кестеде орта мектептің жаратылыстану пәнінің мұғалімі Ники өзінің зерттеу жұмысының жоспарын жасағаны көрсетілген. Ол Жаратылыстану сабақтарында оқушылардың жазбаша жұмысқа деген қатынасы қандай? деген сұрақ қойды. Содан кейін ол осы мәселені нақтылап алып, өз сыныбында бірқатар стратегияларды қолданып көріп, оқушылардың қатынастарының өзгерістерін бақылауға кірісті. Ол үш сұрақты түзіп алып, осы сұрақтарға жауап беруге көмек беретін, оның пікірінше, бірқатар мәліметтер жинау әдістерін таңдап алды. Оның зерттеу жұмыстарының жалпы жобасы 5.1 кестеде ұсынылған.

Кесте 5.1 Орта мектептегі жаратылыстану бойынша магистрлік дәрежені Med ізденушінің зерттеу жұмысының жобасы

Жаратылыстану сабақтарында оқушылардың жазба жұмысқа деген қатынасы қандай?

Сұрақ	Мәліметтер дереккөзі	Мәліметтер дереккөзі	Мәліметтер дереккөзі	Мәліметтер дереккөзі
RQ1 – Оқушылардың жаратылыстануға қатынасы қандай?	Сауалнама (Kind et al., 2007)	Оқушылармен жартылай құрылымдалған сауалнама (жеке және/ немесе топтық)		
Сұрақша 1 – Мұғалімнен бөлек, нақты сыныпқа деген жазбаша мәлімдеме оқушылардың жаратылыстануға деген *қатынасын* өзгерте ала ма?	Сауалнама, дейін және кейін (Kind et al., 2007)	Оқушылармен жартылай құрылымдалған сауалнама (жеке және/ немесе топтық)	Оқушылардың оқу журналдарындағы жазбаша түсініктемелерді талдау	
RQ2 – Жақсырақ жазу үшін не көмек беруі мүмкін?	Оқушылардың жазбаша жұмыстарын талдау	Оқушылармен жартылай құрылымдалған сауалнама (жеке және/ немесе топтық)	Оқушылардың оқу журналдарындағы жазбаша түсініктемелерді талдау	
RQ3 – Мұғалімнен бөлек, нақты сыныпқа деген жазбаша мәлімдеме оқушылардың ғылыми концепцияны меңгеруін жақсарта ала ма?	Әрбір тақырыптың басында және соңындағы концептуалды карта	Оқушылармен жартылай құрылымдалған сауалнама (жеке және/ немесе топтық)	Оқушылардың оқу журналдарындағы жазбаша жұмыстар мен түсініктемелерді талдау	Қорытынды баға нәтижелері

Алдымен Ники өз сыныбынан сауалнама алып, содан кейін осы сауалнама негізінде кейіннен сұхбат жүргізу үшін топтың бір бөлігін таңдап алды. Осы мәліметтерді жинақтау әдісі ретті. Ники сонымен қатар үш түрлі дереккөзден мәліметтер жинады: оқушылардың жазбаша жұмыстары, концептуалды карталар мен оқу журналдары. Соңғы ақпарат көзі ретінде оқушылар жұмысының жиынтық бағасы болды (сурет 5.1).




Сурет 5.1 Түрлі әдістерді жинақтау

5.2 суреттегі сызба өзіңіздің зерттеу жұмысыңыздың жобасын құрылымдап, оның уақытша кестесін жоспарлауға көмек береді.

Тақырыбы:					
Зерттеу жұмысының мәні:					
Сұрақшалар	**Мәліметтер көздері**	**Мәліметтер көздері**		**Мәліметтер көздері**	**Мәліметтер көздері**
1.					
2.					
3.					
Мәліметтерді қашан жинауым керек?					
	Экспериментке дейін?	**Жүргізу барысында**		**Эксперименттен кейін**	
Сұрақша 1					
Сұрақша 2					
Уақытша шәкіл мысалы					
Қаңтар-сәуір	**Сәуір-маусым**			**Шілде-тамыз**	**Қыркүйек**
Әдебиеттерге шолу	Эссе 1	Әдістер/жобалық зерттеу		Жазу	Эссе 2
Ақпараттарды жинау	Әдебиеттерге шолу тарауы	Мәліметтерді талдау	Әдістеме тарауы		Диссертация

Сурет 5.2 Ақпаратты жинау жоспары



Сурет 5.3 Ақпарат жинау әдістері

Сіздің ақпараттарды жинау әдісіңіздің негізділігі мен шынайылық қаупінің төмендеуі

Қандай әдісті таңдап алғаныңызға қарамастан, сізге қандай мәліметтерді жинау қажеттігін анықтап алыңыз. Мәліметтерді алу үдерісінде, немесе жазу арқылы, мәселен, бақылау конспектісін жүргізу кезінде немесе сұхбат барысында жазба жасау кезінде, таңдау бөлігі орын алуы керек (сурет 5.3). Шын мәнісінде, белгілі бір тәсілді таңдап алу қандай бір сипатты маңызды ретінде белгілеп алғаныңызды, ал қалған бөліктерін назардан тыс қалдырғаныңызды білдіреді. Пәнге түсініктеме беру немесе зерттеу немесе белгілі бір әдіснаманы таңдау бөлігі ретінде сыныптағы жайттың кейбір сипаттарын назардан тыс қалдыруға шешіп қабылдап отырсыз. Алайда сіз мұны өзіңіздің ойламай жасаған пікіріңіздің немесе таңдап алған әдістеріңіздің танымал немесе танымал емес кейбір олқылығының негізінде жасаған деген мүмкіндік бар. Сізге белгілі бір оқушыдан сұхбат алуға мүмкіндік бермейтін кесте сияқты зерттеу жұмысының мәнмәтінінде шектеулердің белгілі бір үлгісі бар, ол сіздің таңдау стратегияңызға әсер етіп, үдеріске үлкен жүйелік қателік енгізеді.

Одан бөлек, ақпаратты жинап алып, сізге ақпарат көзін таңдау өз-өзінен түсініктеме үдерісі болып табылатын деректі есепке алып, мәліметтерді жинақтаудың келесі кезеңдерінің осы түсініктеме беру үдерісін мейлінше ұлғайтатынын, әсіресе егер сіз өз тәжірибеңізді мәліметтерге айналдыруға ниетіңіз болса. Сондықтан ақпаратты жинауда сіздің үдерісіңіздің нақтылығы мен негізділігін төмендете алатын қауіптердің көпшілігінің алдын алады.

Келесі тарауларда сіз мектептегі зерттеу жұмысына қолданатын мәліметтерді жинау бойынша түрлі әдістер мен тәсілдердің артықшылықтары мен кемшіліктері

қарастырылатын болады. Сіздің зерттеу нысаныңыздың сипаты мейлінше сәйкес келетін мәліметтер түрін анықтайды. Алайда аса көп көлемдегі мәліметтерді жинау ағымына жол бермеу қажет. Ең алдымен, сізге шектеулі уақыт аралығында барлық қажетті мәліметтерді талдау керек. 5.2 тапсырма жоспарлау кезеңін ұйымдастыруға көмек береді.

Тапсырма 5.2 Ақпаратты жинау бойынша жадынама

Жоспарлау: Кім, қайда, қашан, қалай және не?
Сіз төмендегілерді назарға алдыңыз ба?

1. Ақпараттарды жинау үдерісіне кімді немесе нені қосқыңыз келеді және неліктен?
2. Сізде ақпаратты қайда және қашан жинау бойынша нақты жоспар бар ма?
3. Өз сыныбыңыздағы немесе әріптесіңіздің сыныбындағы мәліметтерді жинайсыз ба? Мәліметтерді жинау үдерісіндегі өз рөліңізді анықтадыңыз ба? Сіз мұғалімсіз бе немесе зерттеушісіз бе, немесе екеуідесіз бе?
4. Сіз өз тарапыңыздан көрсетілетін шынайылықты анықтадыңыз ба немесе оны бақылау үшін тиісті шараларды қолға алдыңыз ба?
5. Сіз BERA этикалық нормаларымен танысып шықтыңыз ба? Сізге қандай да бір әлеуетті этикалық дилеммалар жайында белгілі ме?
6. Сіз әрбір дереккөзден мәліметтерді қалай жинау қажеттігі туралы осы тараудың тиісті тараушаларын оқып шықтыңыз ба?
7. Сіз өзіңіздің мәліметтерді жинау әдістеріңіздің жарамдылығы үшін қауіптерді қалай азайтатыныңызды ойластырдыңыз ба?
8. Сіз жинауға ниет білдіріп отырған мәліметтердің сіздің негізгі сұрағыңызға жауап беруге көмек беретініне сенімдісіз бе?
9. Сізде соңғы минутта мектепте орын алған күтпеген жағдайға қатысты қосымша жоспар бар ма?

Ақпараттарды жинау құралын дайындау мен сынақтан өткізу
10. Сіз қолдағы бар стандартты тестті, сауалнама немесе сұрақтарды қолдана аласыз ба?
11. Егер қол жетімді болса, сіз өзіңіздің сұхбат алу кестеңізді түздіңіз бе?
12. Егер сіз жұмысыңызда пайдалануды жоспарлап отырсаңыз, өзіңіздің дыбыстық көру аппаратураңызды тексеріп алдыңыз ба?
13. Сіз өз сауалнамаңызды немесе сұхбаттағы сұрақтарды кішкене пилоттық топқа сынақтан өткіздіңіз бе?
14. Пилотты тексеру жүргізу аясында ақпараттарды жинау бойынша өз жоспарыңызды өзгерту қажет болды ма?

Орын алған жайтты жазып алу

Бақылаулар

Бақылау – мұғалімдер үшін әдеттегі үдеріс. Шын мәнісінде, мұғалімдер тұрақты түрде сыныпта орын алып жатқан жайтты бақылап, ненің орын алып жатқанын сұрап отырады. Реакциялар мен жауаптар мұғалімдердің соншалықты анық емес тәжірибесінің арқасында жиі сезіледі, ол ненің орын алып жатқанын түсіндіруге көмек береді. Мұндай тәжірибе жиі жетіле отырып, және мүмкін болса, дәл сондықтан сіз осы сыныптағы зерттеу жобасын жүргізуге шешім қабылдаған боларсыз. Сәйкесінше, егер сіз өз сыныбыңызды зерттегіңіз келсе, онда сіздің сыныбыңызда орын алып жатқан жайтты түсіндірудің түрлі тәсілдері үшін ойыңызды сан жаққа жүгірту қажет болады. Басқаша айтқанда, сіздің сыныбыңызда орын алып жатқан жайт туралы мәліметтерді жинау әдісіңізге жүйелі беталыс қажет.

Бақылау барысында жинақталған мәліметтер барлық сезімдеріңіз арқылы мәліметтерді жинау қабілетіңізге негізделетін болады және ол үшін сіз өз талдау құралыңыз ретінде жадынама, тізбелер немесе сипаттамаларды қолдана аласыз.


Сынып - өте күрделі әлеуметтік жүйе, онда түрлі заттар бір мезетте орын алуы мүмкін. Сыныпты бақылау үшін сіздің нақты мақсатыңыз болуы керек, болмаса барлығын жазып алуға тырыса отырып сіз атүсті талдау жасай аласыз. Басқа жағынан алғанда, өз назарыңызды тым шектейтін болсаңыз, сіз көргіңіз келген нәрсені ғана көре аласыз. Сыныпқа бақылау жүргізу барысында орын алып жатқан жағдайлар ретінің бірін таңдап аласыз, сондықтан осындай мүмкіндікті мұқият жоспарлап алыңыз. 5.3 тапсырма бақылауға кіріспес бұрын шолу жасау ұсынылатын тармақтар тізімін қамтиды.

5.3 тапсырма Бақылауға дайындау

1. Сіз неліктен бақылау жүргізейін деп отырсыз? Сіз белгілі бір сипатқа назар аударасыз ба? Өзіңіздің негізгі сұрағыңызға жауап беру үшін жеткілікті дәрежедегі мәліметтерді жинауға мүмкіндік бере ме?
2. Сіз неге бақылау жүргізесіз? Ол қандай болжамдарға негізделген? Сіздің сыңаржақтығыңыз жағдайдың басқаша түсіндірілуіне шектеу қоймайтынына сенімдісіз бе?
3. Бақылау қай уақытта жүргізіледі және ол қанша уақытты алады? Бұл басқа жалпымектептік іс-шаралардың кестесіне кіреді ме?

Бақылауларды жазып отыру

Бақылау басталғанға дейін сіздің бақылау әдісіңіз қандай болатынын шешіп алыңыз.



Сабақтың мақсаты:															**Оқу жылы:**												**Оқушылар саны:**	
Мұғалім-оқушы ара-қатынасы Түсініктеме: Нсқ = нұсқаулық немесе басқару, Нұс = нұсқаулық, A, B, C немесе D түрлі диалог, Көрс = көрсету, Түсін = түсініктеме, Сұр = сұрақтар															Оқушылар не істеп жатыр												**Оқушылар топтарға қалай біріктірілген**	
Уақыты	Жалпы сынып: Мұғалім бүкіл сыныпқа айтады							Мұғалім кішкене топтағы оқушылармен немесе тұлғалармен байланыста болады																			
0-5 мин.	Нсқ	Нұс	A	B	C	D	Көрс	Нсқ	Нұс	Түсін	Сұр	0	Жазылым	Тыңдал	Айтыл	Оқыл	Тәжірибе	Басқа	Жеке	Жұппен	Топпен						

5.4 сурет Сыныптағы бақылау жүргізу кестесі

Сыныпты бақылау әдістері үлкен ауқымдағы әдістерді қамтиды: сұрақтар, тізбелер тізімдері, уақытша аралыққа ие бағамдар, жалпы бағалар, сипаттамалар, журналдар, сұрақтар, рубрикалар, матрицалар, үлгілер, концептуалды карталар мен ашық сұрақтар.
Басқа маңызды аспект ретінде сізге қанша уақыт және неліктен онша уақыт қажеттігін келісіп алу болып табылады. Сіз бүкіл сабақ барысын бақылайсыз ба? Сабақтың бір бөлігін? Күні бойы?
5.4 суретте жаратылыстану сабақтарындағы әңгімені талдау үшін құрылымдалған кесте үлгісі ұсынылып отыр.

Қиындықтар

Сыныптағы бақылау кестесін құру – аса күрделі үдеріс, әсіресе егер сіз біреуден өз кестеңізді пайдалануды өтінетін болсаңыз. Бұл әрбір бақылаушының өз сыныбына өз тәжірибесін негізге ала отырып бақылау жүргізуімен байланысты. Нәтижесінде екі бақылаушы орын алып жатқан жайтты түрліше түсіндіруі мүмкін, сондықтан бір сабақтағы әртүрлі жайтты көрсететін болады. Одан бөлек, бір немесе бірнеше бақылаушының қатысуы сыныптың қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін, соның нәтижесінде сабақ қалыпты сабақтан ерекшеленетін болады. 5.2 кестеде қысқаша түрде сабақты бақылаудың артықшылықтары мен кемшіліктері ұсынылатын болады.

5.2 кесте. Бақылау мен аудио-бейне жазбаны қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері

	Әдістің артықшылығы	**Әдістің кемшілігі**
Жазбаша бақылаулар	Тікелей нәтиже; бақылаушы қандай жағдай орын алып жатқанын көреді; нәтижені талқылау мүмкіндігі бақылаудан кейін орын алады; сынып немесе мектептің жайына толық шолу жүргізу бақылаушыға бақылауды жүргізу барысында мүмкін болады	Бақылаушы нені жазып алу керектігі туралы көп реттік шешім қабылдауы тиіс, сондықтан нәтижесі атүсті немесе сенімсіз болуы мүмкін; қайта жаңғырту мүмкіндігі жоқ; сыныптың мінез-құлқына кейбір әсер ету бақылаушының болуынан орын алуы мүмкін
Бейне жазба	Бірнеше рет қайталап көруге болатын сабақтың аудиовизуалды жазбасы; шешімді бірден қабылдау керек емес; назар тек мұғалімге немесе белгілі бір оқушыға немесе оқушылар тобына бағытталған; сабақты қатысушылармен талқылауға болады	Жайдың температурасы, иістер, камера объективінен тыс жайттар сияқты ақпараттың жоғалып кетуі; камераның болуының сыныпқа әсері; уақыт бойынша шығын келтіретін талдау; бір камера бір перспектива береді
Аудио жазба	Аудиожазбаны талқылау, талдау немесе жазбаша нәтижені бекіту үшін қайта жаңғыртуға болады; мұғалімнің даусының сапалы жазылуы үшін радио-микрофонды қолдануға болады; бақылаушының түсініктемелерін бір мезетте екі жолақты таспаға жазып отыруға болады; сабақтың жазбаша шифрленуін жасауға кейіннен мүмкіндік береді	Бет әлпеттері, қол қимылдары, дене тілі, қозғалыс сияқты маңызды визуалды белгілердің жоқтығы; радио-микрофонсыз дыбыс сапасы төмен болуы мүмкін, әсіресе егер акустика нашар болса; белгілі бір балаларды айқындау қиын; талдау уақыты айтарлықтай ұлғайтылған.

5.1 қорапшада келтірілген эксперименттің сипаттамасын оқып шығыңыз. Ол бақылауды балалардың сыныпта жақсы оқитынына қатысты бағалау туралы тұжырымдаманы даулауға болады деген ойға саяды.

5.1 қорапша. Ойша эксперимент

Fenstemacher және Richardson (2005) жұмыстарынан алынған мысалды қарастырайық:

Жақсы оқыту қасиеттерін ұсыну үшін, келесі ойша экспериментті жүргізіп көрейік. Бір қабат шыныдан жасалған екі үлкен панелі бар, жайдың әр жақ бетінде бір-бірден, мектеп сыныбын елестетіп көріңіз. Сіз сыныптық оқытуды бағалау бойынша сарапшылар болып есептелетін бірнеше әріптесіңізбен бірге осындай панельдердің бірінің артында отырсыз. Сіз әріптестеріңізбен бірге римдік жаулау тақырыбында сегізінші сыныпқа арналған дүниежүзілік тарих бойынша өтіп жатқан сабақты бақылап отырсыз. Басқа тағы да бір қабаттық сізге қарама-қарсы панельдің артында қазіргі заманғы басқару пультімен жабдықталған оператор отыр, ол сол жерден барлық оқушыларды бақылап отыр. Ал оқушылар шын мәнісінде роботтар болып табылады, олар белгілі бір сөзді сөйлеуге, бет әлпетін өзгертіп, қолдары мен саусақтарын қимылдатуға бағдарламаланып қойған. Дегенмен олар дәл сегізінші сынып оқушылары сияқты көрінеді, бұл роботтар өзіндік нейрондық немесе танымдық қабілетке ие емес. Әдеттік түсінікте олар ештеңені жаттап ала алмайды. Не сіз, не сіздің әріптестеріңіз бұл оқушылардың роботтар екендігін білмейді.

Мұғалім – барлық сертификаттарға, оның ішінде ұлттық кеңестің куәлігіне ие адам, орта мектепте 15 жылдық оқыту өтілі бар. Сіз сияқты, ол да оқушылардың 13 және 14 жастағы ерекше сөзқой иелері екендігін білмейді. Оның римдік жаулау бойынша сабағы 47 минутқа созылады, осы уақытта басқару пультіндегі оператор роботтарды жымитады, ашуландырады, сұрақ қою үшін қолдарын көтерткізеді, мұғалімнің сұрақтарына жауаптар ұсындырады, және керек десеңіз бір рет мұғалімнен жаза да алдыртады, өйткені «оқушылардың» біреуі қалың резеңке көмегімен қағаздан жасалған шарды ұшырып жібереді. Ол үшін оператор түрлі роботтарды бағдарламаланған түсініктемелер беруге немесе бағдарламаланған сұрақтар қоюға бағдарламалап қойған. Оператор кең ауқымды жиі қолданылатын қимылдарды, сөздер мен дене қимылдарының ішінен жиі кездесетіндерін таңдап алған, ал компьютерлер басқа оқушылардың іс-қимылдарын басқарып отырады, оларды оператор арнайы өзі бақыламайды.

Сабақ соңында сіз таң қаласыз. Қандай керемет нәтиже! Сіздің әріптестеріңіз тек басын изеп келісіп отыр. Егер олардың қолында балдары бар тақтайшалар болса, олар тек 9.9 және 10 деген балды ғана көтерген болар еді. Шын мәнісінде, егер осы сабақ таспаға жазылған болса, онда бұл сабақ мұғалімге «Жыл мұғалімі» марапатын сыйлар еді. Сабақтың тақырыбы мұқият келтіріліп, осы оқушылардың қабілеттеріне қарай тексерілген, бұл жөнінде мұғалімнің керемет келтірілген сұрақтарына жауап беріп отырған

оқушылардың қызығушылықтары мен олардың жауаптары дәлел бола алады. Сіз бұл жайдан ерекше бір күш алған күйде шығасыз, сіздің әріптестеріңіздің соңғысы сыныптан шыққаннан кейін оператор роботтарды сөндіріп, олардың сабақ басталғанда қандай күйде болса, дәл сондай күйге енетінін білмейсіз. Олардың өзгеру үшін ми жасушалары жоқ, ешқандай синапстар жанбайды. Ешқандай оқыту мүмкін емес, ешқандай оқу орын алмайды.

Келесі күні сіз және басқа да педагог мамандар шындықты, яғни оқушылар роботтар болғанын білесіз. Енді мұғалімнің жұмысы жайында не айтасыз? Мұғалім өткізген сабақ соншалықты керемет болмады ма немесе соншалықты құрметке ие емес пе? Егер сіз және сіздің әріптестеріңіз мұғалімнің жұмысын тек 10 деген балға бағаласаңыз, сіз осы жоғары бағаны өзгертер ме едіңіз? Бұл сұрақтар жақсы оқыту дегеннің не екендігі туралы бізді ойландырады.

Міндетті түрде, сіз және әріптестеріңіз жасаған тұжырымдар, ең алдымен, оператор таңдап алған роботтардың реакцияларына байланысты болатын. Ойланып көрейік, оператор роботтарды басқаша әрекет етуге бағдарламалап қойса ше: іштері пысып отырған, іске қатысы жоқ сұрақтар қойып отырған, жалпы алғанда, сыныпта емес басқа кез келген жерде болғысы келетіндіктері туралы ойларын білдіріп отырса ше. Сіз бен әріптестеріңіз мұғалімге қойған өз бағаңыздың бір бөлігін оқушылардың мұғалімге қатысты қалай әрекет ететініне негіздеген боларсыз, егер оқушылар мұғалімді ұйып тыңдап отырса, жоғары балдарды қойып, ал оқушылар мұғалімге қарсы болып отырса, төменгі балдарды қойып отырған боларсыз. Осылайша, біз өз жетістіктеріміз туралы тұжырымдарымыздың оқушыларға бағытталғанын, алайда оқытуға байланысты емес екендігін көрсеткіміз келеді.

Дереккөз: Fenstermacher and Richardson, 2005: 193.

Бақылауды нығайту мен толықтыру

Жақсы тәжірибе ретінде мәнмәтін туралы ақпаратты жазу болып табылады, онда сіз өз бақылауларыңызды жүргізгенсіз, мәселен, сізге қанша оқушының қатысқанын, олардың отырған орындары қандай болғанын және, мүмкін, бақылау барысында орын алған жайттардың ретін жазып отырған дұрыс болар. Аудио немесе бейнежазба мейлінше тұрақты үлгіде кейбір өзара әрекетті бекітіп алады.

Аудиожазба жасау

Таспаға жазба жасау жайттың дыбыстарын жазып алмайды, дегенмен сыныптың жайы туралы ақпарат ауызша емес белгілер мен қимылдармен бірге жойылып кеткенімен, бұл әдіс сыныпты жай бақылаудан гөрі мейлінше толық жазба жасауға мүмкіндік береді.

Сіз таспаға сабақтың белгілі бір кезеңдерін жазу арқылы тікелей бақылауды толықтыра аласыз. Бұл салыстырмалы түрде күрделі емес үдеріс, дегенмен жазбаларды әрі қарайғы тыңдау мен оларды шифрлеу мейлінше ұзақ уақыт алады. Диалогтарды ашу шын мәнісінде мәліметтердің пайдалы көзі болып табылады, алайда егер зерттеу мәні сыныптағы диалогтар болмаса, жазу үшін тек диалогтардың қысқа бөлігі ғана талап етіледі.

Бейнежазба жасау

Бейнежазба сабақ барысындағы диалогтарды жазып алудың жақсы тәсілі, сонымен қатар сабақты тікелей бақылау кезінде жазылған көптеген бөлшектер болып табылады. Уақыт бойынша оқиғалар ретін елестете отырып, бейнежазба басқа ақпарат жинау әдістеріне қарағанда мәнмәтін мен каузалды қатынастардың ара қатысын мейлінше қол жетімді етеді. Оқушылардың мінез-құлық үлгілерін де жазып отыруға болады, оның ішінде ауызша және ауызша емес мінез-құлықты қоса алғанда. Одан бөлек, бейнетаспалар талқылауды бастау үшін басқа адамдарға жағдайды елестетудің ерекше тәсілі болып табылады.

Алайда кемшіліктері де бар. Бейнежазбалар сабақтың салыстырмалы түрде жалпы жазбасы болуы мүмкін, олар камера объективі арқылы ғана көрсетеді. Одан бөлек, сапалы бейне жазбалар алаңдатуы мүмкін көп мөлшердегі аппаратураны қолдануды қамтиды, дегенмен кішкене вебкамераларды пайдалану бұл мәселені азайтады. Негізгі қиындық – камераны статикалық күйде пайдалану болып табылады және ол әдетке айналу үшін оны жиі қолданып тұру қажет. Күрделісі – бейнежазбалар алдамшы болуы мүмкін, өйткені жайттарды толық есепке алу әсерін тудырады, ал шын мәнісінде олар аса таңдамалы (камера тек бір жаққа ғана бағытталған, ол жазба жасамаған кездер ешқандай да назарға алынбайды).

Бейнежазбаларды дұрыс пайдалану көп уақыт алады. Мұқият талдау жүргізу, зерттеу мәні тұрғысынан маңызды болып көрінуі мүмкін оқиғаларға назар аудару таспаға біршама шолу жасауды талап етеді.

Кейде терезе жағындағы жайда орналасқан және сабақ барысында тоқтаусыз жұмыс істейтін жылжымайтын камераның өзі жеткілікті. Ол бүкіл жайға, оқушылар тобына, немесе бір оқушыға бағытталған болуы мүмкін. Мұндай жазбалар бөгде адамдар үшін соншалықты қызық емес, алайда кейінгі талдау немесе талқылау үшін сабақты толық жазып шығады.

Аудио/бейнежазбаларды пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктеріне шолу жасау 5.2 кестеде көрсетілген.

Орын алған жайт туралы адамдардан сауалнама алу

Сауалнамалар

Сауалнамалар сұрақтар арқылы адамдардан ақпараттарды жинауды қамтиды. Сауалнамалар сипаттаушы немесе түсініктеме беруші болуы мүмкін, адамдардың барлығын немесе белгілі бір бөлігін қамтуы, қандай да бір мезетке қатысы болуы немесе беталыстарды анықтауы мүмкін және түрлі тәсілдермен жүргізілуі мүмкін. Басқа бір артықшылығы – бұл әдістің зерттеуге қатысушы тұлғаның құпиялығы мен белгісіз болып қалуының қандай да бір деңгейін қамтамасыз етеді.

Сауалнама жүргізу сіздің көп мөлшердегі респонденттермен байланысу мүмкіндігіңіз және стандартталған, сандық жағынан өлшеуге болатын эмпирикалық мәліметтерді алу мүмкіндігіңіз бар екендігін білдіреді. Жабық сұрақтарды пайдалану жауап берушілердің көрсетілген нұсқалар ішінен, ережеге сәйкес, тез кодталып, талдауға болатын нұсқасын таңдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ашық сұрақтарды да пайдалануға болады, бұл жағдайда сіз жауап берушілердің өз сөздерімен жауап беруіне мүмкіндік бересіз. Мұндай сұрақтар шынайы жауаптарды алуға мүмкіндік береді, алайда оларды кодтау мен талдау күрделі болуы мүмкін.

Дегенмен мұндай сауалнама көп мөлшердегі шынайы мәліметтерді ұсынуы мүмкін, сауалнаманың өзін құрастыру қиындық тудырады. Бүкіл үдеріс сұрақтарды тұжырымдауды, жауаптардың санаттарын, қосымша ақпаратты жазуды және нақты нұсқаулықтарды қамтиды. Дұрыс орналастыру, құрылымдау мен ұзақтығы мен құрылымын тексеру де күрделі міндет болып табылады. Сұрақтарды дұрыс тұжырымдау күрделі болуы мүмкін, және оларды қамту аясын кеңейтпес бұрын кішкене топқа сынақтан өткізіп алған жөн.

Қарапайым тұжырымдамаларды ұстанған және сыни көзбен қарауға ниеттенген досыңыздан нашар құрылымдалған күрделі терминдер мен тіл пайдаланылған сұрақтар мен бекітулердің тізіміне шолу жасауды сұрасаңыз болады. Екі емес қарсылыққа ие екі мағынадағы сұрақтар мен мәлімдемелерге жол бермеңіз. Келіспеу қиын болатын, шындыққа жақын мағынаға ие тұжырымдар немесе сұрақтары бар аса көп сөздерден тұратын сөйлемдер есебінен респондентті өз жағыңызға алуға тырыспаңыз.

Сұрақтар мен сауалнамаларды әдетте тек қағаз бетінде жүргізеді, алайда мәліметтерді SurveyMonkey сияқты ақысыз бағдарламалар есебінен онлайн режимінде де жинауға болады.

Стандартталған тесттер

Психологтар мен қоғамдық ғылымдар бойынша мамандар оқуға деген оқушылардың қатынасы, оқуға түсу кезінде оқушыларды бағалау үшін кейбір мектептерде қолданылатын танымдық қабілеттерді анықтауға арналған тесттер сияқты белгілерді бағалау үшін кең ауқымды өздігінен толтырылатын өлшеу құралдарын жасап шығарды.

Техникалық жағынан алғанда мұндай тестілер жеке көрсеткіштерді бағалауға арналған шәкіл болып табылады. Мұндай тестілерді дайындау үшін арнайы дайындық талап етіледі, сондықтан өз мәліметтеріңізді толықтыру үшін мойындалған стандартты тестті пайдаланған жөн, сонымен бірге сіз балдарды есептеу жүйесі бойынша нұсқаулық алып, жинақталған мәліметтерді талдай аласыз. Мәселен, өзін-өзі тану бойынша сайт (SDT) адами қажеттіліктер, құндылықтар, ішкі уәждеме, даму, мәдениеттегі уәждеме, жеке айырмашылықтар мен психологиялық оң ықпал сияқты маңызды сұрақтарға қатысты SDT мен ресурстарға қысқаша шолуды ұсынады (http://www.selfdeterminationtheory.org/).

5.3 кестеде сұрақтар мен стандартты тесттердің артықшылықтары мен кемшіліктері ұсынылған.

	Преимущества этого подхода	Недостатки этого подхода
Опросы на основе анкет	Опросы сравнительно легко проводить, на бумаге или онлайн. Опросы позволяют собирать информацию в больших группах. Можно задать множество вопросов о конкретной области.	Общая полезность определяется качеством вопросов. Необходимо убедиться, что получены ответы от большого числа выбранных участников Участники могут не помнить информацию или не говорить правды по противоречивому вопросу Опросы не отличаются гибкостью, поскольку требуют, чтобы опрос оставался неизменным в течение всего процесса сбора информации.
Тесты и шкалы	Благодаря стандартизации от групп можно получать сходные данные и затем проводить сравнительный анализ. Испытания сравнительно надежны и данные легко получить, поэтому наблюдатель субъективно устраняется.	Тесты сложно разработать и требуются значительная квалификации для их написания и анализа

5.3 кесте. Сұрақтар мен стандартты тесттердің артықшылықтары мен кемшіліктері

Әңгімелесу (сұхбат) және назардағы топ

Шынын айтқанда, әңгімелесу – бұл екі адамның арасындағы әңгіме, ал назардағы топтар бірнеше адамдармен жүргізіледі. Екі бірдей әдістің ұстанымы бірдей, дегенмен назардағы топтарды пайдалану үдерісті одан сайын күрделендіріп жіберуі мүмкін, ол кейінірек зерттелетін болады. Әңгімелесу де, назардағы топтар да – бұл әңгіме, оның мақсаты мұғалімдер мен оқушылардан олардың көзқарастары туралы сұрау, түсініктемелер мен мәндер, сыныптағы қарқынды түсінуге көмек беру болып табылады. Олар ең алдымен жан-жақты, сапалы сипаттама жинау үшін қолданылады, дегенмен барлығы мұқият жасалғанның өзінде, сұхбаттасушы тұлғаның белгілі бір уақытта өз пікірі туралы не ойлайтынын ғана анықтай аласыз.

Сенім орнату

Сұхбатта да, назардағы топтарда да алдын-ала сенімді қарым-қатынас орнату маңызды, және ол үшін олардың көзқарастарының маңызды екендігіне көз жеткізу қажет. Сіз бен сіз сұрау жасап отырған адамның арасындағы өзара байланыс айтылып жатқан жайтты және керісінше жайтты қалай түсінетініне әсер етеді. Егер сіз оқушыларыңыздың бірімен сөйлесіп отырсаңыз, онда бұл мәселе болуы мүмкін, өйткені сіз бен оқушының арасында қарым-қатынас орнатылып қойған, ал сонымен қатар бір-біріне деген түрлі қатынастар да орнатылған. Олар толық сенімді қатынастардан сенімсіздікке дейін, немесе жақтырмаушылықтан ашық дұшпандыққа дейін ерекшеленуі мүмкін. Мүмкін, сіз қиын деп есептейтін оқушымен әңгіме жүргізу сіздің қатынастарыңызды жақсарта алады, егер содан кейін сіз оны және оның мінез-құлқын жақсырақ түсіне бастауыңыз мүмкін. Алайда, егер оқушыға қатысты өзіңіздің жағымсыз әсеріңізді нығайтқыңыз келсе, онда бұл жағдай бәрін қиындатып жіберуі мүмкін, және оқушы оның жеке қабылдауына қызығушылық танытуыңыз мүмкін. Бұл жағдайда оқушыларды білмейтін әріптесіңізге әңгімелесуді ұсынғаныңыз дұрыс болар.

Назардағы топтар

Назардағы топтар қатысушылардың ойларын, қарым-қатынастарын, тәжірибесі мен сезімдерін анықтау үшін пайдалы. Қатысушылардың арасындағы өзара қарым-қатынас, сонымен қатар олардың не айтатыны адамдардың пікірлері туралы көп нәрсені айтуы мүмкін. Мәселен, топтағы өзара қарым-қатынас қарқынына мұқият назар аудару қатысушылардың келісімін, келіспеушілігін және айырмашылығын анықтауы мүмкін. Автор O'Brien (2007) орта мектептегі оқушылардың артықшылықты, күтілетін және мақұлданған пікірлер туралы ақпаратты алу үшін топтық әңгімелесу әдісін пайдаланған. Оқушылардан кеңес алғысы келетін мектеп мұғалімдері үшін пайдалы болатын жаңа әдіс болып табылады, ондағы қолданылған әдістер 5.2 қорапшада келтірілген.

5.2 қорапша

96 топтан ұжымдық түрде және жасырын түрде өздері мектепте еститін қалыпта көрсететін аттардың тізімін жасауды өтінді, ал сауалнама алушы бірнеше минут қалғанда бөлмеден шығып кетеді. «Ең жәбірлеуші аттар» атауы бар жасыл түсті қағаз бен «Жәбірлеуші, алайда соншалықты емес, аттар» атауы жазылған сары түсті қағаз әр топқа берілген. Түстер күрделілік деңгейін бағалау үшін қарапайым индикатор қызметін атқарды.

Жәбірлеуші аттар жәбірлеу үшін сезілетін себеп көрсеткіші ретінде қолданылуы мүмкін. Зерттеуші оларды нысаналы топ немесе жеке атрибуттар ретінде кодтады, олардың жеке тұлғаларға қатысты рассалық немесе жыныстық эпитеттер немесе жәбірлеулер ретінде болуына байланысты. Пилоттық зерттеу көрсеткендей, бұл «құпия» топтық жұмыс мектепте өзі жасты балалар арасында жастар жиі еститін жәбірлеуші аттар туралы ақпаратты алудың мейлінше тиімді тәсілі болып табылады. Ол көрсетіп отырғандай, жәбірлеуші аттардың күрделігінің салыстырмалы деңгейін абстрактілі талқылау сауалнама алушы тізімдерді сауалнама алу барысында көрместен алу мүмкін екендігін көрсетті.

Талқылау келесі сұрақтардан басталған:

А. Соншалықты жәбірлеуші емес («сары түсті») аттарға қарағанда жәбірлеуші («жасыл түсті») аттар не істейді? Және керісінше, қандай жағдай соншалықты жәбірлеуші емес («сары түсті») аттарды соншалықты жәбірлеуші етпейді?

Б. Егер сізді жәбірлер болса, онда сіздің теріңіздің түсінен немесе сіздің

сыртқы тұлғаңыздан сізді жәбірлегенін қалайсыз ба?

Біріншісұрақжалпыерекшеліктергеқолжеткізеді,алекіншісіреспонденттердің түрлі қысылу үлгісіндегі құрбан не сезінуі мүмкін екендігі туралы ойланған дұрыс, осылайша топтық немесе жеке белгілерге байланысты қорғанысты және зиянды белгілер туралы мейлінше назар шоғырланған жауаптарға әкеп соқтырады. «Сыртқы тұлғасы» мен «терінің түсі» таңдап алынды, өйткені олар соншалықты ерекшеленбейді. Респонденттер әрбір критерий үшін топтық немесе жеке белгілерді еркін таңдап алуы мүмкін, осылайша жәбірлеу үшін әлеуметтік шартталған себептерді анықтауға болады.

Дереккөз: O'Brien (2007).

5.4 тапсырма. Сауалнамаға дайындалу

Егер сіз әңгімелесу арқылы ақпаратты жинауға қызығушылық танытсаңыз, онда келесі жайттарды есте ұстаңыз:

Сауалнама алдында

- Нені білгіңіз келеді және неліктен?
- Сіз өз сұрақтарыңызды пилоттық сынақтан өткіздіңіз бе?
- Уақтылы келгеніңізге көз жеткізіңіз.
- Аппаратура орнатылып, тексерілген бе?
- Сұхбаттасушыларға сауалнама себебін қалай түсіндіресіз?
- Сұхбаттасушыны қалай еркін сезіндіруге болады?
- Этикалық нұсқаулықты түсіндірдіңіз бе?
- Сұхбаттасушыдан оның сұхбатты жазуға қарсылығы жоқтығын сұрадыңыз ба? Егер олар келіспесе, онда жауаптарды қалай жазып аласыз?

Сауалнама барысында

А. Үдерістер
- Мұның сауалнама екендігін есте сақтаңыз, сондықтан сізге көп сөйлеуден

гөрі тыңдаған дұрыс.
- Талқылау тетігін үзбеуге тырысыңыз және үзілістерді ойлаудың табиғи бөлігі ретінде қабылдаңыз.
- Айтылған нәрсенің бәрін қабылдаңыз.
- Респондент нені меңзеп отырғанына сенімді болмасаңыз, түсіндіруін сұраңыз.
- Қажеттілік реті бойынша, кілт сөздерді ұсынып, сөйлесу ырғағын бір қалыпта ұстаңыз.
- Өз рөліңізді ұстаныңыз.
- Қажетті кезінде әңгімені тоқтатыңыз.
- Бөлген уақыты үшін сұхбаттасушыға алғыс білдіруді ұмытпаңыз.

Б. Сұрақтар
- Сұхбатты бастау үшін сұхбаттасушының сеніміне қалай кіресіз?
- Сіз қандай стратегиялық сұрақтарды қоясыз?
- Ашық сұрақтарды пайдаланасыз ба?
- Сұхбаттасушы мейлінше дәл жауап беру үшін негізгі сұрағыңызды мейлінше қысқа сұрақтарға бөлдіңіз бе?
- Әңгімені басқа бағытқа жетелейтін жауаптарға деген пікіріңіз қандай?
- Сіз қойған қандай да бір сұрақтар сіз тыңдағыңыз келетін жауапқа әңгімелесушіні жетелейді ме?

5.4 кесте. Сұхбат пен назардағы топтарды пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері

	Осы тәсілдің артықшылықтары	**Осы тәсілдің кемшіліктері**
Сауалнама	Кең ауқымды бейнені беретін кең ауқымды мәліметтерді ұсынады	Уақыттағы шектеулерге қарай оқушылардың немесе мұғалімдердің қатысуын ұйымдастыру күрделі болуы мүмкін
	Бұрын қарастырылмаған мәселелерді анықтауы мүмкін	Сұхбат пен үлкен назардағы топтар кейбір қатысушыларға үрей тудыруы мүмкін
	Басқа тәсілдермен жинақталған сандық мәліметтерді растау үшін ақпаратты ұсына алады	Адамдар мен сұхбаттасу күрделілігі түсінбеушілік пен бұрыс түсіндіру үшін көптеген мүмкіндіктерді ұсынуы мүмкін
Назардағы топтар	Кішкене назардағы топтар қатысушылардың қолайлылық деңгейін арттыруы мүмкін	Қатысушыларды өз пікірлерімен келісуге итермелеу мүмкіндігіңіздің қаупі бар.
	Назардағы топтар сенімдер, қатынастар, тәжірибе мен қатысушылардың сезімдерін анықтау үшін пайдалы	Кейбір қатысушылар топта ерекшеленуі мүмкін, және олардың мінез-құлқы қате келісімге әкелуі мүмкін
	Назардағы топтар түрлі пікірлердің көптігі туралы ақпаратты ұсынуы мүмкін	Топтардағы адамдарды ерекшелеу сіз үшін қиын болуы мүмкін
	Олар топтағы өзара әсер қарқыны туралы ақпаратты да ұсынуы мүмкін	Егер сіздің тобыңыз кішкентай немесе үлкен емес болса, жалпылау қиын болуы мүмкін

Жауаптарды түрлі тәсілдермен жазып алуға болады; жазу тәсілдерінің қайсысы сіз үшін сәйкес екенін анықтау үшін бірнеше жазба тәсілдерін таңдауға болады.

- Конспектілеу – құрылымдалғаннан ашық және түсініктеме берушілікке дейін ерекшеленуі мүмкін.
- Аудиожазба – әрі қарай талдау үшін бастапқы мәліметтерді сақтауға мүмкіндік береді.

- Бейнежазба – бейнежазба қосымша артықшылыққа ие, өйткені ол визуалды мәліметтерді бекіте алады, алайда үлкен техникалық қиындықтармен байланысты болуы және талдау қиындық тудыратын мәліметтерді ұсына алады.

Сұхбат пен назардағы топтардың артықшылықтары мен кемшіліктері 5.4 кестеде келтірілген.

Басқа ақпарат көздері

Құжаттар

Сіз үкіметтік құжаттар мен басқа да мектептік мәліметтер мен полистер сияқты қосымша әдебиетті пайдалана аласыз. 5.5 тапсырма құжаттарды талдау кезінде пайдаланылуы мүмкін сұрақтарды қамтиды.

5.5 тапсырма. Құжаттардың мазмұны мен мәнмәтіні арасындағы өзара байланысты талдау

- Бұл құжатты кім түзді, автор (авторлар) туралы не белгілі?
- Қашан? Мәмәтін/алдыңғы оқиға қандай?
- Ақпарат қайдан алынған – ол қалай жинақталған?
- Ол кімге арналған?
- Ол неге арналған? Автор ақпарат білдіруге, сендіруге, пікір білдіруге немесе тырысқан…?
- Не тиісті ретінде қабылданады? Не туралы айтылмайды?
- Ол толық па? Ол өзгертілген немесе түзетілген бе? Ол көшірмесі болып табылады ма? Егер иә болса, оны кім таңдаған?
- Басқа оқиғалармен/бекітулермен/идеялармен қандай байланыс орнатылған?
- Ол қаншалықты нақты ақпаратты хабарлайды?
- Ақпарат дәл, нақты және өзекті болып табылады ма?
- Онда қандай да бір қайшылықтар/байланыспаушылық/айтылмай қалған жайттар бар ма?
- Ол деректерге немесе оларды түсіндіруге негізделген бе?
- Құжат туралы автор қандай түсініктемелер берген?
- Түрлі қабылдаушылардың түсініктемелері қалай ерекшеленуі мүмкін (мәс., ата-аналар/ мұғалімдер/ педагогтар/ саясаткерлер)?
- Құжатты түсіну үшін оқырмандарға нені білу қажет?
- Мәтінде әлеуметтік/саяси/педагогикалық мәнмәтін туралы қандай құндылықтар/идеологиялар немесе жіберушіліктер беріледі? мәс.,

Мәнмәтін бар ма? Қандай жайт мәселе емес?
- Қандай ырғақ таңдалған? Ол қаншалықты анық және жасырын бағдарлама бар ма?
- Қандай балама қорытындылар бар? Оларды мойындайды ма, болмаса назарға алмайды ма немесе жоққа шығарады ма?
- Әлеуетті салдарлар/нәтижелер қандай?
- Сыртқы дәлелдемелер бар ма? Қандай басқа мәліметтер үлгісі пайдалы болуы мүмкін?

Екіншілік дереккөздер

Екіншілік дереккөздер – сіздің зерттеу жұмысыңыздан ерекшеленетін себептер бойынша бастапқыда жиналатын әрекет етуші мәліметтер болып табылады, мәселен, мектепке қабылдау кезінде оқушылардың көрсеткіштері туралы мәліметтер, жетістіктер, стандартты тест балдары мен мектептегі демографиялық мәліметтер.

Визуалды бейнелер

Визуалды бейнелер екі тәсілмен пайдаланылуы мүмкін – біріншіден, фотосуреттер арқылы сыныптағы жағдайды белгілей аласыз немесе, екіншіден, фотосуреттер әңгімелесу барысында көмекші сөздер ретінде пайдаланылуы мүмкін. Мәліметтерді жинаудың осы екінші әдісі сұхбат барысында фотосуреттер немесе таспаны пайдалануды қамтиды, басқаша айтқанда – сіз қатысушылардан фотосуреттер, таспалар немесе бейнелердің мәнін талқылауды өтінесіз. Бұл жағдайда зерттеушімен ақпаратты алуға пайдалану үшін арнайы түрде жүргізілуі мүмкін, содан кейін сұхбат жүргізушінің өзімен түсініктемелер немесе визуалды материалды талдау аудио таспаға болмаса бейне таспаға кейінгі талдау үшін жазылып алынады.

Мәселен, Cremin et al. (2011) жұмысын қарап шығыңыз, ондағы визуалды әдістер Ұлыбританияның жағымсыз қалалық орамындағы 11-16 жастағы аралас орта мектептегі оқушылар мен мұғалімдердің оқушылар даусына жататындығы зерттелген.

5.3 қорапша. Визуалды бейнелерді пайдалану алдында есепке алынуы тиіс негізгі мезеттер

Бейнелерді алғашқы пайдалану кезінде төмендегілерді есте сақтау қажет:

1. Ешқандай визуалды әдіс немесе перспектива мәнді тудырудың кез келген басқа тәсілдер алдында ешқандай артықшылыққа ие емес.
2. Біз «көрмейміз», біз тек «қабылдаймыз», өйткені біріншісі – бұл биологиялық норма, ал кейінгісі – мәдени-психологиялық аспект болып табылады.
3. Барлық бейнелер полисемиялық (көптеген мүмкін мәнге ие) болып табылады.
4. Сөз бен санға бағытталған зерттеушілер оларды тиісті ретінде қабылдай отырып бейнелерге шолу жасайды.
5. Визуалды зерттеушілер бейнелерді мұқият зерттейді (терең зерттеу мен бейнелердің мәселелері).
6. Бейнелерді «зерттеушілер табуы» (басқалармен түзілген) немесе «зерттеуші түзген» (зерттеушімен жинақталған) болуы мүмкін. Екі бірдей түр визуалды зерттеу үдерісіне қатысты.
7. Нысандар мен бейнелер сияқты образдар әлемде материалды түрде болады, алайда адамдар арқылы мәнге ие болады.
Несмотря на наблюдательную направленность исследования Джона, внутренняя валидность результатов увеличится, в частности, за счет триангуляции методов. Чтобы делать общие утверждения о том, как ее ученики сотрудничают в малых группах, и какие формы использования языка это создает, ей нужны доказательства того, что успехи учеников не полностью зависят от характера групповой работы или от динамики определенных взаимосвязей между сверстниками. Для этого Джейн может использовать различные методы поощрения использования группой изучаемого языка, давая им различные виды языковых заданий в течение периода сбора информации. Они

могут включать, например, ролевые игры, споры, решение задач или описание. Важно включить различные виды задач, поскольку скрытые предпочтения учеников могут определяться типом языка, требуемым для выполнения различных заданий (например, знание определенной лексики), или возможностью различных видов взаимодействия (напр., спор, сотрудничество), предпочтительных для разных типов личности.

Интерес Джейн к исследованию причин, почему ее ученики показывают определенные результаты в изучении языка, может привести к выводам, валидность которых может оказаться под угрозой, если она не примет соответствующих мер для укрепления своих рассуждений. Для компенсации исключительно собственного объяснения полученных данных Джейн могла бы провести интервью с отдельными учениками в качестве другой формы триангуляции методов ее исследования. Это было бы особенно полезным для изучения причин того, почему ученики меняют язык в определенные моменты группового диалога. Хотя Джейн может интерпретировать некоторые возможные причины за счет поиска паттернов перехода в расшифровках, для ее анализа пошли бы на пользу собственные объяснения некоторых учеников. Она также могла бы использовать интервью как возможность протестировать некоторые собственные интерпретации паттернов перехода на самих учениках, чтобы увидеть, подтверждают ли они ее собственные взгляды. Разумеется, даже если бы ученики опровергли некоторые ее заключения, это не обязательно означало бы отсутствие их валидности, поскольку импульс мог сработать на подсознательном уровне. Однако обсуждение этого вопроса с учениками само по себе усилило бы ее исследование, сделав интерпретированные данные насыщеннее, и продемонстрировав большую осведомленность о сложностях процесса анализа.

Что касается триангуляции исследователей, то и Джон, и Джейн могли бы обратиться к коллеге для проверки их выборки данных, связанных с определенным аспектом их исследования, чтобы увидеть, повторится ли сделанная ими самими интерпретация данных в выводах коллеги.

Поиск опровергающих доказательств

Зачем это необходимо?

Это способ подтверждения выводов путем пересмотра гипотез в свете опровергающих доказательств в данных. Miles and Huberman (1994: 263)) описывают эту тактику как часть набора стратегий для поиска «противопаттернов» («unpatterns»), которые «проверяют вывод о «паттерне», говоря, чем он не является». Другие перечисленные ими стратегии включают «проверку смысла посторонних значений», «использование крайних случаев» и «отслеживание сюрпризов». Возможно, более явно, чем предыдущие две стратегии, которые рассмотрены в этой главе, поиск опровергающей информации сфокусирован на связи между собранными эмпирическими данными и теориями, гипотезами или выводами, сделанными исследователем после того, как процесс анализа принес некоторое понимание.

Как можно снизить угрозу валидности в исследовании Джейн?

Поиск опровергающих доказательств – один из способов защиты от нашей естественной склонности к излишнему энтузиазму в отношении определенной интерпретации или паттернов данных. Цель качественного анализа не в том, чтобы доказать точку зрения или найти подтверждение теориям, но зачастую воодушевление от обнаружения одного или нескольких экземпляров данных, подтверждающих определенную интерпретацию исследуемого явления, может заставить исследователя слишком быстро и слишком безоговорочно остановиться на определенной интерпретации данных. Например, Джейн может обнаружить, что ученики с большей готовностью используют изучаемый язык в повторяющейся ситуации (напр., если они уже сталкивались с необходимостью использовать выражение в схожей коммуникативной ситуации в прошлом задании). Не прибегая к количественному подсчету количества применений изучаемого языка в повторяющейся ситуации, что было бы некорректно в качественном анализе, Джейн могла бы также искать случаи использования учениками французского языка в новых коммуникативных ситуациях или неиспользования в повторяющихся ситуациях. Независимо от того, приведет ли это к изменению ее выводов, просто продемонстрировав нам (и себе), что она проверила опровергающие доказательства, даст ей и нам больше уверенности в сделанной ею гипотезе и ее заключительных выводах.

Заключение: размышление о достоверности и валидности применительно к собственному проекту

Как показали примеры, приведенные в этой главе, эти две концепции необходимо учитывать на разных этапах вашего исследовательского проекта. Подсознательно вы должны размышлять о слабых местах процесса сбора и анализа информации. Насколько эффективно они соотносятся с вашими целями и задачами исследования? Всегда полезно обсудить свой план с коллегой или наставником, прежде чем приступить к его реализации. Ищите примеры в литературе, чтобы понять, как другие люди спроектировали схожие исследования. Выявив потенциальные недостатки, вы сможете начать планировать стратегии, подобные описанным выше, которые вы сможете адаптировать для преодоления определенных угроз для достоверности и валидности собственного исследования.

Помните, что между качественным и количественным анализом есть фундаментальное различие: первый не стремится прийти к твердым фактическим выводам на основании некоторой формы измерения; его цель – выработать гипотезы и аргументы, или исследовать темы, подтвержденные заслуживающими доверия данными. Будьте откровенны (и при необходимости самокритичны) о том, как вы пытались подтвердить достоверность доказательств в своем анализе.

Задание 7.1 Каким образом использование учениками ИКТ на уроках способствует их обучению?

Представьте, что вы хотите исследовать этот вопрос применительно к контексту вашего предмета. Примите к сведению следующие вопросы, которые вам необходимо будет решить при проектировании качественного исследования на основании собственного опыта преподавания с одной или несколькими группами в вашей школе.

- Какой тип использования учениками ИКТ вы хотите исследовать и почему?
- С каких аспектов их учебы вы хотите начать исследование?
- Какие доказательства вы хотите собрать относительно использования учениками технологии?
- Какие другие формы сбора данных вы используете?
- Перечислите процедуры и типы информации, которые потребовались бы другим для повторения исследования.
- Какова вероятная угроза для внутренней валидности вашего исследования?
- Какие стратегии вы используете для защиты от этих угроз?

Основные идеи

Данная глава призвана обозначить основные преимущества обеспечения достоверности и валидности исследования, проводимого учителями-исследователями. Мы утверждали, что эти два понятия являются важными мерами оценки, используемыми в наблюдательном и интроспективном качественном анализе. Достоверность – это степень тщательности, последовательности и добросовестности исследования. Эта мера традиционно связывается с субъектом исследования. Если бы независимый исследователь проводил аналогичный анализ, пришел бы он к тем же выводам (внутренняя достоверность)? Если бы независимый исследователь проводил аналогичное исследование в другом месте, то пришел бы он к тем же выводам (внешняя достоверность)? Валидность – это то, в какой степени исследование измеряет то, что в нем заявлено. Внешняя валидность – это показатель генерализуемости результатов. Она считается неактуальной в реальных условиях эпистемологических рамок качественного анализа. Однако она может быть полезна, если рассматривать ее как инструмент

гипотетической валидации. Внутренняя валидность, с другой стороны, описывается как важное качество, касающееся связи между результатами исследования и процедурами сбора и анализа информации, используемыми для их получения. Описаны и объяснены три типа стратегий проверки внутренней валидности качественного анализа учителей-исследователей. Долгосрочное участие дает исследователю достаточно времени для ознакомления и понимания субъектов, данных и процесса исследования, что увеличивает валидность результатов. Триангуляция источников, методов и исследователей защищает исследование от угроз для внутренней валидности результатов за счет погрешностей, присущих каждому отдельному источнику, методу или отдельному исследователю. Поиск опровергающих доказательств – это способ подтвердить определенные паттерны в результатах, исследуя опровергающие свидетельства, что позволяет определить, чем паттерны не являются.

Вопросы для рефлексии

1. Были ли вы достаточно честны в процедурах и ограничениях вашего исследования? Качественные исследования - исследования как о процессе, так и о его результатах. Вопросы об обоснованности и достоверности являются хорошим способом критически составить отчет о процессе.
2. Рассматривали ли вы угрозы вопросам надежности и достоверности, прежде чем начать, а также рассматривали ли их после того, как вы завершили сбор данных?
3. Составьте список стратегий, которые использовались для укрепления надежности и достоверности вашего исследования. Во-первых, определите потенциальные угрозы, затем поговорите о стратегиях, которые вы разработали, чтобы компенсировать эти угрозы.
4. У вас есть соответствующее количество целей исследования для изучения? Будьте реалистами в пределах временных и ресурсных ограничений, с которыми вы работаете.

Дополнительная литература

Denzin, N. and Lincoln, Y. (2011) The SAGE Handbook of Qualitative Research (4th edn). London: Sage.
Saldana, J. (2009) The Coding Manual for Qualitative Researchers. London: sage
Silverman, D. (2010) Interpreting Qualitative Data (3rd edn). London: Sage.

ТАРАУ 7

ЗЕРТТЕУШІ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ САПАЛЫ ТАЛДАУЫНЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫ МЕН ЖАРАМДЫЛЫҒЫ

MICHAEL EVANS

Тарауға шолу жасау

Бұл тарауда сабақ беруші зерттеушілермен жүргізілген мектептегі сапалы зерттеу мәнмәтініндегі шынайылық және жарамдылық болып табылатындығы қарастырылады. Зерттеуші мұғалімдердің сапалық талдауының ішкі жарамдылығын тексерудің үш түрлі стратегиясы сипатталып, түсіндіріледі. Сонымен бірге, дереккөздер, әдістер мен зерттеушілер үшбұрышының нәтижелердің ішкі жарамдылығы үшін қауіптерден экспериментті сақтауға көмек береді. Ең соңында, жоққа шығаратын дәлелдемелерді іздеу кері дәлелдемелерді зерттеу есебінен нәтижелердің белгілі бір үлгілерін растауға қолданылуы мүмкін.

Кіріспе

Белгілі бір зерттеу кезеңінде аз ауқымды сапалық талдау жүргізетін негізгі қауіптердің бірін мынадай сұрақпен білдіруге болады: «әрі қарай не болады?». Бұл зерттеу – тек бір тамшы ғана, басқа бір адам үшін менің тәжірибемнің жеке және жергілікті нәтижелері қандай мәнге ие болады? Түрлі мәнмәтіндерде түрлі нәтижелерге қол жеткізіледі, сондықтан басқа адамдар үшін менің зерттеу жұмысымның пайдасы қандай? Бір жағынан алғанда бұл қауіп ақпараттың көп мөлшері мен қамтылуына қол жетімділікті есепке ала отырып, аса ауқымды сандық талдаудың көзге көрінетін мыңыздылығына реакция болып табылады. Зерттеуге қаншалықты көп пән, сыныптар, мектептер мен мәнмәтіндер қамтылған болса, егер олар статистикалық есептеулермен расталған болса, зерттеушінің жалпы сәйкестік пен қол жетімділігіне үміт ету үшін зерттеушіде көбірек негіздеме болады. Дәл сол мезетте өзіндік зерттеудің шынайылығымен және жарамдылығымен байланысты қауіптер педагогикалық зерттеуді шектеуді түсінудің оң белгісі болып табылады. Білікті зерттеушінің аңғырт зерттеушіден айырмалығы – біріншісі өз нәтижелері туралы асығыс-үсігіс және өркөкірек мәлімдемелер жасауға ниетті емес: дауланбайтын сенімділік, ережеге сәйкес, ғылыми-педагогикалық зерттеулерде сирек кездеседі. Кейбір күдік біздің қырағылығымызды арттырып, жаңа әрі қарама-қайшы дәлелдемелер үшін бізді ашық ететіні маңызды.

Алайда, талдау зерттеу жұмысы ретінде есептелуі үшін, белгілі бір дәрежегі жүйелілік пен жарамдылық талап етіледі, өйткені менің кіріспе ескертулеріме қарамастан, зерттеу жұмысының мақсаты – ең ауқымдағы тұлғалардың қызығушылығын тудырып, жеке және субъективті ойлау нәтижесі ретінде елестетуге мүмкіндік береді. Авторлар Линкольн мен Губа (Lincoln and Guba (1985)) «натуралистік зерттеу» мәнмәтінінде талдау сапасын оның «адалдығымен» және сендіру үдерісінің бөлігі ретінде пайдаланылған әдістерді зерттеумен өлшеуге болатынын растады:

Адалдықпен байланысты негізгі мәселе қарапайым: Зерттеуші өз зерттеулерінің нәтижелері олардың назарына тұрарлық екендігін, сонымен қатар олардың назарына алынуға тиісті екендігіне өз тыңдармандарын (өзін қоса алғанда) сендіре алады ма? Осы қатынаста сенімді болу үшін қандай дәлелдемелер келтіруге, қандай критерийлерге жүгінуге, қандай сұрақтар қоюға болады? (1985: 290)

Зерттеу жобасы (алынған мәліметтерді талдау мен түсіндіруге тырысатын) мен жеке жобаны (тек мәліметтерді ғана сипаттайтын) болжамды түрде айыратын немесе «пәндік зерттеу» мен «көрнекі мысал» арасындағы осындай жүйелілік пен кең ауқымды жарамдылық (Bassey, 1999: 62). Осыған байланысты қоғамтану ғылымында осы тараудың басқа бөлігінде мектептегі зерттеу мәнмәтінінде біз жан-жақты қарастыратын зерттеу жұмысының жарамдылығы мен шынайылығын нығайтуға арналған екі топтағы концепциялар мен стратегиялар түзіледі. Алайда, біз бастамас бұрын, «сапалық талдау» термині нені білдіретінін түсініп алу қажет.

Сапалық талдау дегеніміз не?

Сапалық талдауға анықтама беру оның шын мәнісіндегі түріне қарағанда күрделірек, өйткені бұл термин әдістемелік және эпистемологиялық парадигмалардың кең ауқымын қамтиды. Алайда, ғылыми-педагогикалық зерттеуде осы зерттеу жұмыстарындағы ерекше назар адами сендіру, жіберулер, түсіну, пікірлер, іс-әрекеттер, өзара байланыстар мен зерттеу немесе оқыту үдерісінің дәлелдемелерінің басқа да әлеуетті көздері сияқты құбылыстарды терең зерттеуге жасалады. Одан бөлек, бұл құбылыстар өзінен-өзі орын алатын жайттар ретінде емес (яғни олар айқындалғанға дейін күтілетін әрекет етуші реалийлер ретінде есептелмейді), оның орнына зерттеу жұмысының барысында пайдаланылатын түсіндіру үдерісіне байланысты күрделі, дамушы, көп жақты, интермәтінді түсіндіруді білдіреді. Сондықтан сапалы әдістемені талқылауды оның негізінде жатқан эпистемологиялық жіберулерден айыруға болмайды. Сапалық талдау негізделген эпистемологиялық парадигма білім туралы жағымды пікірді кері қайтарып отыр, және оның орнына «көптеген құрылымдалған шынайылықтар» өнімі ретінде эмпирикалық мәліметтерді қарастырады (Lincoln and Guba, 1985: 295). Сондықтан сандық және сапалық талдау жобалары мен сандық және сапалық талдау әдістерін айыру аса маңызды, өйткені сапалық талдау үшін сауалнамалар немесе тестілер сияқты «сандық құралдарды» пайдалануға әбден болады, алайда оларды пайдаланудың негізгі мақсаты – белгілі бір құрылымдарды, сендірулерді және зерттелетін субъектілерді түсіну болып табылады. Тиісті сапалы мәліметтерді алу үшін, сұхбат (түрлі мақсаттарға қызмет ететін бірнеше түрлі), сабақтарды бақылау барысындағы ескертулер және жазбалар, күнделіктер (немесе басқа жазба айту үлгілері), сонымен қатар ауызша емес тәсілмен алынған ақпарат пайдаланылады.

Бөлшектерге деген осындай назарға қарамастан, «құрылымдалған» және мәнмәтін-шартталған сапалық педагогикадағы талдау білім беру үдерісінің аспектілерін жүйелі түрде түсінуге мүмкіндік беретін білімді, болжамдарды немесе пәндік зерттеулерді өндеуге талпынады.

Жоғарыда аталған жайттардан мынадай қорытынды жасауға болады, яғни сапалық талдауды екі үлкен санатқа бөлуге болады: бақылаушы және интроспективті. Бақылаушы перспективалар зерттеу жұмысының жобасында «табиғи» жағдайларда туындайтын құбылыстарды зерттеуді қамтиды, мәселен, сабақтарда топтық тапсырмалардың орындалуымен жұмыс істейтін өзара әрекет қарқынының аспектілерін зерттейтін мұғалім жағдайындағы мысалды келтіруге болады. Арнайы құрастырылған шарттар мен салыстыруға арналған бақылау тобын қамтитын эксперименталды зерттеу талаптарынан бөлек, сапалық тәсіл, ережеге сәйкес, табиғи жолмен сабақтарда туындайтын құбылысты зерттейді. Сондықтан «сапалық талдау» термині «натуралистік зерттеу» терминімен бірдей пайдаланылады. Интроспективті зерттеуге назар аудару, ең жиі сұхбат негізінде, жеке тұлғалар немесе топтар оқытумен және оқумен байланысты құбылыстарды түсініп немесе елестете алады. Бұл жағдайда зерттеуші екі қабатты дәлелдемелерге қатысты болуы мүмкін: ақпарат берушінің ауызша өзіндік талдауы мен құбылыстар.

Өз мансабының ерте кезеңінде мұғалім жүргізген сапалық талдаудың екі болжамдық мысалын қарастырып шығайық: біреуін бақылаушылық және біреуін интроспективті зерттеу әдісімен. Бір зерттеу жұмысының аясында бақылаушы және

интроспективті стратегияларды біріктіруге ұсынатынын айтып өткен жөн, өйткені екі бірдей дереккөзден алынған мәліметтер бір-бірін толықтырып отырады, алайда дегенмен, мұғалімнің зерттеуі үшін қандай перспектива оның зерттеу жұмысына негізделгенін нақты анықтау үшін маңызды.

Мысал А

Джон Смит – орта мектепте география пәнін оқытуға маманданған PGCE педагог студент, аралас жалпы білім беретін мектепте негізгі кәсіби қызметті жүзеге асыруды бастады. Өз оқуының аясында Джон өзінің мектептегі тәжірибесінің кейбір сипаттамаларын тереңдетіп пәндік зерттеуі тиіс. Тағайындалымы бойынша нұсқаулық үш мақсатқа сәйкес келетін зерттеу жұмысын жүргізуді талап етеді: педагогикалық, зияткерлік және дамушы. Бұл таңдап алған саладағы оқытуды жетілдіруге жасалған салымның пайдалы екендігін білдіреді; педагогикалық және/немесе пәндік әдебиетте басқаларымен талқыланған негізделген тақырып болуы тиіс; және зерттеу тәжірибесі жасанды толықтыру болып қана қоймай, дамытушы оқытудың бөлігі болуы тиіс. Сапалық талдау қалайша осы мақсаттарға қызмет етуі мүмкін? Университеттегі жетекшісімен және мектептегі ақылшысымен талқылаудан кейін Джон географияны оқыту мен оқуға қатысты 2/3 негізгі кезеңдер арасында 7 сынып мұғалімдері мен оқушыларының қабылдауын зерттеуге шешті.

Бірнеше апта бойы Джон факультет басшысымен және өз мектебіндегі екі басқа география пәнінің мұғалімдерімен бірге жеке әңгімелер жүргізді. Ол сонымен бірге бес жетінші сынып оқушылары мен басқа алты адамнан тұратын жетінші сынып оқушыларын жеке сұрап шықты. Ол сонымен бірге 7 сыныпта география пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді және оқыту барысында туындайтын тиісті мәліметтерді жазып отырады.

Мысал Б

Джейн Коллинз екінші жыл 11-18 жастағы балаларға француз және испан тілін мамандандырылған тіл колледжінде оқытады. Ол жергілікті университеттегі зерттеу мұғалімдер үшін енгізілген магистратураға түсіп, өзінің ағымдағы тәжірибесінің кейбір аспектілеріне негізделген эмпирикалық зерттеу жұмысының жобасын түзуі тиіс. Тақырыпты таңдау үшін негіздеме ретінде тиісті әдебиетте көтерілген мәселенің тиісті зияткерлік зерттелуі және мұғалімнің кәсіби жұмысының кейбір аспектілерінің ақпараттанған дамуына салым жасау болуы тиіс. Сондықтан тақырыпты таңдау, ережеге сәйкес, мұғалім өз сыныбында немесе өз мектебіндегі басқа жұмыс саласында беттесіп отыратын мәселемен немесе сұрақпен байланысты. Тілді оқыту барысында Джейн нысаналы тілдік қарым-қатынастың сыныптағы мұғалім режимінде орын алатынын айқындады. Топтық немесе жұптық жұмыс оның кәдімгі жұмыс кестесіне кірмейді, алайда ол қалыпты жағдайда оқушылардың дайындық белгілерін анықтап, тиісті қолдау көрсету кезінде үйренетін тілде өзара қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан қажетті дайындық жүргізе отырып және тапсырма жобасын түзе отырып, Джейн француз тілін үйренетін оныншы сынып оқушыларымен бірнеше апта жұмыс істеу үшін өз сыныбындағы оқушылардың кішкене тобына мүмкіндік берді.

Оны қызықтырған жайт – оқыту мақсатында топта балалар бір-бірімен қалай өзара әрекет ететіні, меңгерілген француз тілінің сапасы, сонымен қатар оқушылар қашан және қалайша француз тілінен ағылшын тіліне және керісінше ауысып отыратыны. Әр топтағы өзара әрекеттер бекітіліп отырады да, талдаулар үш негізгі саладағы кодтау ұстанымдарына негізделген.

Осы сапалық талдаудың екі мысалы оны жүзеге асырушы мұғалімдерге құнды ақпаратты және жүйелі зерттеу мысалы ретінде зерттеу сапасына қарамастан пікірді ұсынуы мүмкін. Алайда бұл құндылық, ережеге сәйкес, кездейсоқ сипатқа ие және пән бойынша білімге әдетте пайдалы салым жасамайды. Зерттеуші педагогта зерттеу сапасын өлшеу үшін екі критерий бар: шынайылық пен жарамдылық. Олар кейбір деңгейде концептуалды затбелгі ретінде екендігін атап өту қажет, олардың әрқайсысы көптеген түрлі өлшем түрлерін қамтиды, алайда олардың барлығы сапалық мәнмәтінде қолданылмайды. Осы мәнмәтінде қолданылған түрлерді сипаттау жүреді және олардың құндылығы жоғарыдағы екі мысалға қатысты сілтемелермен көрсетілген болады. .

Шынайылық

Шынайылық ұғымы мұқияттылыққа, реттілікке және, ең алдымен, зерттеудегі адалдыққа қатысты. Бұл мағынада адалдық «жарамдылық алғышарты» болып табылады (Lincoln and Guba, 1985: 292). Егер зерттеу шынайы болмаса, онда оны жарамды деп атауға болмайды, егер соңғысының астарында зерттеу ол нені өлшеуі тиіс екендігін өлшейтінін түсінеміз (біз келесі тарауда түсінетіндей). Алайда кейінгі растама дұрыс емес: шынайы зерттеу жарамсыз болуы мүмкін, алайда мұқият және адал зерттеу тәсілі жағдайында, мәлімденген сұрақтарға жауап бермейді.

Осы құрылымның маңыздылығын есепке ала отырып, зерттеу жұмысының шынайы екендігін біз қалай анықтай аламыз? Denscombe (2010: 213) жұмысына сәйкес, сапалық талдау жағдайында бұл әдетте талдау туралы келесі сұраққа жауап беру арқылы жүзеге асырылады: «Егер зерттеу жұмысын басқа біреу жүргізген болса, онда ол дәл сондай нәтижелерге қол жеткізді ме және дәл сондай қорытындыға келді ме?» Бұл операция тұрақты айнымалы мен зерттеушіні алмастыруды қабылдауды білдіреді, өйткені бұл нәтижелер дәл осындай болса, онда біз зерттеушінің сыңаржақтығының арқасында шынайылық емес мүмкіндігін жоя аламыз. Атап айтқанда, шынайылыққа тексерудің екі тәсілі бар. Егер «кімде-кім» (Nunan (1992: 17 жұмысында жақсы сипатталған) «тәуелсіз зерттеуші ретінде» болса, өйткені бұл адам дос немесе әріптес болатын болса, онда алғашқы сыңаржақтық сақталуы мүмкін еді) дәл сондай немесе басқа мәнмәтінде ұқсас зерттеу жүргізсе, онда бұл бастапқы зерттеудің «сыртқы шынайылығын» растар еді. Егер тәуелсіз зерттеуші бастапқы зерттеу мәліметтерін қайта талдап, дәл сондай қорытындыға келген болса, онда бұл талдаудың «ішкі шынайылығының» көрсеткіші болар еді.

Алайда дегенмен бұл операциялар сандық талдау мәнмәтінінде жүзеге асырылатындай болғанымен, оларды сандық талдауға қолдану күрделірек болар еді. Дегенмен ішкі шынайылықты тексеру үдеріс ретінде жүзеге асырылатын болса,

сандық талдау мәнмәтінінде ол шектелген болады. Қайта талдау дәлелдемесіне қатысты талқылау туралы мәліметтер тек алынған мәліметтерге ғана назар аударып, осындай нәтижеге келген барлық жайтты назардан тыс қалдырар еді. Өзіміз көріп отырғанымыздай, сандық талдаудағы үдеріс пен нәтиже күрделі өзара байланысқа ие және соңғысын бағалау алғашқысын есепке алмастан мүмкін емес. Басқа жағынан алғанда, сыртқы шынайылықты анықтау мәселе тудырады. Сандық талдаудың тәуелсіз зерттеушімен дәл сол мәнмәтінде дәл сондай ақпарат берушілерді пайдалана отырып қайта жүргізілуі мүмкін екендігі туралы мүмкіндік белгілі немесе, жоқ десек те болады, өйткені сандық талдаудың мәнмәтіндік талаптары тұрақты түрде өзгеріп отырады: уақыт өтеді, жағдайлар өзгеріп отырады, оқушылар жаңа білім мен тәжірибе алады және т.б. Сондықтан растау үшін талап етілетін дәл қайталау мүмкін болмай отыр. Қайталау басқа мәнмәтінге, басқа оқушыларға негізделген, өйткені олар нәтижеге әлеуетті түрде әсер ететін жаңа бөгде факторларды енгізеді.

Басқа мәселе сандық талдаудың (әсіресе мұғаліммен жүргізілген этнографиялық зерттеу жағдайында) талдауда зерттеуші рөлін есепке алу тиіс екендігі туралы дерекпен байланысты: бұл рөл тек құралды немесе үдерістік сипатқа ғана ие емес, алайда ол сонымен қатар нәтижелердің де ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені зерттеуші мен зерттеу нысанының арасындағы өзара байланыс «білімді өндеудің белгілі бір бөлігі» ретінде қарастырылады (Flick, 2002: 6). Мұғалім тарапынан жүргізілетін эксперименталды зерттеу жағдайында мүмкін болады, алайда зерттелетін оқушылардың жауаптары мен мінез-құлқы (немесе бұл жағдайда әріптестердің) сұхбат немесе бақылауды жүргізетін тұлғаның өз мұғалімі (немесе әріптесі) болып табылу дерегіне саналы немесе санасыз түрде байланысты екендігі әбден мүмкін.

Сондықтан осы жағдайда сандық талдаудың шынайылықты өлшеу критериі ретінде жаңғыртылуы, ережеге сәйкес, виртуалды немесе гипотетикалық саламен шектеледі. Сондықтан критерий маңыздылығы өз зерттеуін гипотетикалық жаңғыруды қамтамасыз ету үшін зерттеушімен пайдаланылатын стратегиялар мен үдерістер жағына қарай орнынан ауысады.

Джонның жағдайында басқалар (теориялық тұрғыда) оның тәжірибесін қайталай алуы үшін өз үдерістерін түсіндірудің үш негізгі түрі бар.

Біріншіден, зерттеу жұмысын әрекет етуші мейлінше кең ауқымды зияткерлік және кәсіби дау мәнмәтінінде орналастыру маңызды. Джонға өз талдауының мақсаттары мен міндеттерін нақты анықтап алу қажет. Оларды тек тізіп қана қоймай, олардың негіздемесін беріп, әдебиетте сипатталған алдыңғы талқылаумен байланыстыру қажет. Соңғы тармақ шынайылық тұрғысынан алғанда аса маңызды, өйткені зерттеушіге басқа мамандардың ойларымен, дәлелдерімен, теорияларымен және зерттеулерімен байланыс орнатуға және өзіндік зерттеу үшін негіздеме немесе жөнелту нүктесі ретінде осы жалпы ресурс пен жалпы түсініктің аспектілерін пайдалануға мүмкіндік береді. Осылайша, ең кем дегенде, мейлінше жалпы және «шынайы» деңгейдегі мақсаттар мен міндеттерді зерттеуге болады. Бұл байланысты түрлі тәсілдермен орнатуға болады, оның ішінде, мәселен, тиісті педагогикалық саясат бойынша әдебиетке жасалған сілтемелер, Офстедтің (2003) пікірі орта мектептер «бастауыш мектепте меңгерілген база негізінде оқушыларды оқытуды»

қамтамасыз етпейді. Одан бөлек, Джонның мақсаттары мен міндеттері негізгі 2 және 3 кезеңдерде география пәнін оқу туралы оқушылардың пікірлерін алдыңғы талдаумен байланысты болуы мүмкін (KS2 және KS3).

Екіншіден, зерттеу шынайылығы таңдау құрамын анықтайтын негіздемелер мен шешімдердің айқындылық деңгейіне байланысты болады. Джонға оның талдауы қалай жүргізілгенін түсіндіру қажет. Бұл ақпарат оқушылар топтарын таңдауға, сонымен бірге қатысушылардың білім деңгейлеріне қатысты. Осындай таңдау үшін негіздеме ұсыну қажет: неге бір 7 сынып балалары таңдап алынған еді? түрлі бастауыш мектеп сыныптарына барған оқушылар топқа кірді ме? Неге бұл маңызды болды: бір бастауыш сыныпты аяқтаған оқушыларды таңдау қажет болды? Сұхбаттасу үшін дәл осы мұғалімдер қандай негізде таңдап алынды?

Ең соңында, шынайылық мәліметтерді жинау мен талдау үдерісінің қол жетімділігіне байланысты. Бұл сұхбаттардың жазылуын сақтауды және сабақтар мен басқа да алқаптық жұмысты бақылау жазбаларын қамтиды. Сұхбатта қойылған сұрақтарды нақты талдау мақсатына қатысты негіздеу қажет. Бұл маңызды, дегенмен балалардан сауалнама алуды қамтитын сандық талдауда жартылай құрылымдалған сұхбат қолданылады; ол икемділігімен ерекшеленеді және жеке сұралушыларға жеке ойлау ретіне мойынсұнуға, алайда жабық құрылымдалған сұрақтармен шектелместен, мүмкіндік береді.

Жарамдылығы

Жарамдылық ғылыми-педагогикалық зерттеуге қатысты түрлі сапаларды өзіне қамтитын жалпы термин болып табылады. Шынайылықты түсіну жағдайында, талдау шынайылығы келесі екі еселенген қарама-қайшылық арқылы анықталады: сыртқы жарамдылық пен ішкі жарамдылық.

Сыртқы жарамдылық – бұл зерттеу жобасы «зерттеу нысанын мейлінше кең тұрғындар қабатына таратуға» мүмкіндік беретін жоба болып табылады (Nunan, 1992: 17). Басқаша айтқанда, сыртқы жарамдылық – талдау нәтижелерін жалпылау немесе «тарату» мүмкіндігінің көрсеткіші болып табылады (Miles and Huberman, 1994: 279). Сандық талдауда зерттеушілер өз нәтижелерінің жалпы сипатын растау үшін белгілі бір тұрғындар арасынан кездейсоқ таңдау жүргізеді. Алайда сапалы зерттеу жұмысы, ережеге сәйкес, мәнмәтіндік және этнографиялық сипатқа ие болатынын есепке ала отырып, сыртқы жарамдылық белсенді емес болып есептеледі, өйткені бұл тәсілдің эпистемиологиялық және әдістемелік перспективаларына қайшы келеді. Алайда Lincoln and Guba (1985: 301) жұмысында «қанықкан сипаттама» қажет болатын ұсыныс жасалған, ол «осындай ауысуды жүзеге асатындай етіп санауға болатындығы туралы қорытындыға келуді қалайтындарға мүмкіндік береді». Философ Гилберт Райлдан алынған антрополог Клиффорд Гирцтің «толық сипаттама» термині оқиғалар мен әлеуметтік мінез-құлыққа тиесілі жан-жақты аналитикалық сипаттама мен «маңыздылық құрылымы» түсініктемесіне қатысты болады (Geertz, 1973: 9).

Ішкі жарамдылық, екінші жағынан алғанда, сапалы мәнмәтінге әбден қатысты және зерттеуші үшін оны есепке алу аса маңызды, өйткені өзінің мейлінше негізгі үлгісінде ол талдаудың «шын мәнісінде ненің мәлімденгені туралы зерттеу жүргізетінін» білдіреді

(Nunan, 1992: 14). Басқаша айтқанда, бұл сапа нәтижелердің «шынайылығы» немесе «шындығына» жатады (Miles and Huberman, 1994: 278). Ішкі жарамдылықты тексеру, біз көріп отырғандай, түрлі стратегияларды қамтиды, алайда негізгі бөлшегі ретінде талдау аяқталған кезде жасалатын қорытындылар арасындағы мәжбүрлі байланыстың болуын, сонымен қатар пайдаланылған үдерістер мен мәліметтерді жинау мен талдау әдістемесінің болуын білдіреді. Максвелл (2005) зерттеушіні зерттеу жұмысының шынайылығы үшін қауіпті өтеу үшін стратегияларды автоматты түрде пайдаланудан құтқарады. Магистратура студенттері әдебиеттердегі беделді тұлғаларға сілтеме жасай отырып, өздері пайдаланған стратегиялар қатарын кейде сипаттап отырады, алайда өздерінің зерттеу жұмыстарындағы белгілі бір қауіптерге ешқандай сілтеме жасамастан, егер де олар автоматты түрде зерттеу жұмысының ішкі жарамдылығына кепілдік береді. «Жарамдылық үшін қауіптер әдістермен емес, деректермен жасалады» (Alexwell, 2005: 105), сондықтан ұсынылып отырған зерттеу жұмысындағы әлеуетті қауіп саласын алдын-ала белгілеу аса маңызды, содан кейін оларды еңсеру үшін тиісті стратегияларды қолдану керек. Есептегі (немесе диссертациядағы) әдістеме тарауы осы байланысты сипаттауы тиіс және стратегияның қаншалықты табысты түрде белгілі бір қауіпті азайтатынын нақты түсіндіруі тиіс.

Әрі қарай мектептегі мұғалімдік зерттеу мәнмәтінінде ерекше сәйкес келетін стратегиялар қатары ұсынылып, Б мысалда сипатталған зерттеу жұмысына сілтеме жасау арқылы көрсетілген.

Ұзақ мерзімді қатысу

Бұл бөгде зерттеуші алдында зерттеуші мұғалім артықшылыққа ие болатын стратегия болып табылады. Осы стратегияның мақсаты - әлсіз тұстарды, пікір білдірудегі қиындықтарды және пәнді үзік-үзік білу бөгде зерттеуші мәртебесі есебінен жүзеге асыру, және осы арқылы зерттеу нәтижелерінің беделін арттыру қажет. Алайда егер мұғалімдер өз мектебінде өз тәжірибесінің аспектілерін зерттейтін болса, ақпарат алынатын мәнмәтінге қатысты этнографиялық қатынаста зерттеу жұмысының мәнмәтіндік негізі жеңілірек қол жеткізіледі.

Бұл не үшін қажет?

Линкольн мен Губа ұзақ мерзімдік қатысудың екі аспектісін ерекшелеп көрсетеді (1985: 301). Біріншісі ретінде олар «ұзақ мерзімді қатысуды» атайды, оның мақсаты ретінде – зерттеушіні «зерттелетін құбылыстың әсерінің көпшілігі үшін мейлінше ашық ету» болып табылады. Джейн Коллинз (мысал Б) зерттеу жағдайында, зерттеуші қарым-қатынас туралы білімнің жақсы екендігін және француз тілі бойынша оқушылардың әжептеуір жетістікке жетіп отырғанын негіздей отырып растай алады, өйткені оларды бүкіл оқу жылы бойына оқытады және мектептегі өзінің соңғы жылында кез келген адамды оқыта алған болар еді. Онда басқа әріптестер мен факультативті мұғалімдерден оқушылардың жеке тұлғасы, олардың мінез-құлқы мен жеке көрсеткіштері туралы мәліметтерге рұқсаты болды. Уақыт өте келе дамып отырған осы тікелей байланыстар Джейн мен оның қатысушы оқушыларының арасында сенім білдіретін қатынастар құруға мүмкіндік береді және оған мектептің «мәдениетін» түсіндіріп, оған түсініктеме беруге мүмкіндік береді. Оның зерттеу жұмысының жарамдылығы осы саладағы ақпараттың жетіспеушілігіне деген мүмкіндік аз.

Линкольн мен Губа белгілеген ұзақ мерзімді қатысудың екінші аспектісі олармен «тұрақты бақылау» деп аталған және Джейннің тарапынан алдын-ала жоспарлауды талап етеді. Авторлардың мәлімдеуінше, бұл стратегия «зерттелетін мәселеге барлығынан да қатысы бар жағдайлардың сипаттамалары мен бөлшектерін» анықтауға мүмкіндік береді.

Джейннің зерттеу жұмысына қатысты жарамдылық қаупін қалай азайтуға болады?

Джейннің зерттеу жұмысы нысаналы зерттеу тіліндегі кішкене топқа деген өзара байланысты талдауды қамтиды. Оның мақсаты – оқушылар үйренбеген осындай оқу жағдайының оларды француз тілінде сөйлеуге мәжбүрлеуін көру болатын. Осындай тапсырмалардағы оқушылардың қатысуы үшін жеткіліксіз мүмкіндіктер жарамды нәтижелер бермейді: семестр ішіндегі екі немесе үш сабақ жарамды болмайтын нәтиже беруі мүмкін, өйткені оқушыларға оқу міндетімен және жағдаймен жеткіліксіз мөлшердегі танысуды жеңу үшін жеткіліксіз мөлшерде уақыт бөлінген болатын. Жалпысыныптық сабақтарда француз тілінде сөйлегісі келмейтін оқушыларға топта қарым-қатынасқа кірігіп кетуге талап етілуі мүмкін. Жаңа оқу жағдайына мұғалімдердің бейімделу маңыздылығымен қатар, «ұзақ мерзімді қатысу» стратегиясы Джейнге өзара әрекет ету барысын алдын-ала бақылау барысында нақтырақ зерттеу нысанын жасауға мүмкіндік берді. Ол мұны пилоттық кезең барысында жүзеге асыра алады, ол оқушылар арасындағы қарым-қатынастардың қайсысының негізгі екендігін, оны зерттеу үшін кедергілер қандай екендігін, және оны зерттеу үшін мәліметтердің перспективті дереккөздерін анықтайтын болады. Осылайша, Джейннің нақты бақылау нысаны мен оның нақты талдау нысаны зерттеу жұмысы барысының өзінде анықталатын болады.

Ұшбұрыш

Бұл қоғамдық ғылымдардағы сапалық талдаудың ішкі жарамдылығын арттыратын кең пайдаланылатын стратегия болып табылады. Ол көптеген перспективаларды пайдалану есебінен нәтижелерді растау ұстанымына негізделген. Стратегияның негізгі аспектісі ретінде кез келген дереккөздің, әдістің немесе зерттеу агенттігінің шынайы еместігімен және түрлі әдістерін пайдалану есебінен төмендетілетін қорытындылардың жарамдылығы үшін қауіп болып табылады.

Бұл не үшін қажет?

Жазушылардың мәлімдеуінше, сапалық талдау үшін үшбұрыштанудың бірнеше түрлері қажет, алайда мен осы тарауда пайдаланылған зерттеу жобасының түріне қатысы болуы мүмкін үш әдісті қарастырып отырмын: дереккөздер, әдістер мен зерттеушілер үшбұрышы. Түрлі дереккөздер үшбұрышы бірнеше ақпарат берушіні қарапайым қосуды білдіруі мүмкін (яғни сұралатын немесе зерттелетін субъектілер). Алайда түрлі ақпараттандырушылар санаттарын қамту есебінен (яғни, мұғалімдер мен оқушылар, екіншілік және біріншілік ақпарат берушілер, түрлі жыныс немесе қабілетке ие немесе түрлі сыныптардағы оқушылар) құрамдастырылған перспективалар нәтижелерді мейлінше

шынайы етеді. Әдістердің үшбұрыштары бір субъектімен мәліметтерді жинаудың түрлі құралдарын пайдалануды қамтиды. Бұл жекелеген әдістерге тән қауіптердің орнын толтыруға мүмкіндік береді. Мәселен, «Хоторн әсерінің» мүмкіндігі (зерттеу жұмысының барысында қатысушылардың мінез-құлқындағы өзгерістер белгілі бір әлеуметтік жағдаймен және олардың әлеуметтік әсерімен байланысты болуы мүмкін), әсіресе егер сұраушы сұхбат берушіні білетін болса, сұраушылар жағдайындағыдай, жекелеген сұхбат жағдайында жоғары болып есептеледі. Алайда сауалнама алушылардың өзінің жеке кемшіліктері бар, атап айтқанда, сұралатын жеке ойлардың дамуы үшін азырақ еркіндік пен өзіндік ойын білдірудің жазбаша үлгісін пайдалану. Ең соңында, зерттеушілер үшбұрышы мәліметтерді жинау мен талдау үшін біреуден көп тұлғаны пайдалануды білдіреді. Зерттеу құралы ретіндегі үшбұрыш интроспективті талдау жағдайында ерекше маңызға ие екендігін атауға болады, дегенмен, біз осы мысалдарда көріп отырғандай, бұл стратегия бақылаушы зерттеулердің беделін нығайтуға мүмкіндік береді.

Кейбір түсініктеме берушілердің айтуынша (мәсел., Silverman, 2010: 371), үшбұрышты пайдалану сапалық талдауға сәйкес келмейді, өйткені ол этнографиялық перспективаға қайшы келеді, онда әрбір ақпарат көзінің, әрбір пайдаланылған әдістің және әрбір зерттеушінің тәсілінің мәнмәтіні ішкі құндылыққа ие. Сондықтан түрлі бұрыштардағы нәтижелерді салыстыруды жалпы қорытындыны бекіту үшін пайдалану қажет емес. Алайда азырақ санатты пікірге сәйкес, негізгі дереккөз бен зерттеу тәсілдерінің басшылығын, сонымен бірге зерттеушімен өзіндік нәтижелердің түсіндірілуін сақтауға және бір мезетте бірнеше ақпарат көзін пайдалануға және осы негізгі назардың жарамдылығын қорғау үшін талдау жүргізуге болады.

Екі бірдей зерттеу жұмысында жарамдылық қаупін қалай төмендетуге болады?

Интроспективті зерттеу мысалы ретінде Джонның талдауы барлық үшбұрыш түрлеріп ұтып шығады. Атап айтқанда, осы жағдайдағы зерттеу түрі дереккөздер үшбұрышын талап етеді. Мұғалімдер мен оқушылардан сауалнама алу, мүмкіндігінше ақпарат берушінің бастауыш мектептегі мұғалімдерін қамти отыра жүргізіле келіп, Джонға ақпарат көздерінің үшбұрышы негізінде географияны үйренуде KS2/3 кезеңдерінің арасындағы ауысуға әсер мәселесі бойынша адамдар топтарының пікірін жинауға мүмкіндік берген. Егер қорытындылар тек оқушылардан ғана алынған мәліметтерге негізделген болса, онда біз оларды соншалықты сенерлік деп есептемес едік, өйткені оқушылармен жекеше алынған сұхбат мәліметтері «Хоторн әсерімен» немесе бастауыш мектепте географияны үйрену туралы жеке есте түсірулер болуы мүмкін.

Джонның зерттеуінің бақылаушылық бағыттылығына қарамастан, нәтижелердің ішкі жарамдылығы, атап айтқанда әдістерді үшбұрыштау есебінен артады. Оқушылар кіші топтарда өзара ықпалдасып жұмыс істейтіні, тілді қолданудың қандай үлгілерін түзетіні туралы жалпы тұжырымдамалар жасау үшін, оқушылардың табыстылығы топтық жұмыс сипатына немесе құрдастары арасындағы белгілі бір өзара байланыс қарқынына толықтай байланысты емес екендігі туралы дәлелдемелер қажет. Ол үшін Джейн ақпаратты жинау кезеңі барысында оқушыларға түрлі тілдік тапсырмаларды бере отырып, топтың үйренетін тілді пайдалануын мадақтау үшін түрлі әдістерді пайдалана алады. Олар, мәселен, рөлдік ойындарды, дауларды, міндеттерді шешу немесе сипаттаманы

қамтуы мүмкін. Түрлі тапсырма түрлерін қосу маңызды, өйткені оқушылардың жасырын қалаулары түрлі тапсырмаларды орындау үшін талап етілетін тілдің түрімен (мәселен, белгілі бір лексиканы білу), немесе түрлі типтегі тұлға үшін өзара әрекет етудің (мәсел., дауласу, ынтымақтасу) түрлерін қамтуы аса маңызды.

Джейннің неліктен оның оқушылары тілді үйренуде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізіп отырғанының себептерін зерттеуге деген қызығушылығы белгілі бір қорытындыларға әкеп соқтыруы мүмкін, олардың жарамдылығына, егер ол өз тұжырымдарын бекіту үшін тиісті шараларды қолға алмаса, қауіп төнуі мүмкін. Алынған мәліметтерді тек өзіндік түсіндіруді өтеу үшін, Джейн зерттеу әдістерінің үшбұрышының басқа түрі ретінде жекелеген оқушылармен сұхбат жүргізуі мүмкін еді. Бұл неліктен оқушылардың топтық диалогтың белгілі бір мезетінде тілді ауыстыруының себептерін зерттеу үшін ерекше пайдалы болуы мүмкін еді. Дегенмен Джейн түсіндірулердегі ауысу үлгілерін іздеу есебінен кейбір мүмкін себептерді түсіндіруге болады, оның талдауына кейбір оқушылардың жеке түсіндірулері пайда келтіруі мүмкін еді. Ол сонымен бірге олардың өзінің жеке көзқарастарын растайтынын көру үшін оқушылардың өзіне ауысу үлгілерін кейбір өзіндік түсіндіруді сынау мүмкіндігі ретінде сұхбатты пайдалануы мүмкін еді. Әрине, оқушылар оның кейбір тұжырымдарын жоққа шығарғанның өзінде, бұл олардың жарамдылығының жоқтығын ғана білдіріп қоймайды, өйткені серіппе ойлай отырып жүзеге асыру деңгейінде іске қосылуы мүмкін. Алайда бұл сұрақты оқушылармен талқылау оның зерттеуін күшейтер еді, ол үшін түсіндірілген мәліметтердің мейлінше қанық болуына және талдау үдерістерінің күрделілігі туралы көбірек ақпарат беру қажет.

Зерттеушілер үшбұрышына қатысты айтар болсақ, Джон мен Джейн олардың мәліметтерді сұрыптауын зерттеу үшін әріптесіне жүгінуі мүмкін, ол зерттеудің белгілі бір сипатымен байланысты болуы керек еді, өйткені әріптестердің тұжырымдарындағы олардың мәліметтерді түсіндіруі қайталанғанын көру қажет.

Жоққа шығаратын дәлелдемелерді іздеу

Бұл не үшін қажет?

Бұл мәліметтердегі жоққа шығарушы мәліметтердің негізінде болжамдарды қайта шолу арқылы тұжырымдарды растау тәсілі болып табылады. Майлз пен Хьюберман (Miles and Huberman (1994: 263)) осы тәсілді «қарсыүлгілерді» («unpatterns») іздеу үшін стратегиялар жиынтығының бөлігі ретінде сипаттайды, «үлгі» туралы оның не екендігі туралы айта отырып қорытындыны тексереді. Олар тізімін келтіріп отырған басқа стратегиялар «бөгде мәндердің мәнін тексеруді», «шеткі жағдайларды пайдалану» және «тосынсыйларды қадағалауды» қамтиды. Осы тарауда мен қарастырып шыққан алдыңғы екі стратегия анық болып отырғандай, жоққа шығарып отырған ақпаратты іздеу талдау үдерісі қандай да бір түсініктеме бергеннен кейін зерттеуші тарапынан жасалған жиналған эмпирикалық мәліметтер мен теориялар, болжамдар немесе қорытындылар арасындағы байланысқа шоғырланған.

Джейннің зерттеуіндегі жарамдылық қаупін қалай төмендетуге болады?

Жоққа шығарушы дәлелдемелерді іздеу – белгілі бір түсініктеме немесе мәліметтер үлгілеріне қатысты шектен тыс энтузиазмға біздің табиғи бейімділігінен қорғану тәсілдерінің бірі болып табылады. Сапалық талдаудың мақсаты – пікірді дәлелдеу немесе теорияға растама табу емес, алайда зерттелетін құбылысты белгілі бір түсіндіруді растайтын бір немесе бірнеше мәліметтер данасын айқындаудан күш-қуат алу зерттеушіні тез арада белгілі бір мәліметтерді түсіндіруге тоқтауына мәжбүрлей алады. Мәселен, Джейн оқушылардың үлкен дайындықпен үйреніп жатқан тілді қайталанатын жағдайда пайдаланатынын айқындай алады (мәсел., егер олар осы сөзді өткен тапсырма барысында ұқсас коммуникативті жағдайда пайдалану қажеттілігімен кездескен болса). Қайталанатын жағдайда үйренетін тілді қолдану санын есептеуге кіріспестен, бұл жағдай сапалық талдауда орынсыз болар еді, Джейн оқушылардың француз тілін жаңа коммуникативті жағдайларда пайдалану немесе ұқсас жағдайларда пайдаланбау жағдайларын іздей алуы мүмкін еді. Бұл жағдай оның қорытындыларының өзгеруіне әкеп соқтыратынына қарамастан, оның жоққа шығарушы дәлелдемелерді тексеру үшін бізге (өзіне де) жай ғана көрсете отырып, оған да және бізге де ол жасаған болжамға және оның қорытынды тұжырымдамаларына көбірек сенімділік береді.

Қорытынды: өз жобасына қатысты шынайылық пен жарамдылық туралы ойлану

Осы тарауда келтірілген мысалдар көрсетіп отырғандай, осы екі концепцияны өз зерттеу жобаңызды түрлі кезеңдерінде есепке алу қажет. Ақпаратты жинау мен талдау үдерісінің әлсіз тұстары туралы ойланып көруіңіз қажет. Олар қаншалықты дәрежеде сіздің зерттеу жұмысыңыздың мақсатымен және міндеттерімен үйлесімді? Жүзеге асыруға кіріспес бұрын, өз жоспарыңызды әріптесіңізбен немесе жетекшіңізбен ұдайы талқылап отырыңыз. Басқа адамдар ұқсас зерттеу жұмысын қалай жобалауын түсіну үшін, әдебиеттерден мысалдарды іздеңіз. Әлеуетті кемшіліктерді анықтай отырып, жоғарыда сипатталғандарға ұқсас стратегияларды бастай аласыз, оларды сіз өз зерттеу жұмысыңыздың шынайылығы мен жарамдылығы үшін белгілі бір қауіптерді еңсеру үшін бейімдей аласыз.

Сапалы және сандық талдау арасында іргелі айырмашылық бар екендігін есте сақтаңыз: біріншісі кейбір өлшеу үлгілерінің негізінде нақты қорытындыларға келуге тырыспайды; оның мақсаты – болжамдар мен дәлелдемелерді өңдеу, немесе мәліметтер сеніміне тақырыптарды зерттеу болып табылады. Өз талдауыңыздағы дәлелдемелердің шынайылығын растауға тырысқаныңыз туралы ашық болыңыз (және қажет болған жағдайда, өзіңізге өзіңіз сыни көзбен қараңыз).

7.1 тапсырма. Оқушылар сабақтарда АКТ пайдалануы олардың оқуына қалайша әсер етеді?

Осы мәселені өз нысаныңыздың мәнмәтініне қатысты зерттейтініңізді елестетіңіз. Өз мектебіңіздегі бір немесе бірнеше топтарға сабақ беру негізінде сапалық зерттеу жұмысын жобалау кезінде сізге шешілуі қажет келесі сұрақтарды назарға алыңыз.

• Оқушылардың пайдаланатын қандай АКТ түрін зерттегіңіз келеді және неліктен?
• Неліктен олардың оқуының сипаттарын зерттеуді бастамақшысыз?
• Оқушылардың технологияларды пайдалануына қатысты қандай дәлелдемелерді жинағыңыз келеді?
• Қандай басқа ақпараттарды жинау үлгісін пайдаланасыз?
• Зерттеуді қайталау үшін басқаларға талап етілетін үдерістер мен ақпараттар түрін тізіп шығыңыз.
• Сіздің зерттеу жұмысыңыздың ішкі жарамдылығы үшін қандай қауіп бар?
• Осы қауіптерден қорғану үшін қандай стратегияларды пайдаланасыз?

Негізгі ойлар

Бұл тарау зерттеуші мұғалімдер тарапынан жүргізілген зеттеудің шынайылығы мен жарамдылығын қамтамасыз етудің негізгі артықшылықтарын көрсетуге арналған. Мен бұған дейін айтып өткендей, осы екі бірдей ұғым бақылаушылық және интроспективті сапалық талдауда пайдаланылатын маңызды бағалау шаралары болып табылады. Шынайылық – бұл зерттеу жұмысының мұқияттылығы, реттілігі мен адалдығының деңгейі болып табылады. Бұл шара дәстүрлі түрде зерттеу агентімен байланысады. Егер тәуелсіз зерттеуші ұқсас талдау жүргізген болса, дәл осындай тұжырымға келер ме еді (ішкі шынайылық)? Егер тәуелсіз зерттеуші басқа жерде ұқсас зерттеу жұмысын жүргізсе, ол дәл осындай тұжырымға келер ме еді (сыртқы шынайылық)? Жарамдылық – бұл мәлімденгенге қарағанда зерттеу қандай мөлшерде екендігін өлшейтін нәрсе. Сыртқы жарамдылық – бұл нәтижелердің жалпылық көрсеткіші. Бұл сапалық талдаудың эпистемиологиялық шегінің нақты жағдайында өзекті емес болып есептеледі. Алайда егер оны гипотетикалық жарамдылық құралы ретінде қарастыратын

болсақ, ол пайдалы болуы мүмкін. Ішкі жарамдылық, басқа жағынан алғанда, зерттеу жұмысының нәтижелері мен алу үшін пайдаланылған ақпаратты жинау мен талдау үдерісі арасындағы байланысқа қатысты маңызды сапа ретінде сипатталады. Зерттеуші мұғалімдердің сапалық талдауының ішкі жарамдылығын тексерудің үш түрлі стратегиясы сипатталып, түсіндірілген. Ұзақ мерзімді қатысу зерттеушіге нәтижелердің жарамдылығын арттыратын зерттеу үдерісі мен мәліметтердің, субъектілерді таныстыру мен түсіндіру үшін жеткілікті уақыт береді. Дереккөздерді, әдістер мен зерттеушілер үшбұрышы әрбір жеке дереккөзге, әдіске немесе жеке зерттеушіге тиесілі олқылықтар есебінен нәтижелердің ішкі жарамдылығы үшін төнген қауіптен зерттеу жұмысын қорғайды. Жоққа шығарушы дәлелдемелерді іздеу – бұл жоққа шығарушы куәліктерді зерттей отырып, нәтижелердегі белгілі бір үлгілерді растаудың әдісі болып табылады, бұл үлгілер болып табылмайтынын анықтауға мүмкіндік береді.

Қосымша оқу үшін

Denzin, N. and Lincoln, Y. (2011) The SAGE Handbook of Qualitative Research (4th edn). London: Sage.
Saldana, J. (2009) The Coding Manual for Qualitative Researchers. London: sage
Silverman, D. (2010) Interpreting Qualitative Data (3rd edn). London: Sage.

CHAPTER 8

ANALYSING QUALITATIVE DATA

MICHAEL EVANS

Chapter Overview

This chapter will introduce some of the key features of the process of analysing qualitative data using examples to illustrate some of the practical tools and strategies commonly used which may be of particular relevance to the teacher researcher. The analytical steps involved will be explained and a definition of what is meant by coding will be provided drawing on actual examples from PGCE and Masters students' work. The benefits of computer-aided qualitative analysis will be discussed, and how displays and matrices can be useful tools to use on qualitative data.

THE FORM OF QUALITATIVE DATA

Most qualitative data in empirical research first appear in their raw form as oral (nontextual) data. Interviews or classroom interaction are perhaps the most common forms of oral data which are of interest to the educational researcher. In order to analyse these data, it is necessary to be able to reflect on them repeatedly and at length; to be able to fragment and manipulate them in the search for underlying patterns and meanings. For this reason, it is useful to convert the oral data into textual form through the process of transcription. However, it becomes immediately apparent that this process is usually fraught with problems related to the risk of distorting the original version. For instance, non-verbal signs (such as gestures, facial expression and pauses) which accompany verbal discourse can have an important bearing on the meanings expressed in the interaction. Efforts should be made to systematically capture such paralinguistic messages and to note them in the transcript. There are numerous differences in the systems used by researchers and it is important for you to use only those markers which are relevant to what you are looking for in your data. For instance, an extract of a transcript that focuses on pupil discourse, where the nuances of language and expression are central to the study, will look different to the transcript of an interview where the focus of interest is in the content of the informant's responses rather than on the form of their expression. So it is unnecessary, unrealistic and unwise to try to capture everything in a transcript. It is necessary, though, for you to think about what you do need to note and then to be systematic in the notation. The key to the coding system you are using should always be included in the report, usually in an appendix. The following is an example:

BOX 8.1 Example of a transcription system (adapted from Ellis and Barkhuizen, 2005: 29)

1 T = teacher; R = researcher; subjects are designated by their (fictional) initials, or
P for pupil.
2 Each line is numbered for ease of reference (useful with long extracts).
3 Pauses are indicated in brackets:
(.) indicates a pause of a second or shorter;
(.3.) indicates the length of a pause beyond one second.
4 XXX is used to indicate speech that could not be deciphered.
5 … indicates an incomplete utterance.
6 Words are underlined to show overlapping speech between two speakers.
7 Words are italicized to show a very heavily stressed word.
6) Я чувствую себя на высоте, когда я решаю сложную задачу, усердно занимаясь

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 2 3 x 5		1 2 3 x 5		1 2 3 x 5

7) Я чувствую себя на высоте, когда только я могу ответить на вопросы учителя

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 2 3 x 5		1 2 3 x 5		1 2 3 4 x

8) Я чувствую себя на высоте, когда мне не нужно делать домашнюю работу

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 x 3 4 5		1 2 x 4 5		1 2 x 4 5

9) Я чувствую себя на высоте, когда у меня все получается без усилий

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 x 3 4 5		1 x 3 4 5		1 x 3 4 5

10) Я чувствую себя на высоте, когда урок заставляет меня о чем-то подумать

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 2 3 x 5		1 2 3 x 5		1 2 3 x 5

Помните:

1 – абсолютно не согласен, 2 – не согласен, 3 – ни то, ни другое,
4 – согласен, или 5 – абсолютно согласен.

11) Я чувствую себя на высоте, когда я говорю учителю неправду, и мне это сходит с рук

В школе в целом		На естественных науках		На английском
x 2 3 4 5		x 2 3 4 5		x 2 3 4 5

12) Я чувствую себя на высоте, когда мне не нужно выполнять сложные тесты

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 x 3 4 5		1 x 3 4 5		1 x 3 4 5

13) Я чувствую себя на высоте, когда я занимаюсь лучше, чем другие ученики

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 2 x 4 5		1 2 x 4 5		1 2 x 4 5

14) Я чувствую себя на высоте, когда я не делаю никаких глупостей в классе

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 2 x 4 5		1 2 x 4 5		1 x 3 4 5

15) Я чувствую себя на высоте, когда я усердно занимаюсь весь день

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 2 3 4 x		1 2 3 4 x		1 2 3 4 x

16) Я чувствую себя на высоте, когда я бездельничаю, и мне это сходит с рук

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 x 3 4 5		1 x 3 4 5		1 2 3 x 5

17) Я чувствую себя на высоте, когда я получаю более высокие отметки, чем другие ученики

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 2 3 4 x		1 2 3 4 x		1 2 3 4 x

Помните:

1 – абсолютно не согласен, 2 – не согласен, 3 – ни то, ни другое,
4 – согласен, или 5 – абсолютно согласен.

18 Я чувствую себя на высоте, когда учителя не задают мне трудные вопросы

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 2 x 4 5		1 2 x 4 5		1 2 x 4 5

19) Я чувствую себя на высоте, когда я получаю хорошие отметки за тест, не занимаясь

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 x 3 4 5		1 x 3 4 5		1 x 3 4 5

20) Я чувствую себя на высоте, когда я, наконец, понимаю по-настоящему сложную идею

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 2 3 4 x		1 2 3 4 x		1 2 3 4 x

21) Я чувствую себя на высоте, когда другие ученики все понимают неправильно, а я нет

В школе в целом		На естественных науках		На английском
1 x 3 4 5		1 x 3 4 5		1 x 3 4 5

ТАРАУ 10

ROS MCLELLAN

Тарауға шолу жасау

Бұл тарау сандық мәліметтерді талдау мен түсіндіру үшін кейбір статистикалық әдістерді пайдалануға арналған. Осы тарауды оқып бола салысымен сіз сарапшы болып кетесіз деп айта алмаймын, жұмысты бастауға біршама сенімділік пайда болатынына сендіре аламын. Осы жұмыс тәсілін пайдаланғысы келетіндер мамандандырылған мәтіндерді көбірек оқуы тиіс және тарау соңында сіз жүргізуіңізге болатын бірқатар сәйкес жұмыстар келтірілген.

Кіріспе

Шындықтың бетін ашудан бастайық. Сізге сандық талдау жүргізу үшін математикадан соншалықты мықты болудың қажеті жоқ. Көптеген адамдарды күрделі болып көрінетін теңдеулер қорқытуы мүмкін, алайда компьютерлер осы есептеулерді сіз үшін жасап тастауы мүмкін және статистика бойынша мамандандырылған жұмыстарда сіз кездестіруіңіз мүмкін бір деңгейде сізге күрделі таңбаларды түсіну қажет емес. Кейбір негізгі ұстанымдар мен қандай талдау түрлерінің белгілі бір сұрақтарға жауап ретінде сәйкес келетінін білу маңызды. Сәйкес ұқсастық – автокөлікті айдау: сіз автокөлікті басқарып (қозғалыс күшін беретін жанармайдың негізгі ұстанымы) қалай жүру (белгілі бір жағдай үшін дұрыс әдіс – мәселен, мұз қатқан таңертеңгі уақытта тежегішті қатты баспау) қажеттігін білу қажет, алайда егер сіз жай ғана оны айдағыңыз келсе, оның жұмысын жүргізетін механикалық және инженерлік ұстанымдарды түсіну сізге қажет емес. Дәл сондай нәрсені статистикаға да қатысты айтуға болады: сізге есептей алатын статистикалық санаттарды және белгілі бір жағдай үшін ненің сәйкес келетінін білу қажет; осы санатты есептеу үшін компьютердің мәліметтерді қалай өңдейтіні туралы нақты білімнің болуы қажет емес. Сондықтан осы тараудың мақсаты – осындай есептеулер үшін кеңінен қолданылатын SPSS, белгілі бір статистикалық бағдарламалар жинағын ұсыну болып табылады.

Осы тақырыпқа кіріспес бұрын ерекше айтқым келіп отырған басқа бір маңызды жайт – талдауды барлық мәліметтеріңізді жинағаннан кейін барып ойлауды бастамау қажет. Бұл тәжірибесіз зерттеушілер тарапынан жиі жіберіліп отыратын қателік. Егер сіз мәліметтерді жинағанға дейін талдау туралы ойланбайтын болсаңыз, онда сіздің мәліметтеріңіздің сіздің қойған сұрақтарыңызға жауап бере алмайтыны әбден мүмкін. Мәселен, егер сіз қабілеттер мен уәждеме арасындағы өзара байланысты зерттегіңіз келсе, сонымен бірге, егер сіз осы ағынға әрең дегенде түскендерден ағын басында ең қабілетті оқушылардың уәждемесінің ерекшеленетіні туралы білгіңіз келсе де онда қабілеттің көрсеткіші ретінде ағын қабілетін пайдалану жеткіліксіз болады. Танымдық қабілетті айқындайтын NFER тесті сияқты қабілеттерді өлшеуге арналған мейлінше ұсақ шәкіл немесе құралды пайдаланған дұрыс. Сондықтан сізге алдын-ала тиісті жолмен мәліметтерді жинауды жоспарлау үшін өзіңіз қойғыңыз келген сұрақтар түрлерін ойластырып алған дұрыс. Ережеге сәйкес, сіз негізгі дәрежеде меңгере алатын ең жоғарғы өлшем деңгейінде жинақталатын мәліметтер, өйткені сіз үздіксіз шәкіл бойынша өлшенген мәліметтер негізінде дискретті санаттарды түзе аласыз (мәселен, қабілеттер шәкіліндегі шекаралық нүктелерді анықтау арқылы қабілеттер санаттары «төмен», «орта» және «жоғары»), дегенмен сіз дискретті санаттардан үздіксіз шәкілді түзе алмайсыз.

Ең алдымен, тиісті мәліметтерді жинау мүмкіндігі бойынша зерттеуді жоспарлаудың бастапқы кезеңдерінде талдау түрін ойланып алудың маңызды екендігін түсіну тиіс. Сондықтан, егер сіз 11 тарауды оқымасаңыз, мен сізге ары қарай жылжымас бұрын, кем дегенде сол тарауды қарап шығуға кеңес беремін.

Енді негізгі тақырыпқа – сандық мәліметтерді талдауға көше аламыз. Сіз жұмысқа көмек көрсету үшін компьютерді пайдалануды жоспарлап отырған болсаңыз, бірінші кезең ретінде тиісті бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен мәліметтер

базасын құру болып табылады. Бұл тарауда мен SPSS жиынтығына сілтеме жасап отыратын боламын, өйткені бұл қоғамдық ғылымдар саласындағы ең жиі таратылған осы типтегі бағдарлама болып табылады және көптеген жоғарғы оқу орындары оны пайдаланады. Мәліметтерді енгізгеннен кейін, екі жекелеген кезеңнен тұратын талдау жүргізуге болады. Бірінші кезең – жиналған мәліметтерді сипаттау болып табылады, ол сипаттамалы статистиканы есептеу мен мәліметтерді графикалық ұсынуды қамтиды. Екінші кезең – қойылған сұрақтарға жауап беру үшін мәліметтерді қайта тексеру болып табылады, ол қорытынды статистиканы есептеуді қамтиды. Тараудың қалған бөлігінде кезеңдердің әрқайсысына шолу жасалады. Өйткені мұндай үдерістерді түсіну жеңілірек, егер оларды белгілі бір мысал негізінде қарастыратын болсақ, онда менің PhD дәрежесін алу үшін жинақтаған мәліметтерім көрсету үшін пайдаланылатын болады. Тараудың ары қарайғы бөлігінде келтірілген мысалдар мәнмәтінімен байланыстыру үшін менің PhD зерттеуімді қысқаша сипаттаудан бастаймын.

Мәліметтер базасының мысалы

Ойлау ғылымы мен ойлауға арналған ғылым: танымдық өсу қарқынын жаратылыстану білімі арқылы баяндау (Cognitive Acceleration through Science Education (CASE)) – бұл танымдық дамуға бағытталған 7 және 8 сынып оқушыларына арналған жаратылыстану ғылымдары бойынша 30 сабақтан тұратын эксперименталды бағдарлама болып табылады. Ол орта мектепте кеңінен қолданылады, кейбір студенттер тек шектеулі ғана табысты көрсетіп жатса, жасалған ұсынысқа сәйкес оның себебі ретінде студенттердің уәжін арттыру болып отыр, алайда бұл болжам зерттелген жоқ. Сәйкесінше, менің зерттеу жұмысымның негізгі мақсаты келесіге негізделеді: «CASE барысында оқушылардың нәтижелерінің айырмашылығы олардың уәжіндегі айырмашылықпен түсіндіріледі ме?» Маған ер балалар мен қыздардың табыстарының айырмашылығы да қызық, өйткені балаларға қарағанда қыздар барынша уәжделгенін болжауға мүмкіндік береді; және мектепте қыздар жалпы алғанда емтиханда балаларға қарағанда мейлінше жоғары баға алады. Қатыспайтын оқушылармен бірге CASE бағдарламасы бойынша оқитын оқушыларды салыстыру үшін бойлық бойынша жүргізілетін жалған эксперименталды тәсілді қолдана отырып (қалыпты танымдық дамуға түзету үшін), мен тоғыз орта мектепте соңғы екі оқыту жыл ішінде (1700 оқушыдан астам) топты қадағаладым (олардың бесеуі CASE бағдарламасын пайдаланса, ал төртеуі пайдаланбайды). Бұл, өз зерттеуіңізді іске асыруды жоспарлап отырғаннан көбірек оқушылар болатын болса, өйткені сіз өз мектебіңіздің оқушыларын зерттейсіз. Алайда, егер сіздің таңдалым 1700 оқушыны құрайтын болса, бір жылғы түлектер немесе бір сынып, талдау үдерісі бірдей болады.

Танымдық дамудағы өзгерістерді өлшеу үшін, жетінші оқу жылының басында (CASE басында – алдын-ала тест) және 8 оқыту жылының соңында танымдық даму мен уәждемені бағаладым. Уәждемеде қандай да бір өзгерістер орын алса, мен оны да анықтай алар едім. Алдын-ала тесттің барысында жинақталған кейбір мәліметтердің ғана басын шалып өтеміз. Танымдық дамуды өлшеу үшін стандартты тестті пайдаландым (ғылыми ойлауға деген тапсырма). Тест оқушылар кейіннен мөрқағазды толтыра отырып сұрақтарға жауап беруі тиіс мұғалімдермен жүргізілетін көрсетілімдер сериясы

түрінде жүргізіледі. Жауаптар қосымша ретінде ұсынылып отырған сызбаның көмегімен белгіленеді, содан кейін жалпы бал танымдық даму деңгейіне түрленеді (аралық өлшеу деңгейі болып табылатын сандық бал).

Уәждемені сіздің қандай уәждеме теориясын ұстанатыныңызға байланысты түрлі тәсілдермен өлшеуге болады. Мен төрт уәждеме өлшемінің болуын қарастыратын теорияны таңдап алдым. Әрбір өлшемді оқушылар жауап беруі тиіс нысандардың қатарын қамтитын шәкілдің көмегімен бағалауға болады. Алдыңғы зерттеу жұмысына іске қосылған сауалнаманы пайдаландым. Әрбір нысанның жалпы бастамасы бар – «мен өзімді керемет сезінемін,…кезде» - және оқушы осы жерде өзінің осы айтылған оймен қаншалықты келісетінін Ликерттің бес балдық шәкілі бойынша көрсетіп береді («тіптен келіспеймін» - 1 балдан бастап «толықтай келісемін» - 5 балға дейін). Әрбір өлшем бойынша жалпы бал - әрбір шәкілдегі жекелеген нысандар үшін балдар сомасы болып табылады. Төрт шәкілдің әрқайсысы бойынша нысанның мысалы осы өлшемнің неге қатысты екендігі туралы ой салу үшін 10.1 кестеде келтірілген.

Мен оқушылардан жаратылыстану, ағылшын тілі және жалпы мектеп туралы өз ойларын айтуды өтіндім, өйткені маған түрлі салалар қызықты көрінді. Сондықтан мәліметтер базасы әрбір нысан үшін үш жауапқа ие болды және жекелеген жалпы балдар түрлі пәндер үшін әрбір өлшемге жасалады. Қазір мен жинаған мәліметтер туралы ойға ие бола отырып, талдау жүргізу үшін SPSS мәліметтер базасын түзгенімді қарастыра аламыз.

10.1 кесте. Уәждеме бойынша сауалнамадағы сұрақтар мысалдары

Шәкіл	Негізгі уәждеме	Нысанның мысалы[1]
Міндет	Білікті дамыту үшін	… мен күрделі ойды шынымен түсініп отырмын
Эго	Білікті көрсету үшін	… мен басқа оқушыларға қарағанда тапсырмаларды жақсырақ орындаймын
Жұмыстан қашу	Құзыреттіліктің жоқтығын көрсетпеу (пассивті қашу)	… мен үй тапсырмасын орындамауым тиіс
Алып қою	Құзыреттіліктің жоқтығын көрсетпеу (активті қашу)	… мен ерігіп жүрмін, маған бұл нәрсе бола береді

Ескерту: [1] Жалпы бастама «Мен өзімді келесі жағдайда керемет сезінемін».

10.1 тапсырма

Уәждеме бойынша сауалнамадан мәліметтерді жинау (тарау соңындағы қосымшаны қараңыз). SPSS қалай пайдалануды түсіну үшін мәтінде сипатталған іс-әрекеттерді орындау үшін осы мәліметтерді пайдалану қажет.

SPSS-те мәліметтер базасын түзу

Осы тарауда біз менің жеке мәліметтер базамдағы мысалдардан келтіре отырып, SPSS мәліметтер базасын түзу кезінде есепке алу қажет кейбір сипаттамаларды қарастыратын боламыз. Егер сіз сайтқа ауысатын болсаңыз, онда сіз ол жерден SPSS көмегімен мәліметтер базасын түзу бойынша нұсқаулықты таба аласыз, оларды бір тараудың аясында пайдалы ретінде қабылдайсыз. Тараудың соңында мәліметтер базасын қалай түсінгеніңізді тексеру үшін сізге тапсырма ұсынылып отыр. SPSS бағдарламасындағы бос мәліметтер базасы оларды алғаш рет ашқан кезде Excel беттеріне ұқсас көрінеді, алайда Excel қарағанда мәліметтер базасын екі тәсілмен бейнелеуге болады: «Мәліметтерге шолу жасау» (data view) мен «Айнымалыларға шолу жасау» (variable view).

«Мәліметтерге шолу жасау» (мәліметтер базасын ашу кезінде таңдалып қойған) мәліметтер базасына енгізілген мәліметтерді көруге мүмкіндік береді. Әрбір қатар бір «бақылауға» (case) сәйкес келеді. Мен шамамен 1700 оқушының мәліметтерін жинақтап алдым, сондықтан менің мәліметтер базамда шамамен 1700 қатар бар. Бақылаулар міндетті түрде белгілі бір адамдарға сәйкес келуі міндетті емес. Егер, мәселен, оқушылар туралы емес, мектептер туралы мәліметтерді жинайтын болсаңыз, онда қатарлар әрбір мектепті білдіретін болады. Бағандар сіз мәліметтер жинап отырған әрбір айнымалыны ұсынады. Менің зерттеу жұмысымда бұл демографиялық мәліметтер (мәселен, жынысы), танымдық даму деңгейінің балы, және сауалнамадағы әрбір сұраққа жауаптар болатын. Сонымен бірге әрекет етуші айнымалылардан айнымалылар қатарын мәліметтер базасында түздім. Мәселен, әрбір уәждеме өлшемі бойынша жалпы балдың айнымалысы бар.

«Айнымалыларға шолу жасау» сіздің айнымалыларыңыздың әрқайсысы туралы ақпаратты қамтиды. Бұл SPSS бағдарламасының электронды кестеден бірінші айырмашылығы - өйткені бұл мәліметтер базасы, ол Excel кестесі жасай алмайтын сіздің айнымалыларыңыз туралы барлық түрлі пайдалы ақпаратты қамти алады және бұл ақпарат статистикалық талдау жүргізу үшін қажет. Мәліметтерді енгізбес бұрын, Айнымалыларға шолу режимінде өз айнымалыларыңызды белгілей аласыз. Мұнда әрбір қатар бір айнымалыға сәйкес келеді, ал бағандар айнымалының жекелеген ерекшеліктерін білдіреді. Келешекте аяушылыққа жол бермеу үшін, мәліметтерді енгізбес бұрын өз айнымалыларыңызды толықтай анықтап алу ұсынылады, өйткені SPSS барлық айнымалылар үшін сәйкес келмейтін ұстанымдарға ие.

Сіздегі мәліметтердің не үшін жиналғанына қарамастан, әрбір бақылаудың ерекше сәйкестігі ретінде алғашқы айнымалыны белгілеген дұрыс. Қажет болған жағдайда бастапқы жиналған мәліметтерге кейіннен қайту мүмкіндігі болуы қажет. Мәліметтерді қорғау үшін және этикалық ұстанымдарға сәйкес сізге тип түрінде емес, код түрінде сәйкестендіргішті белгілеу қажет. Сондықтан мен өзімнің бірінші айнымалымды «ID» атадым. Айнымалының аты сегіз белгімен шектеледі, егер сіз көбірек белгіні енгізуге тырыссаңыз, онда SPSS оларды қысқартады. Алайда сіз атын

толықтай енгізе аласыз, мәселен, «ерекше сәйкестендіргішті» «белгі» (label) астына, және кейінірек талдау барысында SPSS өзінің соңғы нәтижелерінде айнымалы атын емес, белгі астындағы нәрсені көрсеткен.

Басқа тақырыптар үшін, SPSS ақпаратты белгіленуі бойынша жинақтайды. Дегенмен олардың көпшілігі сәйкес келмейді, сізге типті (type), мәндер белгісін (values), болмайтын мәндерді (missing) және өлшем шәкілін (measure) таңдау қажет. SPSS-те түрлі нұсқалар сақталған. Мәселен, тип түрі ретінде сіз сандық және қатарды қамти алғанда, көптеген нұсқаларының бірін таңдай алар едіңіз. Мен оқушының әрбір жауабының ең қарапайым сәйкестендіргіші ретінде әрбір оқушыға нөмір беріліп, танымдық дамуға тестілер/мәрқағаздардағы нөмір қойылады деп шештім. Сондықтан айнымалының сәйкестендіргіші ретінде (ID) айнымалы тип (type) қатарындағы «сандық» (numerical) таңдап алып, сіз сандық емес кодтарды, мәселен, лақап аттарды алғыңыз келеді (алайда, сіздегі бақылаулар саны көп болса, есте сақтаңыз, бұл тез арада шатасып кетеді, өйткені санды пайдаланған дұрыс). Бұл жағдайда айнымалы түрі ретінде «қатарды» (string) таңдайсыз, және екі бірдей жағдайда да өлшем бірлігі (measure) қалыпты (nominal) болады.

Мәндер белгісін (values) және түсіп қалған мәндерді (missing) пайдалануды түсіну үшін, басқа айнымалыға жүгіну қажет. Мен кейбір базалық демографиялық ақпаратты жазғым келді және мүмкіндігінше сіз де солай істейсіз деп ойлаймын. Мәселен, мен әрбір оқушының жынысын көрсеткім келді. Алдын-ала ойлай отырып, мен ер балалар мен қыз балаларды көрсеткіштер қатары (мәселен, «Тапсырма» уәждеме шәкілі бойынша балдар) бойынша салыстырғым келетінін білдім. Осындай талдау түрі үшін сізге қатарлық айнымалылар емес, сандық айнымалылар түзу қажет, сондықтан айнымалы түрі ретінде мен «сандықты» (numerical) таңдап алдым, ал өлшем шәкілінен (measure) мен қалыптыны (nominal) таңдап алдым. 1 кодымен балаларды белгілеп, 2 кодымен қыздарды белгілеп алдым да, осы ақпаратты мәндер белгісі (values) қатарына енгіздім. Айнымалылар белгісі жағдайындағыдай, SPSS талдауда сандық кодтарды емес, мән белгілерін көрсетеді, бұл жағдай ыңғайлы, өйткені сізге «1» санының ер балалар немесе қыз балалар үшін екендігін есте сақтау қажет емес (дегенмен, сіз кез келген уақытта мұны Айнымалыларды шолу режимінен тексере аласыз).

Мәліметтері жоқ болуы мүмкін айнымалылар үшін түсіп қалатын мәндерді (missing) белгілеу маңызды. Мәселен, оқушылардан сауалнама басында өз жынысын көрсетуді сұранғанның өзінде, кейбіреулер оны көрсетпейді, және жынысты аты бойынша тұрақты анықтауға болмайды (мәселен, Сэм қыздың да, баланың да аты болуы мүмкін), бұл жағдайларда оны түсіп қалатын мән ретінде көрсету қажет. Түсіп қалатын мәліметтер үшін арнайы сандық кодты белгілеу SPSS бағдарламасы арқылы бақылауларды тануға мүмкіндік береді, олар бойынша мәліметтер жоқ және оларды нақты бір талдаудан шектеуге де мүмкіндік алады. Сіз «missing» қатарынан түсіп қалатын мәліметтерді білдіретін бір немесе бірнеше мәнді белгілейсіз. Ережеге сәйкес, қандай болса да бір мәнді белгілейсіз, егер бұл мән бұрын сіздің кодыңызда пайдаланылмаған болса (сондықтан мен жыныс үшін 1 немесе 2 санын көрсете алмадым), алайда дәстүрлі түрде түсіп қалатын мәліметтер көрінуі үшін «9» немесе «99» пайдаланады. Сіз әртүрлі айнымалы үшін түрлі мәнді пайдалана аласыз, алайда мен мұны жасауға кеңес бермес едім, өйткені бұл жағдай тығырыққа тиеуі мүмкін. Сіз

бірнеше түсіп қалушы мәнді мәліметтердің жоқтығының түрлі себептерін белгілеу үшін көрсете аласыз – мәселен, «оқушы тестті жүргізу күні болмады» немесе «оқушы тесттің бір сұрағын тастап кетті», алайда мәні қарапайым болғаны дұрыс.

Барлық айнымалыларды белгілей отырып, өз мәліметтеріңізді енгізуді бастаңыз. Сіз мұны Мәліметтерге шолу жасау (data view) режимінде жасай аласыз, мұнда бағандардың атаулары сіз белгілеген айнымалыларға сәйкес келеді. Мәліметтерді енгізу – әрбір бақылаудың әрбір айнымалысы үшін тиісті мәліметтерді қарапайым енгізу болып табылады. Ережеге сәйкес, екіншіге ауыспас бұрын, бірінші бақылау үшін барлық мәліметтерді енгізесіз, алайда, әрине, сіз кез келген уақытта қайтып келіп, кейіннен жиналған түсіп қалған мәліметтерді қоса аласыз. Сондықтан сіздің мәліметтер базаңызда мен қолымдағы бар мәліметтерді бірінші оқушыдан бастап «ID» бағанына «1001» санын енгізіп, «Жыныс» бағанына «2» санын енгіздім, өйткені бұл қыз болатын және т.б. Егер сіз өз кодыңызды ұмытып қалсаңыз, онда сіз оларды Айнымалыларға шолу режиміндегі мәндер белгісінен тексере аласыз. Тұрақты түрде сақтап отыруды ұмытпаңыз.

Мәліметтерді енгізу барысында, сіз қандай да бір мәселемен жолығуыңыз мүмкін, мәселен, өз сауалнамасында екі жауапты таңдаған оқушылар. Оларды түрлі тәсілдермен шешуге болады. Сіз оқушыға қайтып оралуыңыз мүмкін және одан өз жауабын түсіндіруін сұрауыңыз мүмкін (ол уақытты алады); сіз оны түсіп қалушы жауап ретінде енгізе аласыз (ең дұрыс шешім ретінде, алайда ол жағдайда сіз мәліметтерді жоғалтып аласыз), немесе сіз шәкілдер үшін орташа нүктелерді алу үшін жаңа мәндерді енгізуге шешім қабылдайсыз (алайда бұл келешек талдауды бұрмалауы мүмкін). Қандай тәсіл таңдап алсаңыз да, оны тұрақты қолданыңыз.

Мәліметтерді талдау – сипаттамалы статистиканы жасау

1. Мәліметтерді енгізу дәлдігін тексеру

Сізге алғашқы тексеру қажет нәрсе – бұл өз мәліметтеріңізді енгізу дұрыстығы болып табылады, өйткені сіздің мұқияттылығыңызға қарамастан, қателіктер орын алуы мүмкін. Мәліметтерді «тазартудың» осы түрі мәліметтерді зерттеу үдерісінің бастамасы болады. Негізгі қателіктердің бірі – белгілі бір жауап үшін бұрыс кодты енгізу, мәселен, «1»-дің орнына «11» (яғни, енгізілген мән сіз белгілеген кодқа сәйкес келмейді), және осыны тексерудің ең тез тәсілі – әрбір айнымалы үшін жиіліктердің үлестірілуіне (немесе жауаптар сомасына) шолу жасау.

SPSS-те сипаттамалы статистика, жиіліктерді үлестіру мәліметтері, «analyse» пайда болатын мәзірі арқылы қол жетімді болады. Ол сипаттамалы статистиканың көптеген нұсқаларын қамтиды, алайда жиіліктерді үлестіру кестелері «frequencies» жиіліктер көмегі арқылы түзіледі. Осы нұсқаны таңдап алғаннан кейін, SPSS диалогтық терезені шығарады, онда сіздің мәліметтер базаңыздағы қандай айнымалылар жиілігі туралы ақпарат алғыңыз келетіні туралы көрсету қажет. Сізге бір немесе бірнеше айнымалыны таңдап алып, тиісті ақпаратты сұрату қажет. SPSS бағдарламасы экранда пайда болатын SPSS шығыс файлындағы жиіліктерді үлестірудің қажетті кестелерін жинақтайды. Әрбір көрсетілген айнымалы бойынша сіз кестенің бірінші бағанында тізімі келтірілген түрлі жауаптар санаттарын көре аласыз, ал осы санат бойынша

жауаптар санын – екінші бағаннан көре аласыз. Бірінші бағанға бір рет қарағанда қате жауаптарды шығарады. 10.2 және 10.3 кестелерде менің екі айнымалым үшін жиіліктерді үлестіру көрсетілген: «жыныс» және «оқуға уәждеме (ғылым)».

		Frequency / Жиілік	Per cent / %	Valid per cent / % шын мәнісінде	Cumulative per cent / жиынтық пайыз
Шын мәнісінде	Балалар	710	41.2	43.0	43.0
	Қыздар	942	54.7	57.0	100.0
	Барлығы	1652	95.9	100.0	
Жоқ	9.00	71	4.1		
Барлығы		1723	100.0		

10.2 кесте. Жынысы бойынша жиіліктерді үлестіру

Егер сізде осы мысалда келтірілгендей қате мәндер болмаса, онда сіз басқа сипаттамалы талдауға ауыса аласыз. Егер сіз жиіліктерді үлестіру мәндерін сақтағыңыз келсе (егер сіз есепке көшіріп алып, кестеге қойғыңыз келсе), онда сіз бұл файлды кез келген басқа файл сияқты сақтай аласыз. Егер сізде қандай да бір стандартты емес жауаптар болса, онда сізге бастапқы мәліметтерге (мәселен, бастапқы сауалнамаға) жауапты түзету үшін қайта оралу қажет болады.

2. Айнымалылар жиынтығын түзу

Жиіліктерді үлестіру белгілі бір айнымалы бойынша барлық жауаптар туралы ақпаратты ұсынғанымен, бізге аралық деңгейде өлшенген айнымалылар үшін мейлінше сығылған мәлімет қажет. Мәселен, уәждеме шәкілі бойынша балдар менің зерттеу жұмысымда 8-ден 30-ға дейін ерекшеленетінін біле отырып, осы шәкіл бойынша жалпы жауапты бейнелеуге ешқандай жағдай жасамайды. Егер мен сізге қандай оқушының 18 бал жинағанын айтар болсам, онда сіз 10.2 кестені мұқият зерттеп алмастан, бұл нәтиженің қалыпты немесе қалыпты емес екендігін біле алмайсыз. Белгілі бір балдар туралы тұжырым шығару үшін сізге екі нәрсені білу қажет. Біріншіден, типтік жауап қандай? Ол үшін біз әдетте орташа балды есептеп шығарамыз (барлық жекелеген балдарды бір-біріне қосып, шыққан соманы қамтылған балдарға бөлу арқылы). Екіншіден, жауаптар қалай үлестіріледі? Егер бөлініс соншалықты үлкен болмаса, көптеген адамдар бірдей жауап береді. Мейлінше кең бөлініс балдардың орташа мәннен айтарлықтай ауытқуы мүмкін екендігін білдіреді (жоғары және төмен). Кәдімгі көрсеткіш ретінде орташа балдан орташа ауытқуды білдіретін орташа квадраттық ауытқу болып табылады.

10.3 кесте. Тапсырманы уәждеу үшін жиіліктерді үлестіру (ғылым)

		Жиілік	Пайыз	% шын мәнісінде	Жалпы пайыз
Нақты	8.00	1	.1	.1	.1
	9.00	1	.1	.1	.1
	10.00	3	.2	.2	.4
	11.00	1	.1	.1	.4
	13.00	4	.2	.3	.7
	14.00	6	.3	.4	1.1
	15.00	9	.5	.6	1.8
	16.00	8	.5	.6	2.3
	17.00	14	.8	1.0	3.3
	18.00	31	1.8	2.2	5.5
	19.00	32	1.9	2.2	7.7
	20.00	52	3.0	3.6	11.3
	21.00	66	3.8	4.6	16.0
	22.00	88	5.1	6.2	22.1
	23.00	111	6.4	7.8	29.9
	24.00	131	7.6	9.2	39.1
	25.00	144	8.4	10.1	49.2
	26.00	167	9.7	11.7	60.9
	27.00	159	9.2	11.1	72.0
	28.00	167	9.7	11.7	83.7
	29.00	126	7.3	8.8	92.5
	30.00	107	6.2	7.5	100.0
	Итого	1428	82.9	100.0	
Жоқ1		295	17.1		
Барлығы		1723	100.0		

Ескерту: 1 Түсіп қалған жауаптар беріліп отыр, өйткені оқушылар тапсырма уәждемесінің шәкіліне сәйкес келетін тізімнен бір немесе бірнеше сұрақтарға жауап бермейтінін көрсетеді (ғылым).

Жалпы статистикаға қол жеткізу үшін, орташа және орташа квадраттық ауытқуды қамти отырып (әдетте әдебиетте сипаттамалы статистика ретінде аталады) сипаттамалы статистиканың «descriptives» нұсқасы қолданылады. Жынысы (gender) мен тапсырма уәждемесі (ғылым) (task motivation (science)) және танымдық даму деңгейі бойынша жалпы статистика 10.4 кестеде келтірілген.

Тапсырма уәждемесі шәкіліндегі (ғылым) 18 балдың төмен болатын/болмайтыны туралы сұраққа қайта орала отырып, орташа балдың 25,0 (дөңгелектей отырып) балға тең келетінін біле отырып және орташа квадраттық ауытқудың 3,6 құрайтынын біле отырып, 18 бал тым төмен деп айтуға болады, өйткені көптеген адамдар 21,4-тен (25-тен 3,6 дейін төмен) 28,6-ге дейін бал жинаған.

10.4 кестеде сонымен бірге компьютерлік бағдарламаны пайдалана отырып есте сақтау қажет маңызды мезеттер де көрсетілген. Жыныс қалыпты деңгейдің айнымалысы болып табылатындықтан, орташа немесе орташа арифметикалық жыныс туралы айту орынсыз, өйткені менің қатысушыларым тек балалар болған немесе тек қыздар болған. Алайда SPSS қажет болған жағдайда осы мәнді есептеп шығарады. Сізге үнемі өзіңізге мынадай сұрақ қою керек – мен компьютерге есептетіп шығуым дұрыс па? Қарапайым тілмен айтқанда, нені ексең, соны орарсың!


10.4 кесте. Жынысы, тапсырма уәждемесі (ғылым) және танымдық даму бойынша сипаттамалы статистика

	N	Ең төменгі	Ең жоғарғы	Орташа	Орташа квадраттық ауытқу
Жынысы	1652	1.00	2.00	1.5702	.49519
Тапсырма уәждемесі (ғылым)	1428	8.00	30.00	24.9965	3.60574
Танымдық даму деңгейі	1723	2.00	9.00	6.1977	2.18647

3. Кестелерді түзу


Жиіліктерді үлестіруді кестені зерттеп немесе жиынтық статистиканы зерттеудің орнына түсіну оңайырақ. Мәселен, сіз жиіліктерді үлестіру кестесін көріп отырғаныңыздай, тапсырма уәждемесі шәкілі (ғылым) бойынша орташа бал 25,0 құрайтынын білесіз, ал балдары 8-ден 30 арасында болып отыр және бөлініс аз болып отырғандықтан, орташа квадраттық ауытқу 3,6 балды құрап отыр. Егер сіз осы мәндер туралы ойланып отырсаңыз, онда бұл жағдай сізге балдарды шәкілдің жоғарғы ұшына белгілеуді білдіреді. Бұл жайтты жиіліктерді үлестіру кестесі болып табылатын гистограмманы құрай отырып көруге болады.

SPSS-тегі графикаларды гистограмманы түзуге мүмкіндік беретін «graph» пайда болатын мәзірінің көмегімен құруға болады. Тапсырманы уәждемелеу (ғылым) шәкіліне арналған гистограмма 10.1 суретте келтірілген және өзіміз күткендей, оқушылардың балдары шәкілдің жоғарғы жағына шоғырланған. Бұл шәкіл пәндерді үйренуге қатысты, сондықтан көптеген оқушылардың оларды қандай жайт уәждемелейтіні туралы айтқаны дұрыс, егер олар өздерінің жауаптарын басқа бір кісі де айтатыны туралы білетін болған жағдайда.



10.1 сурет. Тапсырманы уәждемелеу (ғылым) шәкілі бойынша жауаптардың шашылуын көрсететін гистограмма

Пайда болатын мәзірдің нұсқасы болып табылатын мәліметтерді сипаттамалы талдау үшін пайдалы екінші түрлі кесте мәліметтерді шашу диаграммасы болып табылады. Ол екі айнымалы аралық деңгейінің арасындағы өзара байланысты көрсетеді. Мәселен, мені оқушылардың танымдық даму балдары мен олардың уәждеме балдарының арасындағы өзара байланыс қатты қызықтырды. Мен жаңа жайттарды білу үшін күш салуға уәждемеленгенді көрсеткен оқушылардың өзінің танымдық қабілеттерін дамытатынын күттім. Шашу диаграммасы өзімнің осындай өзара байланысқа қатысты әділ болғанымды шешуге көмек берді; диаграмма 10.2 суретте келтірілген.



10.2 сурет. Тапсырманы уәждемелеу (ғылым) мен танымдық даму деңгейінің арасындағы өзара байланысты көрсететін шашырау диаграммасы

Әрбір үйірме қызығушылық танытатын айнымалылар бойынша бір немесе бірнеше оқушының балдарын білдіреді. Мәселен, кестенің төменгі оң жағындағы үйірме тапсырманы уәждемелеу (ғылым) шәкілі бойынша 30 (ең жоғарғы мән) жинаған оқушыларды білдіреді (өйткені олар жаңаны үйрену үшін шектен тыс уәжделген), алайда сонымен бірге танымдық даму деңгейі бойынша тестте ең төменгі 2 деген балды алып отыр. Сондықтан осы оқушылар үшін жаңалықты үйрену олардың танымдық қабілеттерін дамытуға көмек бермейді. Ережеге сәйкес, статистик мамандар оң байланыс деп атайтын оң байланыс болған жағдайда, тапсырманы уәждемелеу мен танымдық даму деңгейінің арасындағы кесте төменгі оң жақ бөліктен кестенің оң жақ жоғарғы бұрышынан өтетін сызықтан кейінгі үйірмелер қатарын көрсетеді (яғни, көтерілетін). Мұнда бізде тапсырма уәждемесі мен танымдық даму деңгейінің болуын білдірмейтін кестенің көп бөлігін толтыратын үйірмелердің жалпы ағыны бар. Бұл менің күткенім емес. Екі айнымалы арасында теріс байланыс бар екендігіне де назар аударыңыз. Мәселен, алып қою мен танымдық даму арасындағы теріс байланысты да күтуге болады, жоғарғы сол жақ сызықтан төменгі оң жақ бұрышқа қарай баратын үйірмелер жолақтарының түріне ие болады (яғни түсетін).

Мәліметтерді талдау – қорытындыға статистика жүргізу

Мәліметтерді зерделей және түрлі айнымалылар арасындағы өзара байланысты ала отырып, істің мән-жайына ауысуға және зерттеу жұмысының алғашқы сұрағына жауап беруге болады. Мені уәждеме мен танымдық даму деңгейінің арасындағы байланыс қызықтырды. Тапсырма уәждемесі бойынша жоғарғы бал жинаған студенттердің (оқуға және жаңа нәрсені меңгеруге деген талпынысы) жалпы алғанда тапсырма уәждемесі шәкілі бойынша төменгі бал жинаған оқушыларға қарағанда танымдық дамуына тестте жоғарырақ бал жинайтынын болжадым. Мен сонымен бірге алып қою шәкілі бойынша жоғарғы балға ие оқушылардың (оқуға белсенді қарсы тұру) алып қою шәкілі бойынша төменгі бал жинаған студенттерге қарағанда (оқуға белсенді қарсы тұру) танымдық даму шәкілі бойынша мейлінше төменгі балға ие болады. Мен сонымен бірге қыздардың балаларға қарағанда тапсырма уәждемесі шәкілі бойынша мейлінше жоғарғы бал және алып қою шәкілі бойынша мейлінше төменгі бал жинайтынын және қыздардың танымдық даму деңгейінің жоғарырақ болатынын болжадым.
Менің болжамдарымның дұрыстылығын бағалау үшін, бірқатар стратегиялық тесттерді жүргізу қажет. Шын мәнісінде, мен екі түрлі сұрақ қоямын:

1 Екі айнымалы арасында байланыс бар ма (мәселен, тапсырма уәждемесі мен танымдық даму деңгейінің арасында)?

2 Белгілі бір айнымалы бойынша екі топтың арасында айырмашылық бар ма (мәсел., тапсырма уәждемесі бойынша ұлдар мен қыздар арасында)?

Сұрақтың әрбір түрі ары қарай сипатталған белгілі бір статистикалық тестті талап етеді.

1. Байланыс критерийлері

Бірінші сұрақ түрі айнымалылар арасындағы өзара байланыстарға немесе байланыстарға қатысты, және сондықтан бұл жағдайда тиісті статистикалық критерий байланыс критериі болып табылады. Бұл критерий түрінің негізінде нақты айқындалған өзара байланысты қарау жатады (сондықтан бізге бағалау үшін нақты бір бөлшекті есептеу қажет), содан кейін егер шын мәнісінде қызығушылық танытатын айнымалылар арасындағы нәтиже қаншалықты белгілі болатынын шешіп алу қажет. Шын мәнісінде, алынған нәтижелердің жалған екендігін бағалаймыз, яғни шын мәнісінде уәждеме мен танымдық даму ешқандай да байланысты емес; осы мектептердегі қандай да бір байланыс кездейсоқ болып бақыланады. Бізге осы тәсілді пайдалану қажет, өйткені шын мәнісінде мұндай байланыстың бар/жоқтығын білмейміз, және біз қолдағы бар мәліметтер мен барлық факторларды таразыға тарта отырып мейлінше үздік тұжырым жасауымыз тиіс. Бұл факторларды (немесе мүмкіндіктерді) айнымалылардың байланысты емес екендігін назарға ала отырып есептеуге болады. Егер біз топтар арасында өзара байланысты іздейтін болсақ, онда төменде сипатталған басқа бастапқы тұрғыдан біршама қозғалу қажет. Алайда, кез келген статистикалық тестте жүргізілген

есептеулер тест жүргізіп даулы шешім қабылдау үшін ықтималдықты есептеуді қамтиды. Сондықтан есептеулер нәтижелері қорытынды статистикасы ретінде аталады да, тесттердің өздері маңыздылықты тексеру ретінде аталады.

Екі қызығушылық танытатын айнымалылар арасындағы өзара байланысты есептеуге арналған байланыстылық тестінің есептелген бөлшегі байланыс коэффициенті болып табылады. Статистикалық тест маңыздылықты бағалауға мүмкіндік береді (яғни көбірек ықтималдық ұстанымы бойынша, уәждеме мен танымдық даму арасында өзара байланыс бар). Осы кезеңде менің айнымалыларымды өлшеу мен шашырату деңгейіне қарай есептеу үшін байланыстар коэффициенттерінің бірнеше нұсқалары бар болды. Егер сіз қорытынды жасау үшін статистиканы пайдаланғыңыз келсе, онда сізге бұл жайтты мейлінше жан-жақты зерттеу қажет болады, өйткені бұл тарауда мен осы пәнге тек кіріспе ғана жасаймын. Атап айтқанда, сіз параметрлік немесе параметрлік емес тест жүргізуіңіз мүмкін. Біріншісі, ережеге сәйкес, жақсырақ қабылданады, өйткені көбірек мүмкіндіктер береді және сіздің мәліметтеріңізге мейлінше сәйкес болады, алайда ол сіздің мәліметтеріңізге қатысты белгілі бір талқылауларға жол береді. Түсініктемелер беру үшін бұл тарауда орын жетпейтін себептер бойынша менің мәліметтерім параметрлік тест үшін қолайлы, сондықтан маған тиісті байланыс коэффициентін, Пирсон коэффициентін есептеу қажет, сонымен қатар маңыздылықты тексеру нәтижесіне шолу жасау қажет. SPSS-та бұл үдеріс «analyse» мәзіріндегі «correlate» нұсқасының көмегімен жүргізіледі. Танымдық даму мен тапсырма уәждемесі балдарының арасындағы байланысты тексеру нәтижелері 10.5 кестеде келтірілген.

10.5 кесте. Танымдық даму мен тапсырма уәждемесі балдарының арасындағы байланысты тексеру нәтижелері

		Танымдық даму деңгейі	Тапсырма уәждемесі (ғылым)
Танымдық даму деңгейі	Пирсон байланысы	1	−.043
	Sig. (екі беттік)		104
	N	1723	1428
Тапсырма уәждемесі (ғылым)	Пирсон байланысы	−.043	1
	Sig. (екі беттік)	104	
	N	1428	1428

Алдымен бұл бірқатар шиеленіскен болып көрінуі мүмкін, өйткені кестеде бірдей ақпарат

Алдымен бұл бірқатар шиеленіскен болып көрінуі мүмкін, өйткені кестеде бірдей ақпарат қайталанады. Бізді танымдық даму мен тапсырма уәждемесі (ғылым) арасындағы өзара байланыс қызықтырады. Егер сіз тиісті квадрантты қарайтын болсаңыз (жоғарғы оң жақ немесе төменгі сол жақ), онда сіз байланыс коэффициентін, статистиканы есептеу кезінде негізге алынуы тиіс оқушылардың санын көресіз (1428). Байланыс коэффициенті -0,043 нөлге тең келеді. Өйткені байланыс коэффициенттері -1-ден (тым теріс байланыс) +1-ге дейін (тым оң байланыс) ерекшеленіп отырады, бұл жағдай танымдық даму деңгейі мен тапсырма уәждемесінің арасындағы өзара байланыстың болмауын көрсетеді, бұл жағдай бастапқы болжамдарға қайшы келеді (алайда, қызығушылық тудырып тұрғандай, шашырау диаграммасында бұрын келтірілген мәліметті есепке ала отырып). Маңызы бар нәтиже сізге, егер танымдық даму мен

тапсырма уәждемесі шынайы өмірде менің зерттеу жұмысыммен байланысты емес болса, байланыс коэффициентін алу ықтималдығы -0,043 екендігі туралы хабар береді. Сондықтан осы екі айнымалының арасында өзара байланыс болмаған жағдайда, менің -0,043 өзара байланыс коэффициентім кездейсоқ туындағаны туралы 0,104 ықтималдық бар (оны 100-ге көбейте отырып пайызға айналдыруға болады, яғни 10,4%). Осы тәсілді алғаш рет пайдаланып отырған тұлға үшін ықтималдық 10%-ға төмен көрінуі мүмкін, бұл шын мәнісінде барынша мүмкін болады. Танымдық даму мен тапсырма уәждемесінің кво мәртебесінен ауытқу себептерінің жоқ деген қорытындыға келеміз. Шынына келгенде, тәжірибелік ереже енгізіледі, оған сәйкес осы түрлі тестте (екі жақты тест – мен тағы да жан-жақты түсініктеме бере алмаймын, алайда сіз оларды таба аласыз) екі айнымалы арасындағы байланыс туралы даулы шешім қабылдамас бұрын 2,5%-ға төмен ықтималдық алу қажет. Осы жағдайдың өзінде шын мәнісінде жағдайдың қандай екенін білмейміз, сондықтан сізге ешқашан нақты тұжырымдамада өз ойыңызды білдіру қажет емес.

2. Айырмашылық критерийлері

Байланыс критерийлері жағдайындағыдай, сіздің қолыңыздағы бар мәліметтердің ерекшеліктеріне сәйкес келетін айырмашылық критерийлер түрлері бар (өлшем деңгейі мен қарастырылатын айнымалының шашырауы). Егер біз айырмашылықтарға параметрлік тексеру жүргізсек (өйткені мәліметтер алдыңғы тарауда көрсетілгендей оған сәйкес келеді), онда біз нақты бір айнымалы бойынша әрбір топтағы орташа балды салыстырамыз. Сондықтан, мәселен, тапсырма уәждемесі шәкілі бойынша қыздар мен балалардың балдарының ерекшеленетінін білгіміз келсе, осы шәкіл бойынша балалар мен қыздардың орташа балдарын салыстырамыз. Салыстыру үдерісі барысында есептелген бөлшек t-статистика деп аталады, ал критерий – Стьюдент критериі деп аталады. Мұнда t-статистика зерттеулерінің негізінде екі қарастырылатын топтардың арасында (яғни, балалар мен қыздар) айырмашылықтар жоқ деген ұйғарым жатыр.

SPSS-те t-критерийлер «analyse» мәзірінде «compare means» (орташа мәндерді салыстыру) нұсқасының астында орналасқан. Біз параметрлік талдау жүргізгеннің өзінде, «compare means» үдерісін орындау тәсілінде бейнеленген орташа мәндерді салыстырудың түрлі тәсілдері бар. Өйткені біз белгілі бір айнымалы (тапсырма уәждемесі) бойынша екі түрлі топтарды (балалар мен қыздарды) салыстырамыз, бұл тәуелсіз таңдалымдар критериі болып табылады. Бұл екі түрлі айнымалы бойынша бір адамдарды салыстыра алатын жағдайларға қайшы келеді (мәселен, менің зерттеу жұмысымда мен өзгерген/өзгермегенін тексеру мақсатында екі жылдық оқытудың басында және соңында уәждеме шәкілі бойынша оқушылардың орташа балдарын салыстырдым), ол қайталанған өлшемдерді талдауды пайдалануды талап етер еді. Сізге сонымен бірге қандай топтарды салыстыраныңызды көрсету қажет («define groups» (топтарды белгілеу)), ол үшін сізге салыстырайын деп отырған топтар үшін белгіленген кодтарды орналастыру қажет (менің жағдайымда балалар мен қыздар үшін сәйкесінше 1 және 2 белгілейді). Сізге топтарды көрсету қажет, өйткені мәліметтер базасында белгілі бір айнымалыға топтардың көп екендігі туралы ықтималдық бар (мәсел., мен

тоғыз мектептің екі мектебі үшін тапсырма уәждемесі балдарын салыстырғым келуі мүмкін).

10.6 кесте. Тапсырма уәждемесі шәкілі (ғылым) бойынша балалар мен қыздар арасындағы айырмашылық үшін маңыздылық критериі

		Топтың статистикасы			
	Жынысы	N	Орташа	Орташа квадраттық ауытқу	Орташа квадраттық қателік
Тапсырма уәждемесі (наука)	Балалар	625	25.0224	3.65273	.14611
	Қыздар	803	24.9763	3.57090	.12601

		Тәуелсіз таңдалымдар критерийлері								
		Дисперсиялардың теңдігі үшін Левен критериі		орташа t-теңдік критериі					дисперсияның 95% сенім аралығы	
		F.	Sig	t	df	Sig. (екі жақты)	Орташа айырмашылық	Айырмаш.орташа кв.мәні	Төменгі	Жоғарғы
Тапсырма уәждемесі	Тең дисперсия рұқсат етіледі	.101	.750	.239	1426	.811	.04606	.19240	-.33136	.42348
	Тең дисперсия рұқсат етілмейді			.239	1326.515	.811	.04606	.19294	-.33245	.42457

Кестенің жоғарғы жағында сипаттамалы статистика бар, ол өте қолайлы, өйткені біз алдын-ала тапсырма уәждемесі шәкілі бойынша балалар мен қыздар үшін орташа балды таппадық (дегенмен әдетте мұндай талдау түрінде сіз статистикалық тексеру жүргізбес бұрын сипаттамалы статистикадан бастайсыз). Өзіміз күткендей, балалар мен қыздар үшін орташа балдар бірдей емес. Шын мәнісінде, балалар (25,02 орташа балмен) жалпы алғанда мен күткендей, қыздарға қарағанда әжептеуір жоғарырақ бал (24,98 орташа балмен) жинады. Осы болмашы айырмашылықтар қаншалықты ерекшеленетінін тексеру үшін, кестенің төменгі жағына қарау қажет.

Онда көп ақпарат келтіргенімен, қазіргі кезеңде тек екі санға ғана назар аудару қажет: t мәні мен «sig» (маңыздылық) мәні. Әрқайсысы үшін екі нұсқа бар және олар мәліметтердің ерекшеліктеріне қарай түсініктеме беру үшін сәйкес келеді (бұл жағдайда балалармен салыстырғанда қыздардың балдарының дисперсиясы біршама жоғары, бұл осы мәліметтер үшін әділ тұжырым болып табылады – және осы мәселе бойынша көбірек ақпарат алу қажет). Сондықтан, тең дисперсия туралы тұжырым жасай келе, әр жағдайда сізге жоғарғы мәнге назар аудару қажет. Есептелген t мәні 0,239 құрайды. Байланыс коэффициентіне қарағанда, бұл балалар мен қыздардың арасындағы айырмашылық туралы аз ақпарат береді, оның орнына бұл мән топтар арасындағы айырмашылықты білдіреді. Алайда маңыздылық деңгейі (0,811) бізге, егер балалар мен қыздар арасында айырмашылық жоқ болса, 0,239 тең келетін t мәнін алатынымыз қаншалықты мүмкін екендігі туралы ақпарат береді. Сондықтан бұл жағдайда, егер балалар мен қыздар арасында ешқандай айырмашылық болмайтын болса, t = 0,239 мәнін алу ықтималдығы 81,1% құрайтыны әбден мүмкін. Дәл сол критерий негізінде, бұрынғыдай (яғни, біз екі жақты критерий үшін 2,5% кем

емес ықтималдыққа ие болуымыз тиіс еді), кво мәртебесінен ауытқудың ешқандай дәлелдемесі жоқ. Сондықтан біз мынадай қорытындыға келеміз: бұл мәліметтер балалар мен қыздар түрлі тапсырма уәждемесіне ие деген жеткілікті негіздеме бере алмаймыз.

Негізгі ойлар

• Статистикалық талдаудан қорықпаңыз – егер сізге мектепте математика қиын болғанның өзінде, сіз мұны жасай аласыз – кез келген адам жасай алады, - тек кейбір негіздемелерді білу қажет.
• Назар аударыңыз, SPSS сияқты мамандандырылған бағдарламаны пайдаланудың сізге математика саласының маманы болудың қажеті жоқ екенін білдіреді, алайда өз зерттеу сұрақтарыңызға жауап үшін мейлінше тиісті жауапты орындау үшін сізге бәрібір қандай жағдай орын алып жатқанын түсіну қажет.
• Сәйкестендіргіштерді және тиісті демографиялық айнымалыларды белгілей отырып және түсіп қалған мәліметтер үшін мәндерді белгілей отырып, өз мәліметтер базаңызды түзуге уақыт жұмсаңыз; екі мәнді мәліметтерге қатысты шараларды үнемі ретіне қарай пайдаланып отырыңыз.
• Барлық енгізу қателіктерін жою үшін статистикалық талдауға көшпес бұрын өз мәліметтеріңізді үнемі тазартып отырыңыз.
• Жиіліктерді үлестіру кестесін түзе отырып және, қажет болған жағдайда, гистограмманы түзе отырып, жиіліктерді үлестіруді зерттеуден өз талдауыңызды бастаңыз. Шашырату диаграммасын құрай отырып, айнымалылар шәкілдері бойынша өлшемдер арасындағы өзара байланысты зерттеңіз.
• Жиіліктерді үлестіруді келтіру мен сипаттау үшін сипаттамалы статистиканы есептеңіз. Тек одан кейін ғана төмендегілерді тексеру үшін қорытынды статистиканы пайдаланыңыз: екі айнымалы арасында өзара байланыс бар, немесе белгілі бір айнымалы екі топтың арасында айырмашылық бар.
• Байланыс коэффициентін есептей отырып, байланыс критериінің көмегімен айнымалылар арасындағы байланысты тексеріңіз.
• t мәнін есептей отырып, айырмашылық критериінің көмегімен айнымалылар бойынша топтар арасындағы айырмашылықты тексеріңіз.
• Егер сіздің маңызды нәтижеңіз екі жақты критерий үшін кемінде 2,5% құрайтын болса, бастапқы күйді теріске шығару үшін сізде (айырмашылық/өзара байланыстың жоқтығы туралы негіздеме бар екендігін есте сақтаңыз.

Рефлексияға арналған сұрақтар

- Сіз мәліметтерді қалай талдайсыз? Талдау туралы ойланып, сіз жинап жатқан мәліметтер сіздің қойғыңыз келген сұрақтарға жауап беретініне сенімді болу үшін оны алдын-ала жоспарлап алыңыз.
- Үздіксіз шәкіл бойынша бағаланған мәліметтер ішінен қабілеттілік сияқты айнымалы үшін сіз қандай дискретті санаттарды (төменгі, орта және жоғары) таңдайсыз (NFER танымдық қабілеттерге арналған тестілер бойынша балдар)? Сіз керісінше жасай алмайтыныңызды есте сақтаңыз. Сондықтан егер сіз күмәнданып отырсаңыз, мәліметтерді жоғарғы өлшеу деңгейінде жинап алыңыз.
- Компьютерлік бағдарламаға нені орындау қажеттігін айтатын сіз екенін ұмытпаңыз. Ол жай ғана сіздің нұсқаулығыңызға сүйенеді. Сондықтан, нені ексең, соны орарсың!

Қосымша оқу үшін

Cohen, L., Manion, L. and Morrison, K. (2011) Research Methods in Education (7th edn). London: RoutledgeFalmer.
Brace, N., Kemp, R. and Snelgar, R. (2009) SPSS for Psychologists (4th edn). Basingstoke: Palgrave Macmillan.
Coolican, H. (2009) Research Methods and Statistics in Psychology (5th edn). London: Hodder & Stoughton.
Field, A. (2009) Discovering Statistics Using SPSS (3rd edn). London: Sage (Introducing Statistical Methods series). See also http://www.statisticshell.com/html/dsus.html and accompanying student video clips http://www.sagepub.com/field3e/SPSS studentmovies.htm (accessed April 2012).
Howitt, D. and Cramer, D. (2007) Introduction to Statistics in Psychology (3rd edn). Harlow: Pearson Education Limited.
Muijs, D. (2010) Doing Quantitative Research in Education With SPSS. London: Sage.
Sani, F. and Todman, J. (2008) Experimental Design and Statistics for Psychology (2nd edn). Oxford: Blackwell Publishing.

Бірінші қосымша: уәждеме бойынша сауалнама

Аты: ....Рос Маклеллан……
Мектебі: …KTS……
Күні: …...13/09/07……

Туылған күні: …25/07/96.....……
Жаратылыстану мұғалімі: …1 сынып……..…….
Ұл/қыз: …қыз……..…….

Мен сізге мектептегі оқуыңыз туралы бірнеше сұрақтар қоймақшымын. Дұрыс немесе бұрыс жауаптар жоқ. Барлық сұрақтарға мейлінше шынайы жауап беріңіз. Мұғалімдеріңіз жауаптарыңызды көрмейді.

Әрбір сұрақ бойынша мыналарды шешіп алыңыз, сіз: 1 – мүлдем келіспейміз, 2 – келіспейсіз, 3 – ешқайсысы да емес, 4 – келісесіз, немесе 5 – толықтай келісесіз.

Әрбір сұрақ бойынша сіз ойлайтын нәрсеге мейлінше жақын жауапты белгілеңіз.

Мәселен:

піскен үрме бұршақ дәмді 1 X 3 4 5

Бұл адамға піскен үрме бұршақ дәмі ұнамайды. Сондықтан 2 нұсқасын белгілеп отыр, яғни ол «келіспейді».

Басқа мысал:

Тоттенхэм Хотспур керемет 1 2 3 4 X

Бұл адам Спурлардың жанкүйері. Ол 5 жауапты белгіледі, яғни ол «толықтай келіседі».

Ең алдымен, мен сіздердің мектепте шын мәнісінде ең ТАБЫСТЫ күніңіз ҚАШАН болғаны туралы ойланғаныңызды қалаймын.

Келесі сұрақтарға жауап беріңіз де, мыналарды есте сақтаңыз:

1 – мүлдем келіспеймін, 2 – келіспеймін, 3 – ешқайсысы емес,
4 – келісемін, немесе 5 – толықтай келісемін.

1) Маған көп жұмыс істеу қажет болмаған кезде, мен өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 x 3 4 5		1 x 3 4 5		1 2 x 4 5

2) Қызықты бір жайтты естіген кезде өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 x 3 4 5		1 2 x 4 5		1 2 x 4 5

3) Өзімнің ақылды екенімді адамдарға түсіндірген кезде өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 2 3 4 x		1 2 3 x 5		1 2 x 4 5

Есте сақтаңыз:

1 – мүлдем келіспеймін, 2 – келіспеймін, 3 – ешқайсысы емес,
4 – келісемін, немесе 5 – толықтай келісемін.

4) Мен сабақты оқымаған кезде, мен өзімді керемет сезінемін және менің жолым болады

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
x 2 3 4 5		x 2 3 4 5		x 2 3 4 5

5) Адамдар мені ақымақ деп ойламаған кезде мен өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 2 3 x 5		1 2 3 x 5		1 2 3 x 5

6) Көп оқи отырып күрделі тапсырманы шешкен кезде мен өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 2 3 x 5		1 2 3 x 5		1 2 3 x 5

7) Тек мен ғана мұғалімнің сұрағына жауап бере алатын кезде мен өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 2 3 x 5		1 2 3 x 5		1 2 3 4 x

8) Үй тапсырмасын орындау қажет емес кезде мен өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 x 3 4 5		1 2 x 4 5		1 2 x 4 5

9) Кез келген нәрсеге күш салмастан орындайтын кезде мен өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 x 3 4 5		1 x 3 4 5		1 x 3 4 5

10) Сабақта маған бір нәрсе туралы ойлануға тура келсе, мен өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 2 3 x 5		1 2 3 x 5		1 2 3 x 5

Есте сақтаңыз:

1 – мүлдем келіспеймін, 2 – келіспеймін, 3 – ешқайсысы емес,
4 – келісемін, немесе 5 – толықтай келісемін.

11) Мұғалімге жалған сөйлеген кезде мен өзімді керемет сезінемін және менің жолым болып кетеді

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
x 2 3 4 5		x 2 3 4 5		x 2 3 4 5

12) Маған күрделі тестілерді орындау қажет болмаған кезде мен өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 x 3 4 5		1 x 3 4 5		1 x 3 4 5

13) Басқа оқушыларға қарағанда жақсырақ оқыған кезде мен өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 2 x 4 5		1 2 x 4 5		1 2 x 4 5

14) Сыныпта ешқандай ақымақтық жасамаған кезде өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 2 x 4 5		1 2 x 4 5		1 x 3 4 5

15) Күні бойы жақсылап оқыған кезде өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 2 3 4 x		1 2 3 4 x		1 2 3 4 x

16) Ерігіп отырған кезде мен өзімді керемет сезінемін және менің жолып болып кетеді

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 x 3 4 5		1 x 3 4 5		1 2 3 x 5

17) Басқа оқушыларға қарағанда жоғары баға алған кезде өзімді керемет сезінемін

Жалпы мектепте		Жаратылыстану пәндерінде		Ағылшын тілінде
1 2 3 4 x		1 2 3 4 x		1 2 3 4 x

Есте сақтаңыз:

1 – мүлдем келіспеймін, 2 – келіспеймін, 3 – ешқайсысы емес,
Результаты проведенных ранее исследований (напр., Galton et al., 1999; Schagen and Kerr, 1999) предполагают, что, хотя преемственность и прогресс обеспечены в документах национальной учебной программы в Англии, они не обеспечиваются школами при переводе из начальной в среднюю школу. Для исследования отобрано 14 заведующих кафедрой физической культуры (10 мужчин и 4 женщины) в пяти местных образовательных учреждениях (ОУ). Эти 14 заведующих кафедрой участвовали в ряде мер для поддержки перевода учеников из начальной в среднюю школу применительно к физкультуре на раннем этапе данного исследования. Интервью были полуструктурированными и продолжались от 40 минут до 1 часа. Для обеспечения последовательности метода, один исследователь провел интервью со всеми 14 заведующими кафедрой. Этот интервьюер преподавал физкультуру в

средних школах Англии. Интервью включало вопросы о важности перевода учеников из начальной в среднюю школу в области физкультуры; мерах, принимаемых для поддержки учеников из начальной в среднюю школу в области физкультуры и их причине, и о факторах, ограничивающих поддержку перевода и потенциальные способы развития и сохранения этой поддержки. Последующие вопросы были заданы с учетом ответов, полученных от каждого заведующего кафедрой. Интервью записывались на аудиокассеты, а затем были расшифрованы. Расшифровки затем полностью прочли двое людей, а ответы закодировали. Результаты этого маломасштабного качественного исследования показали, что эти 14 заведующих кафедрой считают, что перевод из начальной в среднюю школу важен в области физической культуры. Однако результаты предполагают, что это не реализуется последовательно на практике. Это показало большинство этих заведующих кафедрой, сообщивших, что не оформили и не описали свою практику в виде политики кафедры. Напротив, перевод – это то, что они пытались делать, но достаточно неформально.

Пример 5

«От «консультирующих учеников» до «учеников-исследователей»: описание ситуационного случая», авторы: Пэт Томсон и Хелен Гюнтер (Pat Thomson and Helen Gunter), British Educational Research Journal (2006)

Школы в Англии поощряют «персонализацию» программы обучения и консультацию с учениками по вопросам преподавания и обучения. В этой статье представлен отчет об оценке одной средней школы, приложившей много усилий для увеличения количества предметов, предлагаемых ученикам на выбор, введения интегрированной учебной программы в средних классах и улучшения преподавания и обучения с сохранением инклюзивного и справедливого общего образования. Авторы работали с небольшой группой учеников-консультантов над разработкой оценочных категорий «мнения ученика» в общешкольном ученическом опросе. Они также провели интервью с учителями, учениками и директором, наблюдали за уроками и собраниями, и составили диаграмму идей учеников. Исследование выявило важность процессов, использованных авторами для работы совместно с исследовательской группой учеников, и того, как они из учеников-консультантов стали учениками-исследователями, что потенциально является более трансформирующей практикой. Также поставлено под вопрос понятие «аутентичного мнения ученика» как непоследовательное и неоднородное.

Пример 6

«Может ли домашний научный проект быть инструментом для оценки обучения на уроках естествознания?», авторы: Луиз Ньюби и Марк Уинтерботтом (Louise Newby and Mark Winterbottom), Educational Review, (2011)

Многие английские школы имеют политику домашних заданий, предписывающую, сколько задавать домашней работы для каждого ученика на неделю, независимо от того,

может ли она быть выполнена со смыслом. Исследование рекомендует Оценку для обучения (Assessment for Learning, AfL) в качестве поддержки учебы учеников, но учителя могут счесть трудным включение методов AfL в свою практику. Это исследование изучает, как домашний научный проект, выполняемый в течение нескольких недель, может стать средством интеграции методов AfL на уроках естествознания среди 13-18-летних учеников средней школы.

Перед выполнением домашнего задания ученикам были сообщены требования и дана возможность самостоятельной и коллегиальной оценки их работ сверстниками согласно критериям оценки. Их работа была оценена для изучения того, как ученики изменили свою работу в ответ на оценку. Ученики также заполнили краткую анкету, ставшую основанием для интервью с фокус группой. Результаты предполагают, что домашний научный проект наряду с методами AfL может способствовать обучению учеников, и что такой проект может способствовать реализации AfL

Задание 14.1

1 Категоризировать каждое вышеописанное исследование по типам ситуационного исследования, описанным в этой главе, и тщательно исследовать каждый проект на предмет способов проведения исследования.
2 Составить собственное ситуационное исследование, используя интересующую вас тему и применяя оптимальную для нее процедуру кейс-стади.

Основные идеи

Ситуационное исследование – это традиционный подход к исследованию вопросов, и его цель – описать исследуемый случай настолько полно и точно, насколько это возможно. Исследователи использовали метод кейс-стади в течение многих лет в ряде дисциплин.

Вместо больших выборок и жесткого протокола изучения ограниченного количества переменных, методы кейсов включают глубокое продолжительное исследование одного экземпляра или события – кейса. Поэтому ситуационное исследование делает акцент на детальном контекстуальном анализе ограниченного количества событий или условий и их взаимосвязей.

Ситуационное исследование позволяет нам понять сложный вопрос или объект, и способно расширить наш опыт или подтвердить то, что уже известно по результатам прошлого исследования. Оно может быть разведочным, разъяснительным или описательным по своей природе. Стандартный протокол ситуационного исследования: определить задачи исследования, выбрать случаи и определить методы сбора и анализа данных, подготовиться к сбору данных, собрать полевые данные, оценить и проанализировать данные и подготовить отчет.

Частая критика методологии ситуационного исследования состоит в том, что его зависимость от единичного случая ограничивает его генерализуемость. В отличие от опроса произвольной выборки, ситуационные исследования не представляют генеральную совокупность, хотя и не претендуют на это.

Ситуационные исследования часто применялись в образовании. В частности, образование использует метод кейсов для образовательной оценки и применения с целью обучения и развития аналитического мышления, навыков и знаний.

Вопросы для рефлексии

1 Как вы определили границу случая?
2 Каковы преимущества метода кейс-стади?

Дополнительная литература

Eisenhardt, K.M. (1989) 'Building theories from case study research', The Academy of Management Review, 14: 532–50.
Flyvbjerg, B. (2006) 'Five misunderstandings about case study research', Qualitative Inquiry, 12: 219–45.
Ragin, C.C. and Becker, H.S. (1992) What is a Case? Exploring the Foundations of Social Inquiry. Cambridge: Cambridge University Press.
Scherff, L. (2008) 'Disavowed: The stories of two novice teachers', Teaching and Teacher Education, 24: 1317–32.
Scholz, R.W. and Tietje, O. (2002) Embedded case study methods: Integrating Quantitative and Qualitative Knowledge. Thousand Oaks, CA: Sage.
Singleton, R.A. and Straits, B.C. (2004) Approaches to Social Research (3rd edn). Oxford: Oxford University Press.

ТАРАУ 14

КЕЙС-СТАДИ

HELEN DEMETRIOU

Тарауға шолу

Бұл тарауда кейс-стади әдісі сипатталып, сонымен бірге дереккөздер, сындар мен осы әдістің шектеулері қарастырылатын болады. «Кейс стади» тарауы жағдайды зерттеуге қатысты түрлі әдістемелік тәсілге арналған, содан кейін түрлі осындай зерттеу тәсілдері қарастырылатын болады. Одан кейін тарау кейс-стадиді жүргізу техникалары мен үдерістеріне арналған. Соңында, педагогикалық зерттеудегі жағдаяттық талдаудың икемділігі мен тиімділігі алты жеке зерттеу мысалдарында көрсетіледі.

Жағдаяттық талдау – бұл әмбебап сапалы зерттеу тәсілі болып табылады, ол зерттеушіге күрделі мәселені немесе нысанды түсінуге мүмкіндік береді және басқа зерттеу әдістерін пайдалану кезінде мүмкін емес болатын жағдаятты терең түсінуді қамтамасыз етеді.

Бұл тартымды зерттеу әдісі, өйткені ол «көрінетін шынайылыққа» ие, яғни оқырмандар келісетін деректер мен бейнелерді ұсына алады.

Кейс-стади (талдау) әдісі қазір танымал, негізінен ол адамның уақытша бейнесі немесе басқа зерттеу нысанын қамтитын қолайлы әрі ойға қонымды әдіс ретінде мойындалады.

Кейс-стади дегеніміз не?

Кейбір анықтамалар

Фрай, Кеттеридж бен Маршалл (Fry, Ketteridge and Marshall (1999)) мәселенің мәнмәтіні туралы ой білдіріп, негізгі мезетті көрсететін кешенді мысалдар ретінде жағдайларды зерттеуді сипаттайды.

Ламнек (Lamnek (2005: 20)) жағдайды «... нақты мәліметтерді жинау әдістемелер мен әдістемелік парадигмалар арасында орналасқан зерттеу әдісі» ретінде жағдайды зерттеуді анықтайды.

Йин (Yin (2008: 23)) жағдайды зерттеуді құбылыс пен мәнмәтін арасындағы шекаралар нақты бақыланбайтын және оларда ақпарат көздерінің көпшілігі пайдаланылатын нақты мәнмәтіндегі қазіргі заманғы құбылысты зерттейтін эмпирикалық зерттеулермен қатар зерттеу стратегиясы ретінде анықтайды.

Кес-стади зерттеуі – мүмкіндігінше толық әрі нақты түрде жағдайды (кейсті) зерттеуді сипаттау мақсатында оқиғаларды бақылау, мәліметтерді жинақтау, ақпаратты талдау мен нәтижелерді хабарлау бойынша дәстүрлі жүйелік әдіс болып табылады. Бұл шынайы өмірлік мәнмәтінде құбылысты зерттейтін зерттеу стратегиясы болып табылады. Шектеулі айнымалылар санын зерттеу үшін ірі таңдалымдарды пайдалану мен қатаң хаттамаға сүйенудің орнына, кейс-стади әдістері бір жағдай немесе оқиғаның – кейстің терең ұзақ мерзімді зерттелуін қамтиды. Бұл әдіс зерттеуші ретінде сізге белгілі бір жағдайдың неліктен бұлай орын алғанын, қалай орын алғанын түсінуге және келешекте қандай жағдай қатаң зерттеуді талап етуі мүмкін екендігін анықтайды. Бұл зерттеу тәсілі сапалы болып табылады, өйткені әдетте бірнеше жағдай ғана зерттеледі, осылайша көп нұсқалы статистиканың қолданылуы шектеледі. Алайда мұндай жағдаяттық зерттеу бір немесе бірнеше жағдайларды зерттеуді және сандық деректерді зерттеуді, осылайша көптеген дәлелдемелер көздеріне иық тірей отырып, қамтуы мүмкін. Жағдаяттық зерттеуді сапалы зерттеумен шатастыруға болмайды, өйткені олар сандық және сапалық зерттеулердің қоспасына негізделген болуы мүмкін. Бұл кейс-стади әдісінің артықшылығы ретінде есептеледі, өйткені себеп-салдарлық байланыстарды айқындауға, сонымен бірге әсер ету механизмдері мен әсерлерін айқындауға мүмкіндік береді. Оны өз бетінше, сонымен қатар басқа әдістермен қатар да пайдалануға болады. Соңғы жылдары жағдаяттық талдау бірден-бір зерттеу тәсілі ретінде пайдаланылып жүр, дегенмен оны көп әдісті үшбұрыш бөлігі ретінде де ұсынады, онда бір байланыс айнымалы түрлі тәсілдермен зерттеліп жүр. Жағдаяттық зерттеудің икемділігі – оның бір немесе бірнеше жағдайларды талдауды қамти алуында болып отыр, ол сонымен

бірге көптеген ақпарат көздеріне және теориялық болжамдардың алдыңғы жасалуынан артықшылықтарға негізделеді.

Кейс-стадиге қысқаша шолу жасау

Кейс-стадиді жеке зерттеу әдісі ретінде пайдалану тек 20 ғасырдың басында ғана басталды. Сөздіктерде «кейс-стади» (case study) терминінің анықтамасы 1934 жылы, медицинада ауру тарихының концепциясын енгізгеннен кейін ғана шығып отыр, ерте кезеңдердегі мысалдар құқық пен медицина салаларында табылып отыр. Көптеген жылдар бойы түрлі салаларда пайдаланылғанына қарамастан, кейс-стади әдісі зерттеу жұмысының шыңында болған емес. 20 ғасырдың алғашқы жартысында кейс-стади әдісі кейде бүкіл ұйым немесе қауымдастықты көрсету үшін кейде қолданылған; құбылыстарды сипаттау үшін, мәселен, Валлианта (Vaillant (2002)) жағдаяттық зерттеулерінде психикалық денсаулық туралы қорытындылар, немесе жекелеген тұлғаларды сипаттау үшін, мәселен, Левинсонмен (Levinson (1978)) ересек ер кісілерді зерттеуде даму моделінің негіздемесі ретінде қолданылған. Сандық әдістерді қалау жағдаяттық зерттеудің құлауына әкелді. Алайда 1960 жылдары зерттеушілерді сандық әдістердің шектеулері көбірек алаңдатып отырды және нәтижесінде жағдаяттық зерттеуге деген қызығушылық қайта жаңғырды. Глазер мен Страусс (Glaser and Strauss (1967)) «негізделген теория» концепциясын жасап шығарды. Және бұл басқа да құрметті зерттеулермен қатар әдістеменің қайта оралуын жылдамдатты. Бұл үздіксіз, дегенмен біршама жиі беталыс 1980 жылдардың көп бөлігінде жалғаса бастады да, жақын уақытта кейс-стадидің танымалдығы мен жиілігі арта бастады.

Кейс-стадиді сынау

Жағдаяттық зерттеу әдісінің көптеген артықшылықтарына қарамастан, оны сынаушылар оған бірқатар күрделі мезеттерді жеткізді. Алайда, өздеріңіз көріп отырғандай, жағдаяттық зерттеуге қарсы бағытталған түрлі теріс пікірлер жиі асты-үстіне төңкеріліп, осы белгілі бір зерттеу әдісі үшін артықшылықтар мен қажеттілік ретінде есептелді. Одан бөлек, зерттеушілер осы әдістің шектелуін жоюға тырысты.

Жағдаяттық зерттеудің жарамдылығын шектеу үшін және атап айтқанда құрылымының жарамдылығының шектеулері үшін сынға алды, оның нәтижесінде зерттеушіде субъективті көзқарас қалыптасуы мүмкін. Йин (2008) осы мәселені шешудің үш түрлі нұсқасын ұсынды: көптеген ақпарат көздерін пайдалану; деректер тізбегін құру; және негізгі ақпарат берушілермен жағдаяттық зерттеу туралы шимай есепті қарап шығу. Ішкі жарамдылық мәселені тек каузалды (түсіндірушілік) жағдайларда ғана ұсынады. Бұл әдетте үлгілерді қиюластыру арқылы шешуге болатын жағдаяттық зерттеуге араласу мәселесі болып табылады. Сыртқы жарамдылық белгілі бір жағдайдың аясынан тыс нәтижелерді жалпылау мүмкіндігі туралы білімді білдіреді. Мұндай жағдаяттық зерттеу әдістемесін сынау оның бір реттік жағдайдан бағыныштылығын шектеу оны жалпылаудан тұрады. Кездейсоқ таңдау әдістерінен бөлек, жағдаяттық зерттеу жалпы ортақ жиынтықты білдірмейді, дегенмен оның орнын басуға да тырыспайды. Кейс-стади әдісінің сыншыларының айтуынша, біршама жағдайларды

зерттеу шынайылылық белгілеу немесе нәтижелердің жалпы сипатын орнату кезінде шектелген. Басқалардың пайымдауынша, жағдайды зерттеуден шеткі бағыныштылық нәтижелерге әсер етеді. Кейбіреулер жағдаяттық зерттеуден бас тартып жатады, өйткені оны тек барлау құралы ретінде ғана есептейді. Гидденс (Giddens (1984)) жағдаяттық әдістемені «микроскопиялық» ретінде есептейді, өйткені ол жағдайлардың «жеткілікті санына ие емес». Алайда егер зерттеуші шектен тыс жалпылаудан өзін әрі ұстаса, онда жағдаяттық зерттеу әдістемелік тұрғыда негізделген болып табылады, өйткені таңдап алынған жағдайларды барлық жалпы жиынтық үшін ұсынатындай деп санауға болмайды. Сондықтан, статистикалық талдау осы жиынтықты білдіретін таңдау негізіндегі жиынтыққа жалпыламаны қамтитын болса, жағдаяттық талдауда жалпылама осы теорияның бағыттарының өкілдері ретінде таңдалған жағдайларға негізделген. Кейс-стадиді қолдау ретінде Гармель (Hamel (1993)) мен Йин (2008) таңдаудың салыстырмалы өлшемі, ол екі, 10 немесе 100 жағдай болсын, көптеген жағдайларды макроскопиялық зерттеуге айналдырмайтынын нақтылап отыр. Зерттеудің мақсаты – параметрлерді белгілеу болып табылады, содан кейін барлық зерттеуге қатысты қолдану болып табылады. Осылайша, керек десеңіз жекелеген жағдайдың өзі егер ол қойылған мақсатқа сәйкес келетін болса қол жетімді ретінде есептеледі. Осы кейс-стади әдісін қолданған кейінгі зерттеуші басқа жағдайды зерттейтін болады, сондықтан басқаша қорытындыға келеді. Сонымен бірге эксперименталды және квази-эксперименталды зерттеулердегі субъектілер ерекшеленетін болады, яғни өзара байланыстар ерекшеленуі мүмкін. Кейс-стадидегі немесе эксперименталды зерттеудегі зерттеулердің қайталануы талдау бірліктерімен қамтамасыз етіледі, алайда осы зерттеудің негізінде жатқан теория да бар. Егер зерттеуші гипотетикалық өзара қарым-қатынастар үлгісін жасап, сынақтан өткізген болса, онда келешек зерттеуші дәл сол теориялардың негізінде жағдайды жай ғана таңдап, содан кейін үлгімен салыстыру арқылы теорияны сынақтан өткізе алады.

Кейс-стадиді жасау

Кейс-стадиге қатысты түрлі әдістемелік тәсілдер

Сіздің жағдаяттық талдау тәсіліңіз үш үлгінің біреуіне ие болуы мүмкін. Йин (2008) ұсынысына сәйкес, жағдайды зерттеу барлаушы, түсініктеме беруші немесе сипаттаушы болуы мүмкін.

Барлаушы кейс-стадиде алқаптық жұмыстар мен мәліеттерді жинау зерттеу мен болжамдар міндеттерін анықтағанға дейін жүзеге асуы мүмкін, дегенмен зерттеу аралықтары басында белгіленген болуы тиіс. Пилоттық жобалар соңғы хаттамаларды анықтауға көмек береді, ол өз кезегінде пилоттық зерттеу нәтижесінің негізінде сұрақтарды сызып тастап немесе қосуға мүмкіндік береді.

Түсініктеме беруші кейстер каузалдық зерттеулер үшін сәйкес келеді. Өте күрделі және көп нұсқалы кейстерде талдау салыстыру әдістерін үлгімен пайдалана алады. Йин мен Мур (Yin and Moore (1988)) себепті зерттеу үшін зерттеу жүргізді, оған сәйкес кейбір зерттеу нәтижелері тәжірибелік қолдануға ие болады. Олар талдау бірлігі ретінде қаржыланатын зерттеу жобасын пайдаланды, оның тақырыбы тұрақты болды, алайда

жоба ерекшеленген болатын. Пайдалану нәтижелері үш бәсекелес теориялардың негізінде түсіндірілген болатын: білім теориясы, міндеттерді шешу теориясы және әлеуметтік өзара әрекет ету теориясы.

Сипаттамалы кейстер жөнелту нүктесі ретінде сипаттамалы теорияны талап етеді. Пьеха (Pyecha (1988)) осы әдісті үлгімен салыстыру әдісін пайдалана отырып, арнайы білім беруді зерттеу үшін пайдаланған. Бірнеше жағдай зерттелген және әрбір жағдайдың қызметі туралы мәліметтер керемет теориялық үлгілермен салғастырылған. Мұндай зерттеу түрі себеп пен салдардың өзара байланысына болжамды қалыптастырады. Сондықтан сипаттамалы теория зерттелетін жағдайдың тереңдігі мен ауқымын қамтуы тиіс.

Кейс-стади түрлері

Кейс-стади құруға қатысты жалпы беталысты Дженсен мен Роджерс (Jensen and Rodgers (2001)), ұсынған болатын, олар зерттеулерді келесі тәсілмен топтастырды:

- Бір реттік кейс-стади (Snapshot case studies) – белгілі бір уақытта бір жағдайды жан-жақты шынайы зерттеу. Суббірліктердің үлгілерін салыстыру арқылы болжамды тексеруді қамтиды.
- Көпжылдық кейс-стади (Longitudinal case studies) – көп уақыт нүктелерінде бір жағдайды сандық және/немесе сапалық зерттеу.
- Дейінгі және кейінгі кейс-стади (Pre-post case studies) – сыни оқиғамен бөлінген екі уақыт нүктесінде бір жағдайды зерттеу. Сыни оқиға – бұл зерттелетін теория негізінде кейстерді бақылау үшін айтарлықтай әсер етуі тиіс оқиға болып табылады.
- Компилятивті (мозайкалық) кейс-стади (Patchwork case studies) – бір реттік, көп реттік жобаны немесе «дейінгі-және-кейінгі» жобаны қолдана отырып бір жағдайдың бірнеше кейс-стадиінен құралған топ. Бұл көп жобалы әдіс зерттеу мәнінің қарқыны туралы мейлінше толық пікір қалыптастыруы тиіс.
- Салыстырмалы кейс-стади (Comparative case studies) – жағдайларды қарама-қарсы салыстыру мақсатында көптеген жағдайлардың бірнеше кейс-стадиінен тұратын топ. Сапалық, сонымен бірге сандық салыстыру түрінде жүргізіледі.

Кейс-стади жүргізу: зерттеушіге арналған кеңестер

Жағдаяттық зерттеуді табысты ұйымдастырып, жүргізу үшін сіздерге келесі техникалар мен үдерістерге жүгіну қажет:

1 Зерттеу міндеттерін анықтап белгілеу.
2 Жағдайларды (кейстерді) тауып, мәліметтерді жинау мен талдау әдістерін анықтау.
3 Мәліметтерді жинауға дайындалу.
4 Алқаптық мәліметтер жинау.
5 Мәліметтерді бағалап, талдау.
6 Есеп дайындау.

Қадам 1. Зерттеу міндеттерін анықтап белгілеу

Жағдаяттық зерттеудің бірінші кезеңі – зерттеу міндетін анықтап алу, оған сіз зерттеуші ретінде күрделі құбылысты немесе нысанды зерттеу барысында сілтеме келтіруіңіз мүмкін. Сізде бір немесе бірнеше болжам болуы тиіс және зерттеліп отырған жағдай немесе мәселе туралы және зерттеу мақсатын анықтау туралы сұрақтарды қою есебінен зерттеу мәнін анықтау қажет. Кейс-стадидегі зерттеу нысаны ретінде бағдарлама, ұйым, тұлға немесе тұлғалар тобы болады. Әрбір нысан, мүмкіндігінше саяси, әлеуметтік, тарихи және жеке аспектілерге ие шиеленіскен байланыстарға ие болады, осы арқылы сұрақтар үшін кей мүмкіндіктер бере отырып және кейс-стадиге күрделілік енгізеді. Сізге кейс-стади нысанын түрлі мәліметтерді жинау әдістері арқылы зерттеп, кейсті түсіну мен зерттеу міндетін шешуге әкелетін деректерді алу қажет.

Қадам 2. Жағдайларды (кейстерді) таңдау мен мәліметтерді жинау мен талдау әдістерін анықтау

Жағдаяттық зерттеуді құрастыру үдерісінде сізге терең зерттеу үшін бір немесе бірнеше шынайы жағдайларды таңдау әдістерін пайдалануды және мәліметтерді жинақтаудың қандай құралдары мен әдістерін қолдану қажеттігін анықтап алған дұрыс. Бірнеше жағдайды пайдалану кезінде әрбір жағдай жеке қарастырылады. Әрбір жағдай бойынша қорытындыларды бүкіл зерттеу жұмысы үшін ақпарат ретінде пайдалануға болады, алайда әрбір жағдай бір реттік болып қалады. Иллюстративті кейс-стади мұқият түрде кейстерді таңдап алып, зерттеудің жарамдылығын арттыру үшін көптеген зерттеу құралдарының ішінен нұсқаларын сыни түрде зерттейді. Мұқият таңдау жағдай (кейс) айналасындағы шекараларды құруға да көмек береді.

Сізге ерекше кейстерді немесе типтік болып есептелетін кейстерді зерттеуді анықтап алу қажет және сонымен бірге сіз түрлі географиялық аймақтарды, түрлі өлшем параметрлерін немесе басқа да параметрлерді білдіретін кейстерді таңдап ала аласыз. Таңдау үдерісінің пайдалы кезеңі ретінде зерттеу мақсатын қанағаттандыратын және қойылған сұрақтарға жауап беретін кейстер мен дәлелдемелерді қайдан іздеуге болатынына назар аудару үшін зерттеу мақсатында тұрақты кірістіру болып табылады. Бірнеше немесе бір реттік жағдайды таңдау негізгі бөлшек болып табылады, алайда жаңдаяттық зерттеу құрылымдалған талдаудың бірден көп бөлшегін ғана қамти алады. Кейс-стади әдісінің негізгі артықшылығы бірнеше көздер мен мәліметтерді жинау әдістерін пайдалануды қамтиды. Сізге алдын-ала қойылған сұрақтарға жауап беру үшін қолдануда қандай дәлелдемелерді жинау және қандай талдау әдістерін пайдалану қажеттігін алдын-ала анықтап алған дұрыс. Жиналған мәліметтер әдетте сапалы болып келеді, алайда сонымен бірге сандық та болуы мүмкін. Мәліметтерді жинау құралдары сұрақтарды, сұхбаттарды, құжаттарға шолуды, бақылау мен физикалық деректер мен мұрағаттық жазбаларды да жинақтауды қамтуы мүмкін.

Құрастыру кезеңінде құрылымының жарамдылығын, ішкі және сыртқы жарамдылық пен шынайылықты қамтамасыз ету үшін, зерттеудің жақсы құрылымдалғанына көз жеткізіңіз. Құрылымның жарамдылығы сізден зерттелетін концепцияларға қатысты дұрыс шараларды қолдануды талап етеді. Ішкі жарамдылық көрсетіп отырғандай, (түсініктеме беруші немесе каузалды зерттеулер үшін әсіресе маңызды) белгілі бір шарттар басқа да

жағдайларға әкеп соқтырады және бір-бірімен байланысатын зерттеулер сызықтарын анықтау үшін көптеген дереккөзде ішінен көптеген деректерді қолдануды талап етеді. Сыртқы жарамдылық тікелей жағдай немесе жағдайлар ауқымынан тыс нәтижелерді жалпылау мүмкіндігін бейнелейді; орындар, адамдар мен үдерістердің нұсқалары қаншалықты көп болса, сыртқы жарамдылығы да соншалықты көп болатыны бірдей нәтиже бере отырып кейс-стадиге төтеп бере алатынымен анықталады. Шынайылық тұрақтылыққа, дәлдікке және өлшемдік нақтылығына қатысты болады. Егер сіздің жағдаяттық зерттеу жобаңыз сенімді болатын болса, онда пайдаланылған үдерістер жақсы құжатталған және дәл сондай нәтижелермен қайталанған болуы мүмкін.

Қадам 3. Мәліметтерді жинауға дайындалу

Жағдаяттық зеттеу көптеген дереккөздерден көп мөлшердегі мәліметтерді жинауды қарастыратын болғандықтан, сізге мәліметтер ағыны үрей тудырмас үшін және бастапқы мақсат пен зерттеу мәнін назардан жіберіп қоймас үшін мәліметтерді жүйелі түрде ұйымдастыру маңызды болып табылады. Алдын-ала дайындалу көп мөлшердегі мәліметтерді құжаттандырып, жүйеге келтіруге көмек береді. Зерттеушілер санаттау, сұрыптау, сақтау мен талдау үшін мәліметтерді іздеу үшін мәліметтер базасын құрайды.

Иллюстративті кейс-стади зерттеушілер үшін жақсы оқыту бағдарламаларын дайындайды, алқаптық жұмыс басталғанға дейін нақты хаттамалар мен үдерістерді белгілеп алады және айқын кедергілер мен мәселелерді жою үшін алқаптық жұмысқа ауыспас бұрын пилоттық зерттеулер жүргізеді. Сізге тиімді сұрақтар қою, жақсы тыңдаушы болу қажет – сұхбат барысында нақты тұжырымдамаларды мұқият тыңдау, жауаптарды толық көлемде талдау үшін қабілетті болу қажет. Сізге деректерді іздеуде құжаттарға шолу жасау, алайда қатарлар арасын оқып, мүмкін болатын кездерде басқа жерлерден бірлестік дәлелдемелерін іздеу қажет. Сізге зерттеу мақсаты мен міндетін түсініп алу және қарама-қайшы келетін нәтижелерге ашық болу, сонымен қатар жағдаяттық зерттеуді әкелуге сенімсіз немесе одан қорқуы мүмкін шынайы адамдар әлеміне шығатыныңызды түсіну қажет.

Қадам 4. Алқаптық мәліметтер жинау

Сізге қиылысатын тергеу сызықтары мен үлгілерін анықтау үшін көрсетуге және топтастыруға болатын форматтарда түрлі дәлелдемелер көздерін жүйелі түрде жинау қажет. Сізге мұқият түрде жағдаяттық зерттеу нысанын бақылап, бақыланатын құбылыспен байланысты каузалды факторларды анықтау қажет. Зерттеу нысандарымен келісімдерді келісу немесе сұхбатқа сұрақтарды қосу зерттеу барысында талап етілуі мүмкін. Жағдаяттық зерттеу икемді, алайда енгізілетін өзгерістер жүйелі құжаттандыруды талап етеді.

Тиімді кейс-стадиді алқаптық жазбалар мен мәліметтер базасын әрі қарай қайта түсіндіру үшін дайын болуы үшін мәліметтерді санаттау мен оларды қолдану үшін пайдаланады. Алқаптық ескертпелер сезіну мен ішкі түйсікті бекітеді және сұрақтар қояды және жұмыс барысын құжаттандырады. Олар кейінгі есептерде пайдалануға болатын түсініктемелерді, тарих пен иллюстрацияларды бекітіп отырады. Олар клиентке ерекше назар аудару түріндегі мүмкін сыңаржақтық туралы хабарлай немесе үлгінің

туылуының ерте белгісі бола алады. Олар жасалған бақылаулар негізінде сауалнаманы қайта тұжырымдау немесе қайта құрастыру қажеттігін анықтауға көмек береді. Алқаптық ескертпелерді талдау үшін жиналып сақталған мәліметтерден жеке сақтау қажет. Аспект пен дәлелдеме арасындағы сақтау міндетті болып табылады. Сіз мәліметтер базасына кейбір мәліметтерді енгізе және басқа да мәліметтерді физикалық түрде сақтай аласыз, алайда жұмыс барысында сұрыптау мен зерттеу үшін оларды тез табу үшін барлық дәлелдемелерді қарама-қайшы сілтемелермен жабдықтай аласыз.

Қадам 5. Мәліметтерді бағалап талдау

Бастапқы зерттеу міндеттемесіне сілтеме жасай отырып, зерттеу нысаны мен сіздің нәтижелеріңіздің арасындағы байланысты табу үшін көптеген түсініктемелер арқылы бастапқы мәліметтерді зерттей аласыз. Бағалау мен талдау барысында жаңа мүмкіндіктер мен пікірлер үшін ашық болуыңыз тиіс. Кейс-стади әдісі, түрлі мәліметтерді жинау мен талдау әдістерін пайдалана отырып зерттеушілерге нәтижелер мен қорытындыларды растау үшін мәліметтер үшбұрышына мүмкіндік береді.

Жақсы жағдаяттық зерттеу жаңа түсінік қалыптастыру үшін түрлі тәсілдермен мәліметтерді сұрыптайды және талдауды теріске шығару үшін қарама-қарсы мәліметтерді қасақана түрде іздейді. Сізге бастапқы болжамдар немесе зерттеу мақсатына жүгіну үшін мәліметтерді санаттау, табуляциялау мен жинақтау және жауаптардағы қарама-қайшы деректер мен айырмашылықтарды тексеру керек. Қосымша мәліметтерді жинау үшін мақсатқа бағытталған, қысқа әрі жиі сұхбаттар, негізгі бақылаулар немесе деректі тексеру талап етілуі мүмкін.

Нақты әдістер ақпаратты жинақтарға орналастыруды, санаттардан матрицалар түзуді, блок-сызбалар немесе басқа да иллюстрацияларды құру және оқиғалар жиілігін табуляциялауды қамтуы мүмкін. Сізге өзара қарым-қатынастар негізінде жатқан негіздеме немесе теорияны түсіну үшін мейлінше пайдалы болатын сапалы мәліметтерді растау мен қолдау үшін жиналған сандық мәліметтерді пайдалану қажет. Басқа әдіс – түрлі пікірлерді негізге ала отырып мәліметтер мен үлгілерді зерттеу түрінде артықшылықты алу үшін бірнеше зерттеушілерді пайдалану болып табылады. Көптеген бақылауларды қабылдау нәтижелердегі сенімділікті арттырады.

Үлгімен салыстыру эмпирикалық үлгіні есептікпен салыстырады. Ішкі жарамдылық үлгілер сәйкес келген кезде артады. Егер кейс-стади түсініктеме беруші болса, онда үлгілер тәуелді немесе тәуелсіз айнымалылармен байланысты болуы мүмкін. Егер бұл сипаттамалы зерттеу болатын болса, онда есептік үлгіні мәліметтерді жинау басталғанға дейін анықтау қажет. Йин (2008) тәуелсіз айнымалылар болған кезде үлгілерді салыстыру үшін бәсекелес түсіндірмелерді пайдалануды ұсынып отыр. Бұл бәсекелес теориялық болжамдарды түзуді талап етеді, алайда жалпы мәселе ретінде есептікпен үлгінің ұқсастық деңгейі болып қала береді.

Қадам 6. Есепті дайындау

Жақсы жағдаяттық зерттеу күрделі мәселені жеңіл түсінетін ұғымға айналдыру үшін оқырманға зерттеу мәнін үйренуге және зерттеушіге байланысты емес пікірді алу

үшін мәліметтерді хабарлайды. Жағдаяттық зерттеу мәліметтерді жалпы қол жетімді тәсілдермен ұсынады және оқырманға өзінің шынайы өмірлік жағдайын қолдануға мүмкіндік береді. Барлық бағыттарды зерттеуде оқырманның бойында сенімділік тудыру үшін, жағдайдың шекараларын нақты белгілей отырып және қарама-қайшы келетін болжамдарға ерекше назар аудара отырып жеткілікті дәлелдемелерді ұсынуға ерекше назар аударған жөн.

Есепті жасау әдістері жекелеген тарау немесе хронологиялық мазмұндау түрінде әрбір кейсті ұсынуды қамтуы мүмкін. Немесе әңгіме түрінде жағдаяттық зерттеудің нәтижелерін де байланыстыруға болады. Есепті дайындау барысында есепті жетілдіру тәсілдерін қадағалай отырып құжатты сыни жолмен меңгерген дұрыс, сәйкесінше есепті қайта жазып, түзеткен дұрыс.

Кейс-стадиді білім беру саласында қолдану

Жағдаяттық зерттеу танымалдыққа ие болған салалардың бірі білім беру саласы болып табылады, аналитикалық ойлауды, дағды мен білімді дамыту үшін бағалау оқыту үшін маңызды болады (Stake, 1995). Оқыту мен оқу мәнерлері өз табиғаты бойынша өзгеріп отырады және соңғы жылдары дәрістік оқыту әдісінен оқушыға бағытталған тәсілдерге көбірек назар аударып ауысу басымдыққа ие болып отыр. Оқушылар оқу үдерісіне белсенді түрде қатыстырылған кезде олар тиімдірек оқиды және кейстер әдісі осындай белсенді оқыту стратегияларын жүзеге асыру тәсілдерінің бірі болады. Осындай оқушыға деген бағыт әдетте қолданбалы ортадағы теориялық концепцияларды көрсететін тақырыптарға негізделеді. Жағдаяттық зерттеудің осы анықтамасы көптеген оқыту түрлерін қамтиды – қысқа жеке кейстерден бастап мейлінше ұзақ мерзімді топтық сабақтарға дейін.

Білім беру саласында жағдаяттық зерттеудің жүзеге асуын көрсету үшін төменде осы әдістемені қамтитын зерттеулердің біршама мысалдары келтірілген.

Мысал 1

Қоршаған орта химиясын оқытуда концептуалды және уәждемелік мән үшін анимация мен үлгілеуге ерекше назар аудара отырып визуалды оқыту мен оқу әдістерін сыни бағалау (зерттеу жұмысы педагогика саласындағы магистр дәрежесін алу үшін жүргізілген)

Зерттеу анимация мен үлгілеуді олардың концептуалды және уәждемелік мәні үшін қоршаған орта химиясын оқытуда пайдалану мен тиімділігіне арналған.

Анимация оқушылардың оқуына қалай көмек көрсететінін және жаратылыстану саласында уәждемені қалай жетілдіретінін зерттеу үшін, зерттеуге екі жыныстағы дарынды тоғызыншы сынып оқушыларынан құралған топ жинақталып алынған. Флэш-анимация қышқылды жаңбырдың түзілу ұстанымын оқыту үшін пайдаланылған және старт-стопты анимация ғаламдық жылыну ұстанымын оқыту үшін пайдаланылған. Материалды меңгеру мен уәждеме үшін анимацияны пайдалану пайдасы туралы оқушылардың пікірі сабақтар барысында оқушылармен жеке әңгімелер кезінде алынған болатын. Оқушылар өздерінің сүйікті пәндері мен жаратылыстану туралы пікіріне арналған сауалнаманы да толтырды.

Одан бөлек, оқушылардан анимация туралы не ойлайтынын сабақтар барысында сұраған болатын. Анимация оқушылардың жаратылыстану пәні бойынша нәтижелерін жетілдіретініне қандай да бір өлшемді нұсқаулар болмағанның өзінде, оқушылардың көпшілігінің хабарлауынша, анимациялар оларға қарқынды концепцияларды түсініп, есте сақтауға көмек берді. Сондықтан ғылыми концепцияларды түсінуге көмек беретін мүмкін құрал ретінде қолдануды ұсынбайды.

Мысал 2

Дарынды және таланттылар: мектептердегі саясат пен оларды жүзеге асыру (зерттеу жұмысы педагогика саласындағы магистр дәрежесін алу үшін жүргізілген)

Зерттеу жұмысы жалпымектептік деңгейде және жоғарғы көрсеткіштерге екі бірдей аралас жалпы білім беретін мектептердегі бөлімшелер деңгейінде дарынды және талантты (ДжТ) оқушылар туралы ережелерге арналған. Мәліметтер мектептер тарапынан ұсынылған ДжТ құжаттамасы арқылы, сабақтарды бақылау мен ДжТ үйлестірушілерімен сұхбат, жаратылыстану мұғалімдері мен ДжТ оқушылармен сұхбат барысында жинақталған. Мектептегі құжаттамамен (саясат, ата-аналарға арналған кеңестер және т.б.) қатар GATCO сұхбат жүргізу мектептің ДжТ ұлттық бастамасын қалай түсіндіріп жүзеге асырғанын анықтау үшін пайдаланылған болатын. Осы жобаға жинақталған мәліметтердің көрсетуінше, біздің мектептерімізде ДжТ оқушылардың уәждемесі мен қызығушылығын қолдау үшін біз мұндай оқушылар үшін әр сабақта жұмысты түрлендіруіміз, не оларды қосымша жұмыспен тым жүктемеуіміз қажет. Керісінше, мектеп өмірінің кейбір салаларында оларды ынталандыра отырып (бағдарлама бойынша қосымша сабақтар, спорт, мектепішілік міндеттемелер немесе қосымша жоспардан тыс сабақтар болсын), ДжТ оқушылар қосымша жүктеме мен табыс арасындағы сау теңгерімді сақтай алады.

Мысал 3

Жаратылыстану сабақтарында 7 сынып оқушыларының оқуы мен ынталануына топтық жұмыстың әсері қандай? (зерттеу жұмысы педагогика саласындағы магистр дәрежесін алу үшін жүргізілген)

Бұл зерттеу жұмысы топтық жұмыстың тиімділігіне сұраныстың өсуінің нәтижесінде жүргізілген, академиялық көзқарасты негізге алатын болсақ – «Beyond 2000» есебінде көрсеткендей, «жастар ғылым саласындағы әлеуметтік үдерістер туралы белгілі бір пікірге ие болуы тиіс» (Millar and Osborne, 1998: 20) – ұлттық пікірді негізге алатын болсақ – бекітіліп отырғандай, мектептер «… оқушылардың топқа біріктірудің мейлінше икемді және табысты әдістерді пайдалануы…» (DfEE, 1997: 39) тиіс. 7 сыныпта күштерге арналған бірқатар сабақтар жүргізілген және әрбір сабақ топтық тапсырманы қамтыған. Топтық тапсырмаға дейін және одан кейін уәждемені бағалау үшін уәждеме бойынша сұрақтар берілген болатын. Оқушылардың оқуын бағалау үшін олардың тестілерінің теңдестірілген нәтижелері жасушалар бойынша бұрынғы тестілермен салыстырылған,

олардың тақырыптары топтық жұмыссыз оқытылған. Оқыту кезеңі барысында апта сайын топтық жұмыс туралы олардың пікірін бағалау үшін кішкене оқушылар тобымен талқылаулар жүргізілген. Оқушылар басында жұмыс туралы оң пікірлер білдіргені және жалпы алғанда оқуға деген оң әсер байқалғаны анықталған. Уақыт өте келе әлеуметтік факторлар тиімді топтық жұмысқа әсер ете бастады және үдеріс бәсеңдеп отыр. Уәждеме мәнерлері бірқатар сабақтар нәтижесінде өзгерген, полярлық жауаптар алынған. Топтық жұмыс ұсынылып отыр, алайда ынтымақтастықтан пайда болуы үшін оқушылардың әлеуметтік дағдыларын мұқият жоспарлау мен дайындауға ерекше назар аудару ұсынылып отыр.

Мысал 4

«Оқушыларды бастауыш мектептен орта мектепке ауыстыру: Негізгі пән – дене шынықтыруды жағдаяттық зерттеу», авторлар: Сьюзан Кейпл, Пола Звоздяк-Майерс және Джулия Лоуренс, педагогика бойынша зерттеу (2007)

Бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелері (напр., Galton et al., 1999; Schagen and Kerr, 1999) ұсынып отырғандай, мұрагерлік пен үдемелілік Англиядағы ұлттық оқу бағдарламасының құжаттарында қамтамасыз етілгенімен, олар бастауыш мектептен орта мектепке ауысу кезінде мектептермен қамтамасыз етілмейді. Бес жергілікті білім беру мекемелеріндегі дене шынықтыру бойынша 14 кафедра меңгерушісі (10 ер кісі мен 4 әйел) зерттеуге тартылған. Бұл 14 кафедра меңгерушісі осы зерттеу жұмысының ерте кезеңінде дене шынықтыруға қатысты бастауыш сыныптан орта мектепке ауыстыруды қолдау үшін бірқатар шараларға қатысты. Сұхбаттар жартылай құрылымдалған болып, 40 минуттан 1 сағатқа дейін жалғасқан. Әдістің реттілігін қамтамасыз ету үшін, бір зерттеуші барлық кафедра меңгерушісімен сұхбат жүргізген. Бұл сұхбат алушы Англияның орта мектептерінде дене шынықтыру сабағын берген. Сұхбат оқушыларды дене шынықтыру саласы бойынша бастауыш сыныптан орта мектепке ауыстыру маңызы туралы сұрақтарды; дене шынықтыру саласы бойынша оқушыларды бастауыш сыныптан орта мектепке ауыстыруды қолдау үшін қолға алынған іс-шараларды және ауыстыруды қолдау мен осы қолдауды дамыту мен сақтау бойынша әлеуетті тәсілдерді шектейтін факторларды қамтиды. Келесі сұрақтар әрбір кафедра меңгерушісінен алынған жауаптарды есепке ала отырып қойылған болатын. Сұхбат аудиотаспаларға жазылған, содан кейін жазылып алынған болатын. Жазылымдарды толықтай екі адам оқып шықты, ал жауаптарын кодтап қойған болатын. Осы аз ауқымды сапалық зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, осы 14 кафедра меңгерушісінің пайымдауынша, бастауыш сыныптан орта мектепке ауыстыру дене шынықтыру саласында маңызды болады. Алайда нәтижелер көрсетіп отырғандай, бұл жағдай тәжірибеде ретпен жүзеге асырылмайды. Мұны осы кафедра меңгерушілерінің көпшілігі айтып отыр. Олардың хабарлауынша, кафедра саясаты түрінде олар өз тәжірибесін рәсімдеп сипаттамаған. Керісінше, аударма – олар жасауға талпыныс жасаған нәрсе, алайда ол жеткілікті дәрежеде бейресми болып табылады.

Мысал 5

«Кеңес беруші оқушылардан «зерттеуші оқушыларға» дейін: кейс-стади сипаттау», авторлары: Пэт Томсон мен Хелен Гюнтер, British Educational Research Journal (2006)

Англиядағы мектептер оқыту мен оқу сұрақтары бойынша оқыту мен кеңес беру бағдарламасын «тұлғаландыруды» қолдап отыр. Бұл мақалада оқушылармен қалағанынша таңдалатын пәндердің санын арттыру үшін, орта сыныптарда ықпалдастырылған оқу бағдарламасын ендіру мен инклюзивті және шынайы жалпы білім беруді сақтай отырып оқыту мен оқуды жетілдіру үшін көп күш жұмсаған бір орта мектепті бағалау туралы есеп ұсынылып отыр. Авторлар жалпымектептік оқушылар арасында жүргізілген сауалнамада «оқушы үні» бағалау санатын жасау бойынша кеңес беруші оқушылар тобымен бірге жұмыс жасады. Олар сонымен бірге мұғалімдермен, оқушылармен және директорлармен сабақтарды және жиналыстарды бақылай отырып сұхбаттар жүргізді және оқушылар ойларының диаграммасын түзді. Зерттеу көрсетіп отырғандай, оқушылардың зерттеушілік тобымен бірлесе отырып жұмыс жүргізу үшін авторлармен қолданылған үдерістердің маңыздылығын және олардың кеңес беруші оқушылардан зерттеуші оқушыларға айналып отырғанын анықтап отыр және әлеуетті түрде мейлінше ауыстырушы тәжірибе болып табылады. Сонымен бірге ретсіз және бірыңғай емес ретінде «оқушының пікірін» қабылдау сұрағы қойылып отыр.

Мысал 6

«Үйдегі ғылыми жоба жаратылыстану сабақтарында оқуды бағалау құралы бола ала ма?», авторлары: Луиз Ньюби мен Марк Уинтерботтом, Educational Review, (2011)

Көптеген ағылшын мектептері үй тапсырмалары саясатына ие болады. Олар бір аптада әрбір оқушы үшін қанша үй тапсырмасын беруге болатынын, ол мәнмен орындалуы мүмкіндігін анықтайды. Зерттеу ұсынып отырғандай, Оқу үшін бағалау (AfL) оқушылардың оқуын қолдаушы ретінде, алайда мұғалімдер өз тәжірибесіне AfL әдістерін енгізуді қиын көріп отыр. Бұл зерттеу бірнеше апта ішінде орындалатын үйдегі ғылыми жобаны зерттейді, жоғарғы мектептің 13-18 жастағы оқушылары арасында AfL әдістерін ықпалдастыру арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Үй тапсырмасын орындамас бұрын оқушыларға талаптар хабарланып, бағалау критерийлеріне сәйкес құрдастарымен жұмысты өз бетінше және топтық бағалау мүмкіндігі берілген. Олардың жұмысы оқушылардың өз жұмысын бағалау жауабына өзгерткенін зерттеу үшін бағаланған. Оқушылар сонымен бірге назардағы топпен сұхбат алу үшін негіздеме болған қысқаша сауалнаманы да толтырды. Нәтижелердің пайымдауынша, үйдегі ғылыми жоба AfL әдістерімен қатар оқушылардың оқуына әсер ете алады және мұндай жоба AfL жүзеге асыруға септігін тигізе алады.

14.1 тапсырма

1 Осы тарауда сипатталған жағдаяттық зерттеу түрлері бойынша әрбір жоғарыда сипатталған зерттеуді санаттау және зерттеу жүргізу тәсілдеріне қарай әрбір жобаны мұқият зерттеп отыру.
2 Өзіңізге қызығушылық тудыруы мүмкін тақырып пен ол үшін ең оңтайлы кейс-стадиді пайдалана отырып өз жағдаяттық зерттеуіңізді құру.

Негізгі ойлар

Кейс-стади – бұл сұрақтарды зерттеудің дәстүрлі тәсілі болып табылады және оның мақсаты – мүмкіндігінше толық әрі нақты түрде зерттелетін жағдайды сипаттап беру болып табылады. Зерттеушілер кейс-стади әдісін көптеген жыл қатарынан бірқатар пәндерде пайдаланып келген.

Үлкен таңдалымдар мен айнымалылар санының шектеулі зерттелуінің қатаң хаттамаларының орнына кейс әдістері бір дана немесе оқиғаны – кейсті терең әрі ұзақ мерзімді зерттеуді қамтиды. Сондықтан жағдаяттық зерттеу оқиғалар немесе шарттардың шектеулі санын жан-жақты мәнмәтіндік талдауға және олардың өзара байланыстарына назар аударады.

Жағдаяттық зерттеу бізге күрделі сұрақ немесе нысанды түсінуге көмек береді және біздің тәжірибемізді кеңейте немесе өткендегі зерттеу нәтижелері бойынша бізге танымал жайтты растауға мүмкіндік береді. Ол барлаушы, түсіндіруші немесе сипаттамашы болуы мүмкін. Жағдаяттық зерттеудің стандартты хаттамасы: зерттеу міндеттерін анықтау, жағдайларды таңдау мен мәліметтерді жинау мен талдау әдістерін анықтау, мәліметтерді жинауға дайындау, алқаптық мәліметтерді жинау, мәліметтерді бағалау мен талдау және есепті дайындау.

Жағдаяттық зерттеу әдістемесін сынаудың негізінде оның бір реттік жағдайға бағынуштылығы оның жалпылығын шектейтін болып отыр. Ерікті таңдауды сұраудың орнына, жағдаяттық зерттеу жалпы жиынтықты білдірмейді, дегенмен оған үміттенбейді.

Жағдаяттық зерттеулер білім беру саласында жиі қолданылады. Атап айтқанда, білім беру білім беру бағамы үшін кейстер әдістерін пайдаланады және аналитикалық ойлау, дағдылар мен білімдерді оқыту мен дамыту мақсатында қолданады.

Рефлексияға арналған сұрақтар

1 Жағдай шекарасын қалай анықтадыңыз?
2 Кейс-стади әдісінің артықшылықтары қандай?

Қосымша оқу үшін

Eisenhardt, K.M. (1989) 'Building theories from case study research', The Academy of Management Review, 14: 532–50.
Flyvbjerg, B. (2006) 'Five misunderstandings about case study research', Qualitative Inquiry, 12: 219–45.
Ragin, C.C. and Becker, H.S. (1992) What is a Case? Exploring the Foundations of Social Inquiry. Cambridge: Cambridge University Press.
Scherff, L. (2008) 'Disavowed: The stories of two novice teachers', Teaching and Teacher Education, 24: 1317–32.
Scholz, R.W. and Tietje, O. (2002) Embedded case study methods: Integrating Quantitative and Qualitative Knowledge. Thousand Oaks, CA: Sage.
Singleton, R.A. and Straits, B.C. (2004) Approaches to Social Research (3rd edn). Oxford: Oxford University Press.

AN INTRODUCTION TO EDUCATIONAL RESEARCH METHODS.

Введение в образовательные исследовательские методы

Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе

Dr ELAINE WILSON & PROFESSOR AIZHANA ABIBULAYEVA